The article analyzes domestic and foreign literature on the quality and effectiveness of periodic medical examinations of employees.

Keywords: periodic medical examinations, general and occupational diseases, chrysotile-asbestos, mining industry.

ЗНАЧЕНИЕ ПЕРИОДИЧЕСКОГО МЕДИЦИНСКОГО ОСМОТРА В ПРОФИЛАКТИКЕ ЗАБОЛЕВАНИЙ У РАБОТНИКОВ ГОРНО-ДОБЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

С.А. Ибраев, Ж.Ж. Жарылқасын, А.М. Жарылқасынова

НАО «Медицинский университет Караганды», Караганда, Казахстан

В нашей стране сохраняется несоответствие рабочих мест санитарно-гигиеническим нормативам, способствующим развитию профессиональных заболеваний в горных производствах. Одной из превентивных мер по профилактике общих и профессиональных заболеваний работников горнодобывающей промышленности являются обязательные периодические медицинские осмотры.

В статье проведен анализ отечественной и зарубежной литературы о качестве и эффективности проведения периодических медицинских осмотров работников горнодобывающей промышленности.

Ключевые слова: периодические медицинские осмотры, общие и профессиональные заболевания, хризотил-асбест, горно-добывающая промышленность.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының мақсатында «Мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз ету» қарастырылған.

Жұмысшы қауымның денсаулығы қоғамның әл-ауқаты мен тұрақтылығының стратегиялық әлеуеті болып табылады, себебі Қазақстан Республикасында көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарда кәсіби аурулардың дамуына себеп болатын, жұмыс орындарының санитарлық-гигиеналық нормативтерге сай келмеуі әлі де сақталады [1].

Соңғы уақыттарда Қазақстанда зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтындар саны өсуде. Статистика комитетінің мәліметтері бойынша санитарлық-

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

гигиеналық талаптарға (нормаларға) сай емес еңбек жағдайында 368,8 мың адам, олардың үлесі жалпы еңбек етушілер санының 22,0%-ын құрайды. Олардың ішінде шу мен дірілдің жоғары деңгейінде еңбек ететіндер саны 158,7 мың адам (43,0%), шектеліп-рұқсат етілген концентрациядан жоғары газдалған және шаңданған жұмыс аймағында - 125,1 мың адам (33,9%) және жағымсыз температура әсерінде - 60,8 мың адам (16,5%) жұмыс жасайды [2].

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік модернизациясы: жаппай еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында «Бүгінгі күнде өндірістегі еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қамтамасыз етуді күшейту қажет... Өйткені жазатайым оқиғалар, қауіпсіздікті бұзу, тәртіптің болмауы салдарынан еңбекке қабілетті жастағы адамдар зардап шегуде... сондықтан мұнда тәртіп орнату қажет», – деп ерекше атап көрсеткен [3].

Тау-кен өнеркәсібі жұмыскерлерінің еңбек қызметінің ерекшелігі шу, діріл, жоғары шаңдану, қолайсыз микроклиматтық жағдайлар сияқты кәсіби факторлардың әсерімен байланысты. Олар ауру тудыруға қабілетті, еңбекке жарамсыздыққа, мүгедектікке әкеледі, ал бірқатар жағдайларда тікелей өміріне қауіп те төндіреді. Соның ішінде хризотил-асбест өндірісінде ерекше жағдайларымен байланысты қолайсыз өндірістік факторлар кешенінің әсері әртүрлі генездегі кәсіптік аурулардың дамуын тудыруы мүмкін [4].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) сарапшыларының пікірінше, "жұмыс пен денсаулық, жұмыс пен аурулар өзара байланысты. Кәсіптік аурулар денсаулық пен жұмыстың өзара байланысы спектрінің бір полюсінде болады... Еңбек жағдайлары, оның сипатты ерекшеліктері басқа қауіп факторларымен қатар гипертензия, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, созылмалы спецификалық емес респираторлық аурулар, асқазан мен ұлтабардың ойық жара аурулары сияқты күрделі көп факторлы этиологиясы бар аурулардың дамуына ықпал етуі мүмкін; кең таралған кезде оларды жұмыспен байланысты деп қарастыруға болады» [5].

Тау-кен жұмыскерлерінде кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жүйесі жұмыс орындарындағы өндірістік ортаның қолайсыз факторларын гигиеналық нормативтерге дейін азайтуға бағытталған технологиялық және ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық, емдеу-алдын алу және әлеуметтік шараларды қамтуы тиіс [6].

Зиянды еңбек жағдайлары жұмыскерлердің денсаулығына едәуір нұқсан келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар еңбекке қабілетті жастағы адамдардың жалпы сырқаттанушылық, мүгедектік дейгейлерін және өлім көрсеткіштерін де жоғарылатады. Профилактикалық шаралар халықтың денсаулығын сақтауға және жақсартуға, және де денсаулық сақтау саласының қаражаттық және материалдық ресурстарын үнемдеуге ықпал етеді, соның бірі кезеңдік медициналық тексерулер болып табылады [7].

Халықаралық еңбек бюросының мәліметтеріне сүйенсек, жыл сайын әлемде 160 млн-нан астам кәсіби аурулар және өндірісте 270 млн-ға жуық жазатайым оқиғалар тіркеледі екен. Соның нәтижесінде жыл сайын әлемде шамамен 2 млн адам өледі. Қазақстан да өндірісте туындайтын жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың пайда болуының жалпы әлемдік заңдылықтарынан ерекшеленбейді [8]. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша соңғы жеті жылда өндірісте жыл сайын 3 мыңнан астам жазатайым оқиғалар орын алып, 300-ден астам адам қайтыс болады... Республика бойынша еңбек қызметі процесінде жазатайым оқиға нәтижесінде тіркелген барлық зардап шеккендердің 30-дан 50% - ға дейіні тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесіне келеді [9].

Қазіргі уақытта елімізде жұмыскерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған жалғыз привентивті шара – кезеңдік медициналық тексерулер болып табылады. Жұмыскерлердің денсаулық жағдайларының бұзылыстарын ерте анықтап, оларды диспансерлеу және қатерлі топ жұмыскерлерін мерзімінде емдеу, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмысын жалғастыруға болмайтын кәсіби аурулардың бастапқы белгілерін мерзімінде анықтау, жазатайым жағдайлардың алдын алу кезеңдік медициналық тексерулердің басты мақсаты болып табылады [10,11].

Жұмыскерлер ауруларының профилактикасы – приоритеттік міндет. Кәсіптік аурулардың алдын алудағы және жалпы сырқаттануларды ескертудегі жұмысқа тұрар алдындағы алдын ала

медициналық тексерулердің және кезеңдік медициналық тексерулердің маңызы зор [12]. Олар міндетті болып саналады және жұмыс берушілердің есебінен жүргізіледі [13].

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) №162 Конвенциясына сай (6-бап) жұмыс беруші еңбек ететіндерге кәсіпорындарда зиянды факторлардың алдына алу және бақылау, оның ішінде, хризотил-асбестпен жұмыс жасау кезінде туындайтын зиянды факторлардан қорғау бойынша іс-шараларының жүргізілуіне жауапкершілікпен қарауы тиіс [14].

Ресей авторларының тереңдетілген медициналық тексерулерінің нәтижелері бойынша тау-кен байыту комбинатының жұмыскерлерінің 15–21% ғана сау деп танылды, созылмалы аурулары бар адамдар 79-85%, яғни іс жүзінде әрбір жұмыскердің денсаулық жағдайында ауытқулары бар. Сонымен қатар емдеу-сауықтыру және оналту іс-шараларын қажет етеді [15]. Ал органдар мен жүйелердің ауруларын салыстыратын болсақ, сырқаттанушылық құрылымында бірінші орында тірек-қимыл аппаратының аурулары тұр (28,9 %). Одан кейінгі орындарды тыныс алу жүйесінің (13—15 %), қан айналым жүйесінің (13—14 %), құлақ-мұрын (10 %), жүйке жүйесінің (9-10 %), ас қорыту органдарының аурулары (9—10 %) алады. Кен байыту комбинатының жұмыскерлері арасында вертеброгендік аурулардың таралуының жоғары деңгейі анықталды. Вертеброгендік патологиялардың дамуына өндірістік жағдайлармен қоса әлеуметтік-гигиеналық факторлар да әсер етеді [16].

Жалпы денсаулық жағдайын тексерудің тиімсіздігі туралы пікірлерге қарамастан, Жапонияда, бірқатар басқа елдердегідей, жұмыс берушілер үшін өз қызметкерлеріне міндетті түрде медициналық тексеру жүргізу туралы талап бар. Осындай тексеру жүргізу кезінде санитарлық ағарту және насихаттауды қамтитын түрлі іс-шаралар өткізу ұсынылады. Негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін ең қажетті болып әрбір қызметкер бойынша құжаттама жүргізген жөн деп саналады. Бұндай бағдарламалардың тиімділігін бағалау үшін ұзақ уақыт және міндетті түрде кері байланыс қажет болады, өйткені кейбір қызметкерлер қандай да бір аурудың фактісін жасырады немесе керісінше, өзіне ауруды қосып айтады [17].

Заң бойынша барлық жұмыскерлер медициналық тексеруден өтеді. Олардың жасына, жынысына және қызмет түріне қарамастан бірдей құралдар қолданылады. Жұмыс берушілердің КМТ өткізуге қатысты заңды міндеттемелері бар (мысалы, жұмысшыларға қамқорлық жасау, тиісті еңбек жағдайларын жасау және қолдау, физиологиялық және психологиялық күзіреттілік) [18,19].

Өндіріс индустриясы – Қазақстанның әл-ауқатының негізі болып саналады. Сондықтан еңбек ететін тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселесі бірінші орында тұрады.

Жылдан жылға зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерді алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулердің тиімділігі мен нәтижелілігіне әсер ететін кемшіліктер анықталу үстінде. Оларға медициналық комиссияның құрамында профпатологтардың және салалық мамандардың болмауы, профпатологиялық Орталықтардың болмауы, функционалдық және лабораторлық зерттеулердің қажетті спектрінің болмауы және т.б. жатқызамыз. Кәсіптік ауруларды жеткіліксіз толық және уақтылы анықтамау күрделі жағдайлар санының өсуіне әкеп соғады, еңбек ресурстарының сапасын, еңбек өнімділігін нашарлатады [20].

Жұмыс істейтін халықтың денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштер – өндірістік кәсіпорындардың гигиеналық және әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының маңызды көрсеткіштері. Дәстүрлі түрде халық денсаулығының жай-күйін бағалау тек аумақтық, өңірлік және аудандық деңгейде ғана емес, сондай-ақ жеке алынған мекемелер мен кәсіпорындар бойынша, олардың жыныстық көрсеткіші, жас топтары бойынша сырқаттанушылық процестерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді талдауды көздейді [21]. Бұл көрсеткіштерге өндірістік сипаттағы теріс әсерді қоса алғанда, қоршаған ортаның әртүрлі факторлары елеулі әсер етуі мүмкін [22].

Еңбек етушілерге жүргізілетін алдын ала медициналық тексерулер сапасын бағалау бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмектің (АМСК) қызметіне мониторингтің мақсатты индикаторы – бірінші рет анықталғандар ішінде кәсіптік аурулардың асқынған формаларының меншікті салмағының төмендеуі – медициналық қызметтердің тиісті деңгейде сақталмағандығы туралы куәландырады. Кәсіптік аурулардың асқынған түрлерінің меншікті салмағы 49%-дан 43,5%-ға дейінгі аралықта әлі де жоғары деңгейде қалып отыр [23]. Осы орайда, кезеңдік медициналық тексерулердің маңыздылығы – әртүрлі кәсіп иелерінің арасында

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

денсаулық көрсеткіштерін анықтайтын және кәсіптік ауруларды ерте диагностикалауда аса маңызды ақпарат көзі болуы.

Денсаулықты сақтау және нығайту, қызметкердің әл-ауқаты кәсіби ауруларды ғана емес, денсаулықтың кез келген бұзылуын анықтауды және алдын алуды көздейді. Әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейтін халықтың денсаулығын сақтау саласындағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы стратегиясының басты бағыты өндірістің зиянды жағдайларында жұмыс істеу ұзақтығын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешенін біріктіру мен еңбектің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету болып табылады[24]. Өйткені ДДҰ-ның деректеріне сәйкес жұмысшылар ауруларының 25% - ға жуығы жұмыспен байланысты болуы мүмкін. Бұл әсіресе жаңа қатерлердің пайда болуына, еңбекті ұйымдастырудың жаңа технологиялары мен түрлерін енгізумен байланысты ерекше маңызды болады.

Кезеңдік медициналық тексерулер барысында алынатын мәліметтерді жинақтау және талдау өндіріс орындарында сырқаттанушылық түрін, өндірістік зиянды факторлармен байланысын анықтауға септігін тигізеді. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, «Міндетті медициналық тексерулерді өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР № 128 бұйрығына сәйкес міндетті медициналық тексерулердің толық қамтылуын және уақытылы жүргізілуін бақылауды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Алайда, міндетті медициналық тексерулердің сапасы мен тиімділігін бағалау қазіргі кезде ол емдеу мекемелерін тексеруге шағымданған жағдайда ғана мүмкін болады. ММТ-дің нәтижелері бойынша кәсіби ауруларды анықтау коэффициентін есептегенде 2013-2017 жж аралығында Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында медициналық тексерудің нөлдік нәтижелілігі анықталды. Жыл сайынғы КМТ нәтижелері бойынша созылмалы аурулары бар жұмыскерлер жылдан жылға қайталанып анықтала береді. Бұл медициналық тексеру жүргізудің сапасы мен тиімділігінің жоқтығын көрсетеді [25].

Ресей ғалымдарының зерттеулеріне сүйенсек, КМТ нәтижесінде кәсіптік ауруларға күдіктілердің төмен анықталу себебі КМТ-ді функционалдық және лабораторлық зерттеу спектрі жеткіліксіз салалық емес медициналық мекемелердің жүргізуі деп есептейді. Сонымен қатар комиссия құрамында сала мамандарының және профпатологтардың болмауы да себеп болады. Көптеген авторлардың пайымдауынша кезеңдік медициналық тексерулер кезінде жұмыскерлердің қамтылуы 80% - 100% -ды құрайды, бірақ ерте сатыдағы кәсіптік аурулардың белгілерін анықтау төмен болып қала береді [26,27]. И.В. Бойко: «науқастардың көпшілігі өзінің еңбек қызметінің соңына қарай (әдетте пенсияға шығар алданда) кәсіптік ауруын диагностикалау үшін терапевтке ұзақ уақыт бойы созылмалы шаңды бронхиті бар науқастар жүгінеді. Кәсіптік аурудың айқын көріністері жұмысты жалғастыруға мүмкіндік бергенге дейін науқастар диссимуляция тактикасын ұстанады. Бірақ еңбек қызметін тоқтататын уақыт келгенде кәсіби ауруға тән шағымдарды табандылықпен көрсетіп, кәсіптік аурудың диагнозын ресми анықтау үшін Кәсіптік патология орталығына жіберуді сұрайды. Бұл ретте түсінікті себептер бойынша аггравация тактикасына көшу жиі болады» – дейді [28].

Беларусьте асбест-цементті бұйымдар цехының қызметкерлерін КМТ-дің нәтижелеріне талдау жасалған. Мұнда алғаш рет анықталған жалпы сырқаттанушылық, кәсіби ауруларға күдіктілер, сондай-ақ қосымша зерттеуді, емдеу-сауықтыру іс-шараларын және кәсіптік ауруларға байланысты емес жұмысқа тиімді орналастыруды қажет ететін қызметкерлер туралы ақпараттарды талдау қамтылды... Шу деңгейінің рұқсат етілген деңгейінен артық жағдайда жұмыс жасайтын және шулы қондырғылармен жұмыс жасайтын кәсіптерде туындайтын сырқаттанулары бар жұмыскерлердің 70 %-ы кәсіптік тексеруге жіберілген. Алайда, кәсіптік ауруларға күдік анықталған жоқ [29].

Кәсіптік ауру белгілерін ерте сатыда анықтаудың төмендігі алаңдаушылық тудырады, олардың едәуір бөлігі медициналық тексерулерде емес, қызметкердің өзі медициналық мекемеге жүгінген кезде диагностикаланады... Жүргізілген медициналық тексерулерді талдау нәтижесі кәсіптік ауруларға күдіктілерді анықтау КМТ профпатологтар қатысқан кезде жоғары

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

екендігі анықталды. Бұл ретте жалпы буындағы медициналық ұйымдардың көпшілігінде кәсіптік ауруларды ерте сатысында анықтауға және қызметкерлерді кәсіптік патология орталығына жіберуге мүдделілігі жоқтығын көрсетеді [30].

Еңбек жағдайлары айтарлықтай қауіпсіз мемлекеттердерде, мысалы Финляндияда жылына 2 млн жұмыскерге 5 мыңнан, ал Францияда 40 мыңнан астам кәсіптік ауру тіркеледі [31].

Заманауи жағдайларда КМТ ролі артуда. Дегенмен, бұл тексеру түрі жұмыс орнын аттестациялау тәрізді жұмыс берушінің қаражатына жүргізілетіндіктен жұмыс берушілер кәсіби аурулардың анықталуына мүдделі емес [32]. КМТ жүргізу үшін емдеу-профилактикалық мекемесін таңдау кезінде алдын ала және кезеңдік медициналық тексеру жүргізуге лицензиясының болуы, емдеу-профилактикалық мекемесінің жеткілікті зертханалық-диагностикалық базасының болуы, оның білікті кадрлармен қамтамасыздандырылғандығы сияқты талаптарға сай болуын қадағалаған жөн [33].

Қазақстанда міндетті медициналық тексерулерді кез-келген меншік түріндегі емдеу мекемелері көбінесе тендерлік негізде, жұмыс берушінің талап ететін шарттарына сәйкес жүргізеді... Бұл да өз кезегінде КМТ нәтижесіне әсерін тигізеді. Медициналық тексерулер нәтижелері бойынша ҚР денсаулық сақтау министрлігінің еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығында жыл сайын 30-40 жұмыскер реабилитациялық шаралардан өтеді [34].

Ал, Ресей Федерациясында зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс істейтін жұмыскерлер кәсіптік патология орталықтарында 5 жылда 1 рет тереңдетілген медициналық тексеруден өтеді. ММТ сапасы көптеген факторлармен, оның ішінде медициналық сараптама жүргізетін мамандардың дайындық деңгейімен, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуымен және тағы басқалармен анықталатыны белгілі [36].

Кезеңдік медициналық тексерулер нәтижелері елдің экономикалық белсенді халқының денсаулық жағдайын көрсетеді, жалпы кәсіптік аурулардың уақтылы диагностикасына, асқынулардың алдын алуына ықпал етеді.

Медициналық тексерулердің ұйымдастырылуы мен өткізілу сапасына дәрігерлердің кәсіби патология бойынша дайындығы тығыз байланысты. Медициналық жоғары оқу орындарында кәсіптік патологиялық дайындық сатысының жетілмегендігіне, осы пәнге бөлінетін сағаттар санын көбейту қажеттілігіне назар аудармауға болмайды.

Алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулер жүргізуге рұқсаты бар әрбір медициналық мекемелер штатында міндетті түрде кәсіби патолог мамандар болуы тиіс. Осы орайда, медициналық комиссия құрамында қызмет көрсететін невролог, хирург, отоларинголаринголог, офтальмолог, дерматовенеролог, психиатр, стоматолог, инфекционист тәрізді профильдік мамандардың дипломнан кейінгі кәсіптік патология бойынша білімін жетілдіру мәселесін шешу керек [37]. Мемлекеттің экономикалық өрлеуі еңбекке қабілетті тұрғындарымен тығыз байланысты. Жұмыс жасаушы халықтың денсаулығын сақтау мәселелерін шешу денсаулықты сақтау мен нығайтудың мемлекеттік саясатының басым бағыттарының ішінде ерекше орын алуы тиіс.

Сонымен, шет ел, ТМД және өз еліміздің ғалымдарының талдау жасалынған мәселелер төңірегінде жүргізген ғылыми зерттеулеріне шолу жасау, тау-кен өнеркәсібі жұмыскерлерінің, соның ішінде хризотил-асбест өндірісінде міндетті алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулердің жалпы және кәсіби сырқаттанушылықтың алдын алудағы жұмыскерлер денсаулығы үшін маңызды іс-шара екендігін, сондай-ақ қазіргі уақытта аса өзекті мәселе екендігін айқындайды.

Әдебиеттер

1. Қарабалин С., Темірлан А. Қазақстандағы жұмысшы қауымның денсаулығын қорғау қызметін ұйымдастырудың өзекті мәселелері / С. Қарабалин, // Вестник КазНМУ – 2018. – № 2. – С. 446-4
2. [Электронный ресурс]: [Комютема по статистике](https://www.zakon.kz/4853581-chislennost-rabotnikov-zanjatykh-vo.html), 13 апреля 2017 г.// <https://www.zakon.kz/4853581-chislennost-rabotnikov-zanjatykh-vo.html>.
3. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Мысль. — 2012. — № 8. — С. 2-18.
4. Хризотил-асбест өндірісінде жұмысшылардың денсаулығы мен еңбек жағдайына гигиеналық баға беру / У. Шайхаттарова, Л.К. Назарова, Р.А. Баялиева, Ж.Р. и др. // Вестник КазНМУ. – 2017. – № 4. – С. 241-244.

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛҮ

5. Методология выявления и профилактики заболеваний, связанных с работой / Н.Ф. Измеров, Э.И. Денисов, Л.В. Прокопенко и др. // Медицина труда и промышленная экология. – 2010. – № 9. – С. 1-7.
6. Бухтияров И.В., Чеботарёв А.Г. Гигиенические проблемы улучшения условий труда на горнодобывающих предприятиях [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – Журнал «Горная промышленность». – 2018. – № 5 (141).
7. Балунев В.Д., Колесникова В.А., Еселевич С.А. Профессиональная заболеваемость в системе здравоохранения Ленинградской области в 2012-2016 гг. // Научный альманах. – 2017. – № 11-2 (37). – С. 139 – 144.
8. Бектемиров А.К. Проблема выявляемости профессиональных заболеваний у работающего населения // Охрана труда и окружающей среды. – 2014. – № 4 (100). – С. 74 – 78.
9. Научно-методологические подходы к оценке управления здоровьем работающего населения Казахстана / И.А. Аманжол, А.А. Исмаилова, А.У. Аманбекова и др. // Медицина труда и промышленная экология. – 2012. – № 7. – С. 1-5.
10. Кодекс РК «О здоровье народа и системе здравоохранения», С. 155.
11. Миндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығы. [Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010634>.
12. Барановская Т.В., Першай Л.К. Роль обязательных медицинских осмотров в повышении эффективности охраны здоровья работающих // Здоровье и окружающая среда. – 2017. – № 27. - С.106-108.
13. Ретнев В.М., Гребеньков С.В. Возможность улучшения проведения профилактических медицинских осмотров // Здравоохранение Российской Федерации. – 2013. - № 4. – С. 47-49.
14. О ратификации Конвенции об охране труда при использовании асбеста (Конвенция 162) Закон Республики Казахстан от 17 января 2011 года № 388-IV / <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000388>.
15. Гигиеническая оценка условий труда и состояние здоровья работников горно-обогатительных комбинатов / Е.А. Преображенская, А.В. Сухова, Л.А. Зорькина, М.В. Бондарева. // Гигиена и санитария. – 2016. – № 95(11). – С. 1065 – 1070.
16. Сухова А.В., Кирьяков В.А. Профессиональная обусловленность вертеброгенных заболеваний у рабочих горно-обогатительных комбинатов // Здоровье населения и среда обитания. - 2011. – № 12 (225) – С. 22 – 24.
17. Колпакова Т. В., Утюганова В. В. Использование услуг врачей в охране труда как путь снижения травматизма и профессиональных заболеваний Омский государственный технический университет, г. Омск, Россия // V Международная научно-практическая конференция «Безопасность городской среды» 21–23 ноября 2017 года, г. Омск, Россия. – С. 345 – 347.
18. Ito N. Needs survey on the priority given to periodical medical examination items among occupational physicians in Japan.// Ito N., Nagata T., Tatemichi M., Takebayashi T., Mori K.J. // Occup Health. – 2018. – Nov 27; 60 (6). - P. 502-514.
19. Sommer I., Titscher V., Gartlehner G. [Participants' expectations and experiences with periodic health examinations in Austria - a qualitative study.](#) r I, // BMC Health Serv Res. - 2018 Oct 30. – V. 18 (1). – P. 823.
20. Балунев В.Д., Колесникова В.А., Еселевич С.А. Профессиональная заболеваемость в системе здравоохранения Ленинградской области в 2012-2016 гг. // Научный альманах. – 2017. – № 11-2 (37). – С. 139 – 144.
21. Юдина Т.В., Сааркоппель Л.М., Крючкова Е.Н. Интегральный подход к оценке состояния здоровья работников вредных производств // Здравоохранение Российской Федерации. – 2016. – № 2. – С. 101–105.
22. Шевелева Т.Е., Ломовцев А.Э. Исследование состояния здоровья населения, работающего на производстве резинотехнических изделий (по результатам периодических медицинских осмотров) // Вестник новых медицинских технологий, электронный журнал. – 2016. – № 4. – С. 229-240.
23. Сраубаев Е. Н., Жумабекова Б. К., Аманбекова А. У. Актуальные проблемы гигиены труда и охраны здоровья работающего населения Республики Казахстан // Медицина и экология. – 2011. – № 4. – С. 51 -54.
24. Улучшение качества периодических медицинских осмотров работающего населения и экспертиза профессиональной пригодности / Л.А. Стрижаков, С.А. Бабанов, Д.С. Будаиш, А.Г. Байкова // Наука и инновации в медицине. – 2018. – № 2 (10). – С. 30-36.
25. Шаймбетов Ж.М. Оценка качества и эффективности обязательных медицинских осмотров в Западно-Казахстанском регионе // Медицинский журнал Западного Казахстана. – 2018. – № 60 (4). – С. 47-52.
26. Хоружая О.Г., Горблянский Ю.Ю., Пиктушанская Т.Е. Критерии оценки качества медицинских осмотров // Медицина труда и промышленная экология. – 2015. – № 11. – С. 33-37.
27. Профессиональные заболевания, актуальные вопросы профилактики и медицинской реабилитации / Т.Ю. Быковская, Т.Е. Пиктушанская, И. Пиктушанская, и др. // Бюллетень ВСНЦ СО РАМН. – 2012. – № 5 (87). – С. 123-126.
28. Бойко И.В. Работа терапевта с больными при выявлении признаков профессиональных заболеваний // Терапевт. - 2011. – № 7. – С. 12–16.
29. Оценка состояния здоровья работников, имеющих профессиональный контакт с асбестом, по результатам периодических медицинских осмотров / Е. А. Иванович, Г. Е. Косяченко, А. В. Гиндюк, Г. И. Тишкевич. // Здоровье и окружающая среда. - 2017. – № 27. – С. 117-122.
30. Условия труда и профессиональная заболеваемость в республике Башкортостан / Э.Т. Валеева, А.Б. Бакиров, Р.Р. Галимова, В.Т. Ахметшина // Медицина труда и экология человека. - 2018. – № 4. – С. 57-62.
31. Профессиональная заболеваемость в Казахстане / Г.М. Джакунбекова соавторы // Медицина труда и промышленная экология. – 2014. – № 8. – С. 5-8.
32. Топалов К.П., Щегольская О.В. Проблемы здоровья работающего населения в Хабаровском крае: состояние и тенденции // Здравоохранение Дальнего Востока. – 2016. – № 4. – С. 5-15.

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

33. Оценка качества медицинских осмотров работников нефтегазовой промышленности в медицинских учреждениях /М.Ю. Калинина, Г.Н. Лагутина, В.Л. Спиридонов, О.С. Копылова//Медицина труда и промышленная экология. – 2009. – № 5. – С. 9-14.

34. Основные итоги научных исследований асбестобусловленных заболеваний в Республике Казахстан / А. Аманбекова., К.Сакиев, Л.Ибраева, М. Отарбаева// Медицина труда и промышленная экология. – 2014. – № 8. – С. 13-17.

35. Мамырбаев А.А., Каститис Шмигелкас, Умарова Г.А. Анализ деятельности амбулаторно-поликлинических организаций в современных условиях // Вестник КазНМУ. – 2017. – № 1. – С. 515-519.

36. Симонова Н.И., Кондрова Н.С. Качество и эффективность медицинской помощи, оказываемой работникам, занятым в условиях труда не отвечающих санитарно-гигиеническим требованиям // Медицина труда и промышленная экология. – 2010. – № 6. – С.1-7.

37. Ретнев В.М., Гребеньков С.В. Возможности улучшения проведения профилактических медицинских осмотров // Здоровоохранение Российской Федерации. – 2013. – № 4. – С. 47-49.

Хат жазуға арналған автор: aidlozh@mail.ru Жарылкасынова Айгуль Маратжановна.

Редактор алған 24.04.2020 ж.

ҒТАМБ 76.33.31

ӘӨЖ 618.3-008.6

ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАР ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ы.С. Молдалиев, К.Ж. Рыскелдиева, С.А. Курбаниязова, А.А. Кушкарлова, С.Т. Романова

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қаласы, ҚР

Жасөспірім жастағы қыз балалардың репродуктивті денсаулық мәселесі педагогиканың, физиологияның, қоғамдық денсаулық сақтау саласының басты назарында болды. Бұл жаста қыз балалардың физикалық, психикалық дамуы және жыныстық жетілуі аяқталып, репродуктивті қабілет қалыптасады. Сондықтан жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы қазіргі акушерияда маңызды орынға ие.

Әдебиетке шолу жасау қазіргі жасөспірім қыздардың денсаулығы қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерінің бірі болып табылатынын көрсетті және жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын ерте диагностикалау, дамушы патологияны емдеу және алдын алу шараларын оңтайландыруды талап етеді.

Кілт сөздер: жасөспірім қыздар, репродуктивті денсаулық, соматикалық патологиялар, гинекологиялық аурулар.

CURRENT ISSUES OF ADOLESCENT GIRLS' HEALTH

Y. Moldaliev, K. Ryskeldieva, S. Kurbaniyazova, A. Kushkarova, S. Romanova

Hoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turish University, Turkestan city, Kazakhstan

Adolescent girls' reproductive health issue was the main focus in pedagogy, physiology and public health. At this age, girls' physical, mental development and sexual maturity are completed, and reproductive abilities are formed. That is why, the reproductive health of adolescent girls plays an important role in modern obstetrics.

Literature review has shown - the health of today's adolescent girls is one of the most pressing issues in public life and requires early diagnosis of adolescent reproductive health, optimization of treatment and prevention of developing pathologies.

Keywords: adolescent girls, reproductive health, somatic pathologies, gynecological diseases.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗДОРОВЬЯ ДЕВОЧЕК - ПОДРОСТКОВ

Ы.С. Молдалиев, К.Ж. Рыскелдиева, С.А. Курбаниязова, А.А. Кушкарлова, С.Т. Романова

Романова

Международный Казахско-Турецкий Университет имени К.А. Ясави, Туркестан, РК

Репродуктивное здоровье девочек-подростков было в центре внимания педагогики, физиологии и общественного здравоохранения. В этом возрасте физическое, умственное развитие и половая зрелость девочек завершаются, и формируются репродуктивные способности. Следовательно, репродуктивное здоровье девочек-подростков играет важную роль в современном акушерстве.

Обзор литературы показал, что здоровье современных девочек-подростков является одной из наиболее актуальных проблем общественной жизни и требует ранней диагностики репродуктивного здоровья подростков, оптимизации лечения и профилактики развивающихся патологий.

Ключевые слова: девочки-подростки, репродуктивное здоровье, соматические патологии, гинекологические заболевания.

Кіріспе

Қазіргі жіктеме бойынша жасөспірім 10-19 жас арасындағы жыныстық және репродуктивті денсаулығы қалыптасатын қоғамның жас бөлігі.

Ағзаның жыныстық жетілу кезеңі ретінде пубертат кезең әйелдің бүкіл репродуктивті жүйесінің қалыптасуында маңызды орын алады және оның жұмыс істеуі көп жағдайда дамудың үйлесімділігіне және жыныстық жетілу кезеңіндегі қыздарда уақытылы дамуына байланысты болады. Пубертатты кезең ағымының ерекшеліктері әйелдің өмір бойы репродуктивті денсаулық жағдайына, оның фертильділігіне, сондай-ақ елдегі демографиялық жағдайға әсер етеді [1,2].

Көптеген авторлардың пікірінше балалардың денсаулық жағдайының нашарлауы мен жыныстық жүйеге патология туындау қаупі көп жағдайда қыздардың жыныстық жетілуі мен олардың физикалық дамуына, баланың жынысына және жасына кері әсер ететін жағымсыз үрдістерге байланысты болады [3-7]. Жыныстық жүйеге кері әсер ететін факторларды ерте анықтау яғни қыздардың репродуктивті жүйесінің бұзылуын алдын алу және оларды уақытылы түзету жасөспірімдердің денсаулығын сақтаудағы негізгі көрсеткіші болып табылады [8,9].

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының қалыптасуы халықтың демографиялық көрсеткішінің маңызды ресурсы болып табылады [10]. Репродуктивті денсаулықты қалыптастырудың маңызды көрсеткіші оның соматикалық, физикалық, психикалық денсаулықпен өзара байланысы, қауіп-қатер факторлары және оның бұзылыстарының алдын алу, жыныстық мінез-құлқ және қоғаммен қарым-қатынас туралы ақпараттану болып табылады [11-14].

Сонымен қатар, соңғы жылдардағы зерттеулер қазіргі ұрпақтың денсаулығы келешек ұрпақтың денсаулығына елеулі түрде жол беретіндігін көрсетті. Қазір әрбір үшінші бала денсаулығы қалыпты жағдайынан ауытқумен туылып, жасөспірімдерде аурушандықтың өсуі жыл сайын 7% жоғарыны құрады [15, 16].

Ресей ғалымдарының берген мәліметі бойынша соңғы 5 жылда балалар арасында гинекологиялық және андрологиялық аурулардың үлесі 50% жеткен [17,18]. Жасөспірім жастардың жартысынан көбінде созылмалы аурулар анықталып, ол келешекте репродуктивті қызмет мүмкіндіктерін шектеуге алып келуі мүмкін.

Соңғы 10 жылда қоршаған ортаның ластануына байланысты жасөспірімдер арасында жекелеген нозологиялық аурулардың таралуы артқан. Мұндай жағымсыз экологиялық аймақта эндокрин жүйесі, несеп-жыныс және қан жүйесі, ас қорыту жүйелерінің аурулары көптеп кездесті. Соның ішінде жиі кездесетін тыныс алу жүйесінің аурулары мен аллергиялық аурулардың таралуы 28,1% - 45,2% жетті [19].

2000-2014ж зерттеулерде 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің дамуы мен денсаулығының бұзылуы — 47%-ға өсті. Соңғы 2-3 жылда жасөспірімдердегі аурушандылықтың ішінде созылмалы патологиялар қарқынды өсіп, оның құрылымдағы үлесі қазіргі уақытта 30% жоғары болды [20, 21]

Ресейде соңғы 10 жылда 10-14 жасқа дейінгі қыз балалар арасында-етеккір бұзылуының жиілігі— 41,8% кездесті. Ал, 15-17 жастағы жасөспірім қыздар арасында репродуктивті жүйе ағзаларының қабыну ауруларының таралуы 38,7%-ға ұлғайды және етеккір бұзылулары 24,8%-ға артты [22].

Тәжікстан Республикасында 15-19 жас арасындағы жасөспірімдердің науқастануы 19,1% құрады. Ресми статистикалық дерек бойынша жасөспірім жастарда тыныс алу мүшелерінің аурулары-79,5%, ас қорыту жүйесі аурулары-31,5%, қан және қан жасау ағзалары-20,1%, эндокриндік жүйе аурулары мен есту жүйесінің аурулары-14,3%, тері аурулары -14%, несеп жүйесі аурулары-10,8%, көз және олардың қосалқы аппаратының аурулары-10,7%, нерв жүйесінің аурулары- 8%, зат алмасуының бұзылуы-6,6%, қан айналымы жүйесінің аурулары-1,5% кездесті [23].

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

Америка, Испания ғалымдарының мақаласында, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына теріс әсер етуші факторлар жұқпалы аурулардан бастап жарақаттану, зорлық-зомбылық және инфекциялық емес аурулардың жоғары деңгейде кездесуі (психикалық бұзылуларды қоса алғанда) жатады. Уақыт өте келе жасөспірімдердің денсаулығында анемияның таралуы әл-ауқаты төмен көптеген ауыртпалығы бар елдерде жоғары болып, жасөспірім қыздарда анемия 40% кездескен [24].

Артық салмақ пен абдоминальды май етеккір циклінің бұзылуына, эндометри дисфункциясына, жүктілікті көтере алмаушылыққа, сондай-ақ жүктілік пен перинаталды кезең асқынуларына әкелетін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Дене салмағының артуы мен семіздік барлық контингенттерде байқалды, бірақ ол тағам аурулары жоғары елдерде тұратын жасөспірім қыздар арасында жиі кездесті [25].

Бүкіл әлем обыр мәселесіне назар аударды. Жасөспірімдер арасында репродуктивті жүйе обырының таралуы жалпы үлкен болмаса да, 15-19 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында аналық без және сүт безі обырының үлесі 1994 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде ұлғайды. Бүкіл әлемде аналық без обыры 08%-дан 11%-ға жоғарыласа, Шығыс Жерорта теңізі аймағында өмір сүретін жасөспірімдер арасында аналық без обыры 11%-дан 25% дейін өсті [26].

Репродуктивті денсаулық ең маңызды адам денсаулығының компоненттері. Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы көптеген факторларға төзімсіз, оның ішінде-ағзаның созылмалы аурулары, венерологиялық аурулар, әсіресе АИТВ және гепатит [25], кіші жамбас мүшелерінің қабыну аурулары, бедеулік, жатырдан тыс жүктілік [26,27], жүктіліктің асқынулары, қауіпті түсік тасау, қауіпті босану. Ана және перинатальды өлімнің болуы [28,29].

Хламидиозды қоспағанда, барлық ЖЖБИ-ның жаһандық таралуы жыл өткен сайын жасөспірімдер арасында өсті. Мысалы, гениталды герпестің бүкіл әлемде таралуы соңғы 25 жылда 4,0%-дан 4,3%-ға артса, ол 15-19 жас арасындағы жасөспірімдерде аурушандықтың ұлғаюына алып келеді [31,32]. Гениталды герпеспен гонореяның ең жоғары таралуы Африкада одан кейін Америкада байқалады [32,33].

1994 жылдан бастап 2017 жылға дейін 10-19 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында ЖЖБИ-дан өлім саны 773 000 жетті. АИТВ-нан туындаған өлім-жітім мен мүгедектік Африканың Сахарадан оңтүстігіне қарай жиі кездесті [34,35].

Бүкіл әлемде АИТВ-мен өмір сүретін 10-19 жас жасөспірімдерде өткен 25 жыл ішінде 920 000-нан 1,6 миллионға дейін артты, бұл инфекцияның қарқынды таралуына қарамастан, АИТВ-мен ұзақ өмір сүруге мүмкіндік беретін емдеудің жаңа қол жетімділігінде көрсетеді [35-37].

Үндістан ауруханаларында жүргізілген ретроспективті зерттеулерде бастапқы аменорея, қалқанша без аурулары, генитальды аномалиялар, аналық без ісіктері, етеккір циклінің бұзылуы, генитальды инфекциялар жасөспірім қыздар арасында жиі кездесті [38].

Қазақстанда соңғы он жылда қыз балалар мен жасөспірім қыз балалардың репродуктивті денсаулығын қорғау маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Әлеуметтік жағдайлар, экологияның қолайсыз жағдайлары, урбанизация, жиі антибиотиктерді қолдану қыз балалардың репродуктивті жүйесінің қалыптасуына теріс әсер етуде және оның сыртқы ортаның инфекциялық факторларына төзімділігін және жыныс жолдарының жергілікті иммунитетінің жағдайына теріс әсер етуде [39,40].

Қазақстанның бірқатар облыстарында, зерттеушілердің деректері бойынша, балалар арасындағы эндемиялық зоб жиілігі орта есеппен 73,3% -ды құрайды. Бұл ретте гипотиреоз жиілігі 12,6% -дан 57,5% -ға дейін жетеді, әсіресе биогеохимиялық провинциялар аймақтарында.

Қыз балалардың репродуктивті денсаулық жағдайының интегралды көрсеткіші етеккір қызметі болып табылады. Анықталған гинекологиялық бұзылулар құрылымында дисменорея 41,4%, ювенильді қан кету 6,9%, гениталидің қабыну процесі 3,5% құрайды [41].

Қорытынды

Жасөспірімдердің денсаулығын зерттеудің өзектілігі кез-келген елдің болашақ дамуы үшін маңызды. Жасөспірімдік жастағы балалардың аурушандығын төмендетуге бағытталған ұйымдастыру және емдеу-алдын алу іс-шараларының кешенді жүйесін әзірлеу үшін

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

жасөспірімдік аурушаңдыққа шолу жүргізілді және жасөспірім жастағы аурулардың дамуына ықпал ететін факторлар анықталды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Проблемы репродуктивного здоровья среди молодежи и подростков/ А. А. Абилхас, Н. М. Апен, А. Г. Шамсутдинова и др.// *Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*. – 2016. – № 8-4. – С. 519 – 521.
2. Репродуктивное здоровье девочек-подростков/А. Б. Кузгibeкова, Б. Ж. Култанов, А. С. Кусаинова и др.// *Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*. – 2012. – № 7. – С. 15 – 16.
3. Социокультурные и психодинамические аспекты нарушений формирования образа тела и становления репродуктивной системы у девочек-подростков/В. А. Азарков, С. А. Брофман, Л. М. Кудяева и др.// *Репродуктивное здоровье детей и подростков*. – 2012. – № 4. – С. 70 – 80.
4. Основные закономерности морфофункционального развития детей и подростков в современных условиях/А. А. Баранов, В. Р. Кучма, Н. А. Скоблина и др.// *Вестник Российской Академии медицинских наук*. – 2012. – № 12. – С. 36 – 40.
5. Жуковец И. В., Быстрицкая Т. С. Особенности формирования репродуктивной системы у девочек с дисфункцией гипоталамуса// *Доктор. Ру* – 2012. – № 1 (69). – С. 52 – 55.
6. Кох Л. И., Бурцева Г.А. Факторы риска формирования репродуктивного здоровья у девушек-подростков // *Мать и дитя в Кузбассе*. – 2016. – № 1 (64). – С. 41 – 44.
7. Update on pubertal development among primary school students in Shanghai[Text] / Y. Chen, Y. T. Zhang, C. Chen et al. // *Zhonghua Yu Fang Yi Xue Za Zhi*. – 2016. – № 50 (11). – P. 971 – 975.
8. Гречко Е. Ю. Прогнозирование, профилактика и оптимизация терапии нарушений менструального цикла у девочек-подростков: Автореф. дисс. ... канд. мед. наук: 14.01.01. – Ростов на Дону, 2010. – 44 с.
9. Лебедева М. Г. Медико-социальные и социально-географические особенности формирования репродуктивного здоровья девушек-подростков Автореф. дисс. ... канд. мед. наук: 14.01.01. – М., 2010. – 23 с.
10. Репродуктивное здоровье девочек и девушек г. Москвы. Предложения по сохранению репродуктивного потенциала/Адамян Л.В., Сибирская Е.В., Богданова Е.А. и др.//*Репродуктивное здоровье детей и подростков*. - 2016. - № 2. - С. 13–14.
11. Профилактика нарушений репродуктивного здоровья детей и подростков/Уварова Е.В., Тарусин Д.И., Кучма В.Р. и др.// *Вопр. школьной и университетской медицины и здоровья*. - 2018. - № 2. - С. 45-62.
12. Оценка информированности старшеклассников о рисках репродуктивного здоровья/Уточкин Ю.А., Высотин С.А., Сайфитова А.Т. и др. // *Междунар. студенческий научн. вестн.* - 2019. - № 1. - С. 12.
13. Семченко Л.Н., Герасимова О.Ю. Репродуктивное поведение девочек подросткового возраста и ведущие факторы риска, формирующие их репродуктивное здоровье // *Непрерывное медицинское образование и наука*. - 2017. - Т. 12, № 2. - С. 34–35.
14. Особенности заболеваемости и физического развития подростков 15–17 лет с различными темпами полового созревания/Воробьева Е.А., Кочерова О.Ю., Пыхтина Л.А. и др.//*Вестн. новых медицинских технологий*. - 2007. - Т. 14, № 2. - С. 54–56.
15. Самигулина, А. Э. Репродуктивное здоровье девочек–подростков и совершенствование гинекологической службы в Кыргызской Республике. – Бишкек, 2012. – 109 с.
16. Kaplowitz P. Pubertal development in girls: secular trends// *Curr. Opin. Obstet. Gynecol.* – 2006. – Vol. 18. – P. 487 – 491.
17. Globalnaya strategiya sektora zdravookhraneniya po infektsiyam, peredavaemym polovym putem 2016–2021 na puti k likvidatsii IPPP [Global health sector strategy on sexually transmitted infections 2016-2021 towards the elimination of STIs]. - VOZ, 2016. - 64 p.
18. Globalnoe issledovanie zdorovya shkolnikov, Tadjhikistan 2006 [A global study of the health of pupils, Tajikistan 2006]. - Dushanbe, Tadjhikistan, 2006. – 34 p.
19. Павлова А.Н., Макарова В.И. Состояние здоровья подростков, проживающих в экологически неблагоприятном районе//*ISSN 2409-563x. medicus*. - 2015. - № 3 (3). *Centers for Disease Control and Prevention. STDs in Adolescents and Young Adults*. 2017.
20. Научные исследования в педиатрии: направления, достижения, перспективы/Баранов А.А., Намазова-Баранова Л.С., Ильин А.Г. и др.//*Рос. педиатр. журн.* – 2013. - № 5. – С. 4–14.
21. Яковлева Т.В., Иванова А.А., Альбицкий В.Ю. Механизмы формирования единой профилактической среды в Российской Федерации//*Рос. педиатр. журн.* – 2015. – Т. 18 (3). – С. 28–30.
22. Серов В.Н., Сухих Г.Т. Нежелательная беременность и вынужденные аборт: современные методы прерывания беременности//*Акушерство и гинекология: Клинические рекомендации*. - М., 2014. – С. 607–627.
23. Умаров Т.А., Бандаев И.С. Актуальные проблемы здоровья подростков// *Вестник Академии медицинских наук Таджикистана* – 2019. - Том IX, № 2.
24. Progress in adolescent health and wellbeing: Tracking 12 headline indicators for 195 countries and territories, 1990e2016./Azzopardi P.S., Hearps S.J.C., Francis K.L. et al.//*Lancet*. - 2019. – V. 393. – P. 1101e18.
25. Institute for Health Metrics and Evaluation (IHME). GBD database. Available at: <http://ghdx.healthdata.org/gbd-results-tool>. Accessed January 17, 2019.

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

26. Mengjia Liang, Sandile Simelane, *The State of Adolescent Sexual and Reproductive Health Journal of Adolescent Health*. – 2019. – Т. 65. - S3eS15.
27. Weiss H.A., Ferrand R.A. *Improving adolescent health: An evidence-based call to action.*//*Lancet*. – 2019. – V. 393. – P. 1073e5.
28. Centers for Disease Control and Prevention. *Sexually transmitted diseases*. Washington: Centers for Disease Control and Prevention. 2014. <http://www.cdc.gov/std/STDFact-Chlamydia.htm>. Accessed 19 Jan 2020.
29. *Review of the evidence for the UK national guidelines on safer sex advice*. 2012./ Flowers P., Barber T., BSocStud H.W. et al. - Accessed 19 Jan 2020.
30. *Estimating abortion incidence among adolescents and differences in postabortion care by age: a cross-sectional study of postabortion care patients in Uganda.*/ Sully E.A., Atuyambe L., Bukonya J. et al.//*Contraception*. -2018. – V. 98 (6). – P. 510–516.
31. Moni S.A., Nair M.K., Devi R.S. *Pregnancy among unmarried adolescents and young adults.*// *J Obstetrics Gynecol India*. – 2013. – V. 63 (1). – P. 49–54.
32. *United Nations Population Fund. Universal access to reproductive health: Progress and challenges*. - New York: UNFPA, 2016.
33. *Using geospatial modelling to estimate the prevalence of adolescent first births in Nepal.*/ Neal S., Ruktanonchai C.W., Chandra-Mouli V. et al.//*BMJ Glob Health*. – 2019. – V. 4. - e000763.
34. *Institute for Health Metrics and Evaluation (IHME). GBD database*. Avail-able at: <http://ghdx.healthdata.org/gbd-results-tool>. Accessed January 17, 2019.
35. *Trends in adolescent first births in five countries in Latin America and the Caribbean: Disaggregated data from demographic and health surveys.*/Neal S., Harvey C., Chandra-Mouli V. et al.// *Reprod Health*. – 2018. – V. 15. – P. 146.
36. *Joint United Nations Programme on HIV/AIDS (UNAIDS). UNAIDS AIDSinfo estimates*. Available at: <http://aidsinfo.unaids.org/>. - Accessed June 18, 2019.
37. Chandra-Mouli V., Patel S.V. *Mapping the knowledge and understanding of menarche, menstrual hygiene and menstrual health among adolescent girls in low- and middle-income countries.*//*Reprod Health*. – 2017. – 14 p.
38. *Reproductive health of adolescent girls in an urban population of Meerut, Uttar Pradesh.*/Kajal Jain S.K. Garg, J.V. Singh, M. Bhatnagar et al.//*Health and Population: Perspectives and Issues*. – 2009. - Vol. 32 (4). – P. 204-209
39. Камалова Е.В., Гаркова Л.А., Габитова Н.А. *Комплексная оценка состояния репродуктивного здоровья девочек-подростков, проживающих в крупном промышленном и образовательном центре.*//*Репродуктивное здоровье детей и подростков*. - 2010. - № 1. - С. 23-27.
40. Кулакова В.И., Уваров Е.В. *Современные лечебно-диагностические технологии в акушерстве и гинекологии.*//*Репродуктивное здоровье детей и подростков*. - 2005. - № 1. - С. 11-15.
41. *Репродуктивное здоровье девочек-подростков г. Актау.*/Кульниязова Г.М., Досимов А.Ж., Жумалиева Г.С. и др.// *Марат Оспанов атындағы БҚММУ конференция сериясы, 2017. - I том. – С. 365-371.*
- Хат жазуға:** Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевна PhD докторант – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Медицина факультеті, E-mail: janikai_83@mail.ru Телефон: 8-775-853-12-72, 8777-388-89-68.

Редактор алған 28.04.2020 ж.

ҒТАМР 62.09.39

ӘОЖ 631.1: 637.1: 631.115.1

БИЕ СҮТІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТЫМЕН ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНА ШОЛУ

Қ. Рысбекұлы¹, Ә. Д.Серикбаева², Али Айдин³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Стамбул университеті, Стамбул қ., Түркия

Бие сүті Қазақ халқының ежелден бері тұтынып келе жатқан дәстүрлі сусыны болып табылады. Бие сүтінің құрамында азықтану үрдісі кезінде табиғи шөптерден алынған толық витаминдер, белоктық компоненттер, макро- және микро элементтер, эссенциалды май және амин қышқылдарна бай болғандықтан, халық медицинасында жоғары дәрежеде бағаланып, денсаулықты жақсартуға үлкен үлесін тигізеді. Осы негізде, бие сүтінен ферменттелген жаңа өнімдер өндірудің ғылыми негіздемелерін анықтап, инновациялық технологияларды қолдану арқылы еліміздің экономикасына өз үлесін қосып, халық арасында кең таралуына жол ашатыны сөзсіз. Бие сүті және өнімдері ретінде бие сүтінің тағамдық қор қатарында алатын орны, құрамдас бөліктерін анықтау әдісін

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

үйрене отырып, оның құрамы мен қасиеттері бойынша салыстыру жұмыстарын жүргізу өте маңызды ғылыми зерттеу жұмыстары болып табылады.

Тірек сөздер: қымыз, бие сүті, жаңа технология, ферменттеу үрдісі, ферменттелген өнімдер.

BIOLOGICAL PROPERTIES AND CHEMICAL COMPOSITION OF MARE'S MILK

K. Rysbekuly¹, A. Serikbayeva², Ali Aydin³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city, Kazakhstan

²Kazakh National Agrarian University, Almaty city, Kazakhstan

³[Istanbul University, Istanbul city, Turkey](#)

Mare's milk has long been a traditional drink of the Kazakh people. This type of milk is rich in vitamins, protein components, macro- and microelements, essential oils and amino acids obtained from natural herbs during feeding, and is highly valued in folk medicine and contributes to better health. Based on this, this product will undoubtedly determine the scientific basis for the production of new products fermented from mare's milk, contribute to the country's economy through the use of innovative technologies and pave the way for their wide distribution among the population. Determining the value of mare's milk and products from it on the food market, a very important research work is to conduct comparative work to determine the composition, components and properties of mare's milk.

Key words: koumiss, mare's milk, new technologies, fermentation process, dairy products.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА И ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ КОБЫЛЬЕГО МОЛОКА

Рысбекулы К.¹, Серикбаева А. Д.², Али Айдин³

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

³Стамбульский университет, Стамбул, Турция

Кобылье молоко давно является традиционным напитком казахского народа. Данный вид молока богат витаминами, белковыми компонентами, макро- и микроэлементами, эфирными маслами и аминокислотами, полученными из натуральных трав в процессе кормления, и высоко ценится в народной медицине и способствует укреплению здоровья. Исходя из этого, данный продукт, несомненно, определит научную основу для производства новых продуктов, сброженных из кобылье молоко, внесет вклад в экономику страны за счет использования инновационных технологий и проложит путь для их широкого распространения среди населения. Определение значения кобылье молоко и продуктов из нее на пищевом рынке, очень важной научно-исследовательской работой является проведение сравнительной работы по определению состава, компонентов и свойств кобылье молоко.

Ключевые слова: кумыс, кобылье молоко, новые технологии, процесс брожения, кисломолочные продукты.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде табиғи сусындарға деген қызығушылықтың артуы – әлем ғалымдарының табиғи түрде жасалынатын жануырлардың сүттеріне деген зерттеулерін арттырды. Үй жануарларының сүттерінен жасалынатын сусынның құндылығы – оның құрамындағы дәрумендерімен тікелей байланысты болып келеді [1]. Себебі, Табиғи түрде ол дәрумендер өсімдіктерден алына отырып, жануардың денесінде метаболизмге ұшырап, ол тікелей сүттің құрамына түседі. Осы сүтпен тұтынған адам дайын минералдармен қоректенеді, ол өз кезегінде, денсаулығына пайдасын тигізеді. Бүгінде табиғи сусындардың ішінен сиыр, түйе, жылқы сүттері кеңінен өндіріске шығып, қарқынды түрде тұтынылады. Арине, әрбір сүт өнімдерінен химиялық құрамы мен берер пайдасы әр түрлі болып келеді. Мысалы, сиыр сүті көбіне сусын ретінде қолданылса, жылқы мен түйе сүті емдік мақсатта, рак пен жүрек-қан тамырлары ауруларына қарсы қолданылады [2,3]. Солардың ішінде, жылқы өнімдері қазақ халқында кең тұтынылып, оның сүтінің берер нәрі мен сусындық қабілеті жоғары баға тапқан. Себебі, жылқы сүтіндегі ең бағалы зат – белок. Бие сүтінде ол 1,8-2,2 проценттей болады. Белок казеин, альбумин және глобулин сияқты негізгі үш түрге бөлінеді. Олардың әрқайсысы одан әрі бірнеше фракцияларға тарамдалады. Бие сүтінде 40 % еритін белоктар (альбуминдер, глобулиндер, амин қышқылдар) бар. Бие сүтінің құрамында жоғары мөлшерде А, В, Е, Г, Р және әсіресе С (70-120 мг) витаминдерінің болуы оның негізгі ерекшелігі болып табылады. Сонымен қатар, көміртектер сүтте негізінен лактозаның дисахариді немесе сүт қанты түрінде кездеседі. Бие сүтінде шамамен 1,2-2,3 процент май бар. Сиыр сүтінде небары 4,7 процент. Лактоза организмге жақсы қортылып сіңіріледі. Бие сүтінің шамамен

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛУ

5. Contribution of the purinergic receptor P2X7 to development of lung immunopathology during influenza virus infection/Leyva-Grado V.H., Ermler M.E., Schotsaert M. et al.//*mBio.* - 2017. - № 8 (2). - e00229-17. <https://doi.org/10.1128/mBio.00229-17>.
6. Inhibition of the purinergic pathway prolongs mouse lung allograft survival/ Liu K., Vergani A., Zhao P. et al.// *Am J Respir Cell Mol Biol.* - 2014. - № 51 (2). - P. 300-310. doi:10.1165/rcmb.2013-0362OC.
7. P2X3 receptor antagonist (AF-219) in refractory chronic cough: a randomised, double-blind, placebo-controlled phase 2 study/Abdulqawi R., Dockry R., Holt K. et al.//*Lancet.* 2015. - № 385 (9974). - P. 1198-1205. doi:10.1016/S0140-6736(14)61255-1.
8. Aliagas E., Muñoz-Esquerre M., Cuevas E. Is the purinergic pathway involved in the pathology of COPD? Decreased lung CD39 expression at initial stages of COPD // *Respir Res.* - 2018. - № 19. - P. 103. doi: 10.1186/s12931-018-0793-0.
9. Miller S.G., Hafen P.S., Brault J.J. Increased Adenine Nucleotide Degradation in Skeletal Muscle Atrophy // *Int. J. Mol. Sci.* - 2020. - V. 21. - P. 88; doi:10.3390/ijms21010088.
10. Ultrafine particles in airways: a novel marker of COPD exacerbation risk and inflammatory status/ Klein E.F., Adir Y., Krencel A. et al.// *Int J Chron Obstruct Pulmon Dis.* - 2019. - № 14. - P. 557-564. doi: 10.2147/COPD.S187560.
11. ATP release and purinergic signaling: a common pathway for particle-mediated inflammasome activation/Riteau N., Baron L., Villeret B. et al.// *Cell Death Dis.* - 2012. - № 11;3. - e403. doi: 10.1038/cddis.2012.144.
12. Purinergic Signaling in Pulmonary Inflammation/Le T.T.T., Berg N.K., Harting M.T. et al.//*Front Immunol.* - 2019. - № 10. - P. 1633. doi: 10.3389/fimmu.2019.01633.
13. Multiple adenosine receptor subtypes stimulate wound healing in human EA.hy926 endothelial cells/ Bonyanian Z., Walker M., Toit E.D., Rose Meyer R.B.// *Purinergic Signal.* - 2019. - № 15 (3). - P. 357-366. doi: 10.1007/s11302-019-09668-z.
14. Extracellular Adenosine Enhances the Ability of PMNs to Kill *Streptococcus Pneumoniae* by Inhibiting IL-10 Production/Siwapornchai N., Lee J.N., Tchalla E.Y.I. et al.//*J Leukoc Biol.* - 2020. - (Online ahead of print). DOI: 10.1002/JLB.4MA0120-115RR.
15. Role of adenosine in lung fibrosis caused by silica particles /Silva P.M.R., Janini-Sà Y.A., Arantes A.C.S. et al. // *Purines 2018 Basic and Translational Science on Purinergic Signaling and its Components for a Healthy and Better World. Purinergic Signalling.* - 2019. - № 14, P. 60. <https://doi.org/10.1007/s11302-018-9637-0>.
16. Extracellular adenosine production by ecto-5'-nucleotidase (CD73) enhances radiation-induced lung fibrosis/Wirsdörfer F., Leve S., Cappuccini F. et al. // *Cancer Res.* - 2016. - № 76 (10). - P. 3045-3056. doi: 10.1158/0008-5472.CAN-15-2310.
17. Expression of adenosine receptors in monocytes from patients with bronchial asthma/Yuryeva K., Saltykova I., Ogorodova L. et al.// *Biochem Biophys Res Commun.* - 2015. - № 464 (4). - P. 1314-1320. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4558207/>.
18. Anti-inflammatory effects of inosine in allergic lung inflammation in mice: evidence for the participation of adenosine A2A and A3 receptors/Rocha L.F., liveira A.P.L., Accetturi B.G. et al. // *Purinergic Signalling.* - 2013. - № 9. - P. 325-336. <https://doi.org/10.1007/s11302-013-9351-x>.
19. Anti-inflammatory effects of purine nucleosides, adenosine and inosine, in a mouse model of pleurisy: evidence for the role of adenosine A2 receptors/Rocha L.F., Silva M.D., Almeida C.D., Santos A.R. // *Purinergic Signal.* - 2012. - № 8. - P. 693-704. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3486164/> (дата обращения 11.03.2020).

20. Exhaled breath condensate adenosine tracks lung function changes in cystic fibrosis/ Esther C.R.J., Olsen B.M., Lin F.C. et al. // *Am J Physiol Lung Cell Mol Physiol.* – 2013. - № 304 (7). – P. 504–509. doi: 10.1152/ajplung.00344.2012.
21. Extracellular adenosine is detrimental in lung recovery following hyperoxic lung injury in a murine model of bronchopulmonary dysplasia /Davies J., Li H., Karmouty-Quintana H. et al. // *Am. J. Respir. Crit. Care Med.* - 2016. - № 193. - P. 3850. URL: <https://www.atsjournals.org/doi/abs/10.1164/ajrccm-conference.2016.193.1.MeetingAbstracts.A3850> (дата обращения 11.03.2020).
22. Karmouty-Quintana H., Weng T., Garcia-Morales L.J. Adenosine A2B Receptor and Hyaluronan Modulate Pulmonary Hypertension Associated with Chronic Obstructive Pulmonary Disease // *Am J Respir Cell Mol Biol.* – 2013. - № 49 (6). – P. 1038–1047. doi: 10.1165/rcmb.2013-0089OC.
23. Methotrexate an Old Drug with New Tricks/ Bedoui Y., Guillot X., Sélambarom J. et al.// *Int J Mol Sci.* – 2019. - № 20 (20). – P. 5023. doi: 10.3390/ijms20205023.
24. Metabolomics analysis identifies novel plasma biomarkers of cystic fibrosis pulmonary exacerbation/ Laguna T.A., Reilly C.S., Williams C.B. et al. // *Pediatr Pulmonol.* – 2015. - № 50 (9). – P. 869-77. doi: 10.1002/ppul.23225.
25. Plasma metabolites Xanthine, 4-Pyridoxate, and d-glutamic acid as novel potential biomarkers for pulmonary tuberculosis/ Huang H., Shi L.Y., Wei L.L. et al. // *Clin Chim Acta.* – 2019. - № 498. – P. 135-142. doi: 10.1016/j.cca.2019.08.017.
26. Zieliński J., Krzysztof K. Hypoxanthine A Universal Metabolic Indicator of Training Status in Competitive Sports // *Exercise and Sport Sciences Reviews.* - 2015 - Volume 43 - Issue 4 - P 214-221. doi: 10.1249/JES.0000000000000055.
27. The impact of ambient air pollution on the human blood metabolome/ Vlaanderen J.J., Janssen N.A., Hoek G. et al. // *Environ Res.* – 2017. - № 156. – P. 341-348. doi: 10.1016/j.envres.2017.03.042.
28. Пурины в плазме крови больных с хронической обструктивной болезнью легких различной формы и степени тяжести/Муравлёва Л.Е., Молотов-Лучанский В.Б., Турмухамбетова А.К. и др.//Международный журнал экспериментального образования. - 2-13. - № 10-2. - С. 263-266.
29. Пуриновые основания в плазме крови больных с хроническими болезнями легких/ Муравлёва Л.Е., Молотов-Лучанский В.Б., Ключев Д.А. и др. // *European Researcher.* - 2012 - Vol. (29) № 9-2. - С. 1449-1454.
30. Гендерные отличия содержания пуринов в плазме и эритроцитах людей разного возраста/Кут О.И., Франциянц Е.М., Каплиева И.В. и др.// *Фундаментальные исследования.* – 2014. – № 7-2. – С. 290-294. URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=34434> (дата обращения: 11.03.2020).
31. Shaheen S.O. Antioxidants and respiratory disease: the uric acid paradox // *Thorax* 2014. - №69. - P. 978-979. URL: <https://thorax.bmj.com/content/69/11/978.long> (дата обращения 11.03.2020).
32. Horsfall L.J., Nazareth I., Petersen I. Serum uric acid and the risk of respiratory disease: a population-based cohort study // *Thorax.* - 2014. – 69 (11). - P. 1021–1026. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC4215274/> (дата обращения 11.03.2020).
33. Serum Uric Acid in Chronic Obstructive Pulmonary Disease: A Hospital Based Case Control Study/Sarangi R., Varadhan N., Bahinipati J. et al. // *J Clin Diagn Res.* – 2017. - № 11 (9). - P. 9–13. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5713715/> (дата обращения 11.03.2020).
34. Sontakke A., Kharwade S., Tayade B.O. Correlation of serum uric acid levels in patients of chronic obstructive pulmonary disease // *Panacea Journal of Medical Sciences.* – 2018. - № 8 (1). – P. 16-20. URL: <http://oaji.net/articles/2017/729-1533633057.pdf> (дата обращения 11.03.2020).
35. The Relationship between Serum Uric Acid and Severity of Chronic Obstructive Pulmonary Disease (COPD) Vafaei A., Saremi Z., Mortazavi Moghaddam SGh, Javid Arabshahi Z. // *J Cardiothorac Med.* – 2017. - № 5 (3). – P. 181-186. URL: http://jctm.mums.ac.ir/article_9232_ba60f425751218a69067c951751b9de6.pdf (дата обращения 11.03.2020).
36. Serum uric acid as a predictor of mortality and future exacerbations of COPD/ Bartziokas K., Papaioannou A.I., Loukides S. et al. // *European Respiratory Journal.* – 2014. - № 43. – P. 43-53. URL: <https://erj.ersjournals.com/content/43/1/43> (дата обращения 11.03.2020).
37. Serum uric acid as a biomarker for prediction of outcomes of patients hospitalized for acute exacerbation of chronic obstructive pulmonary disease/ Embarak S., Sileem A.E., Abdrabboh M., Mokhtar A. // *Egypt J Bronchol* 2014. - №8.–P.115-120. URL: <http://www.ejbronchology.net/article.asp?issn=1687-8426; year=2014; volume=8; issue=2; spage=115; epage=120; aulast=Embarak> (дата обращения 11.03.2020).
38. Serum Uric Acid Level as a Prognostic Marker in Patients With Acute Respiratory Distress Syndrome./ Lee H.W., Choi S. M., Lee J. et al. // *Journal of Intensive Care Medicine/* - 2019. - № 34 (5). – P. 404–410. <https://doi.org/10.1177/0885066617698911>.
39. Kobayashi T., Nakagome K., Noguchi T. Elevated uric acid and adenosine triphosphate concentrations in bronchoalveolar lavage fluid of eosinophilic pneumonia // *Allergol Int.* – 2017. - № 66. – P. 27-34. doi: 10.1016/j.alit.2017.06.010.
40. Uric acid pathway activation during respiratory virus infection promotes Th2 immune response via innate cytokine production and ILC2 accumulation / Fonseca W., Malinczak C.A., Schuler C.F. et al.//*Mucosal Immunol.* - 2020. doi: 10.1038/s41385-020-0264-z.
41. Li L., Wan C., Wen F. An unexpected role for serum uric acid as a biomarker for severity of asthma exacerbation // *Asian Pac J Allergy Immunol.* - 2014. - № 32 (1). – P. 93-9. doi: 10.12932/AP0337.32.1.2014.

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛҮ

42. Association Between Uric Acid Levels and Obstructive Sleep Apnea Syndrome in a Large Epidemiological Sample/ Hirotsu C., Tufik S., Guindalini C. et al.//*PLoS One*. – 2013/ - № 8 (6). - e66891. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3691311/> (дата обращения 11.03.2020).

43. Fini M.A., Gaydos J., McNally A. Alcohol abuse is associated with enhanced pulmonary and systemic xanthine oxidoreductase activity // *Am J Physiol Lung Cell Mol Physiol*. – 2017. - № 313(6). – P. 1047–1057. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5814699/> (дата обращения 11.03.2020).

44. The Relationship between Serum Uric Acid and Spirometric Values in Participants in a Health Check: The Takahata Study/Aida Y., Shibata Y., Osaka D. et al.//*Int J Med Sci*. – 2011/ - № 8 (6). – P. 470–478. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3156995/> (дата обращения 11.03.2020).

45. A search for covert precipitating clinical parameters in frequent exacerbators of chronic obstructive pulmonary disease/ Bhatia A., Prakash V., Kant S., Verma A.K.//*Lung India*. – 2016/ - № 33 (6). – P. 600–604. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5112815/> (дата обращения 11.03.2020).

46. Tang Y.X., Bloom M.S., Qian Z.M. Association between ambient air pollution and hyperuricemia in traffic police officers in China: a cohort study // *International Journal of Environmental Health Research*. – 2019. - № 11. – P. 1–9. DOI: 10.1080/09603123.2019.1628926.

47. Mucosal production of uric acid by airway epithelial cells contributes to particulate matter-induced allergic sensitization / Gold M.J., Hiebert P.R., Park H.Y. et al.//*Mucosal Immunol*. – 2016. - № 9 (3). – P. 809–820. URL: <https://www.nature.com/articles/mi2015104> (дата обращения 11.03.2020).

48. Rock K.L., Lai J.J., Kono H. Innate and adaptive immune responses to cell death // *Immunol Rev*. – 2011. - № 243 (1). – P. 191–205. doi: 10.1111/j.1600-065X.2011.01040.x.

49. Association between platelet distribution width and serum uric acid in Chinese population/Liu X., Wang H., Huang C. et al.// *Biofactors*. - 2019. - № 45 (3). – P. 326–334. doi: 10.1002/biof.1491.

50. Establishment and inaugural meeting of the Australian and New Zealand Purine Club /Burnstock G., Cederholm J.M.E., Sluyter R., Vljakovic S.M.// *Purinergic Signalling*. - 2019. - Volume 15. - P. 313–314.

Редактор алған 28.02.2020 ж.

ҒТАМБ 76.29.62+76.03.35

ӘӨЖ 616–091/–092.19+616.24+614.876

ШАҒЫН ДОЗАЛЫ ІШКІ МЕН СЫРТҚЫ ИОНДАУШЫ СӘУЛЕЛЕУ ӘСЕРІНЕН ӨКПЕДЕ ТУЫНДАЙТЫН ГИСТОҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Ж.Ж. Абишев, Н.Ж. Чайжунусова, Д.М. Шабдарбаева, Д.Е. Узбекиков, Б. Русланова, С.Е. Узбекикова, М.М. Апбасова

«Семей медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Семей қ., Қазақстан

Әдеби мәліметтерді талдау радиация әсерінен туындаған өкпедегі гистоқұрылымдық өзгерістер бронхтар эпителийінің десквамациясымен, ателектаздың қалыптасуымен, дәнекер тіндік организациясымен, альвеолитпен, жоғары қантамыр қабырғасы өткізгіштігімен, эндотелий пролиферациясымен манифестацияланады. Ішкі мен сыртқы иондаушы сәулеленудің әсерінен туындайтын екіншілік иммундық тапшылықты жағдайлардың негізінде жатқан патогенді механизмдердің іске қосылуынан жедел кезеңдегі қабынулық–инфльтрациялық пневмониттің, ал кеш мерзімі аясындағы фиброздаушы пневмониттің дамуында қабынулық пен фиброздық үрдістердің маңызды орын алатыны анықталған.

Түйін сөздер: шағын дозалы сәулелену, өкпе тіні, пневмонит, фиброз, эмфизема, морфогенез.

HISTOSTRUCTURAL CHANGES IN THE LUNGS UNDER THE INFLUENCE OF LOW-DOSE INTERNAL AND EXTERNAL RADIATION

Zh. Abishev, N. Chaizhunusova, D. Shabdarbaeva, D. Uzbekov, B. Ruslanova, S. Uzbekova, M. Apbasova

Non-profit incorporate institution «State Medical University», Semey city

An analysis of literature has demonstrated that radiation-induced pulmonary histostructural changes are manifested by bronchial epithelium desquamation, atelectasis, connective tissue substitution, alveolitis, increased vascular permeability, and endothelial proliferation. Secondary immunodeficiency states developing under the influence of internal

and external ionizing radiation are pathogenetic mechanisms, the implementation of which contributes to the formation of inflammatory and fibrotic processes in the lungs, causing the development of inflammatory-infiltrative in the early stages, while fibrosing pneumonitis occurs in the late period.

Keywords: low-dose radiation, pulmonary tissue, pneumonitis, fibrosis, emphysema, morphogenesis.

ГИСТОСТРУКТУРНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ЛЕГКИХ ПРИ ВОЗДЕЙСТВИИ НИЗКОДОЗОВОГО ВНУТРЕННЕГО И ВНЕШНЕГО ИЗЛУЧЕНИЯ

Абишев Ж.Ж., Чайжунусова Н.Ж., Шабдарбаева Д.М., Узбеков Д.Е., Русланова Б., Узбекова С.Е., Апбасова М.М.

¹НАО «МУС», Семей, Казахстан

Анализ литературных источников показал, что радиационно–индуцированные гистоструктурные изменения легких проявляются десквамацией эпителия бронхов, развитием ателектазов, соединительнотканной организацией, альвеолитом, повышенной васкулярной проницаемостью, пролиферацией эндотелия. Вторичные иммунодефицитные состояния, развивающиеся под действием внутреннего и внешнего ионизирующего излучения являются патогенетическими механизмами, реализация которых способствует формированию воспалительных и фибротических процессов в легких, обуславливающих развитие в ранние сроки воспалительно–инфильтративного, тогда как в поздние – фиброзирующего пневмонита.

Ключевые слова: низкодозовое излучение, легочная ткань, пневмонит, фиброз, эмфизема, морфогенез.

Кіріспе

Иондаушы радиацияның тірі организмге жағымсыз әсеріне арналған ғылыми-зерттеу нәтижелерінің мол болғанына қарамастан, «шағын» дозалы сәулеленудің сан алуан аспектілеріне, әсіресе патологиялық үдерістердің дамуы кезеңіндегі созылмалы аурулардың прогрессиясымен айқындалатын кешеуілдетілген салдарына заманауи патоморфологтардың қызығушылығы жылдан-жылға тек артып бара жатыр [1]. Иондағыш сәуленің ингаляциялық әсерінен дамитын ішкі ағзалардағы морфофункционалды өзгерістердің жалпы заңдылықтары мен мүмкін механизмдерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар қол жетімді әдебиет арасында табылған жоқ. Зерттелген жұмыстардың нәтижелері, көбінесе β- мен γ-сәулелердің тірі организмдерге ықпалының тек кейбір ғана аспектілеріне арналған [2]. Осы саладағы зерттеушілердің карама-қайшы пікірлері мен көзқарастары әр түрлі иондаушы сәулеленудің биологиялық объектілерге әсерін бағалаудың радиобиологиядағы өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдеген [3]. Ғалымдардың еңбектеріне сай, клиникалық пен эксперименттік зерттеулер нәтижелері арасындағы сәйкессіздіктің байқалуы, көбінесе адамдар популяциясының жоғары гетерогенділігі мен радиация ықпалының сипатына байланысты екенін көрсеткен [4]. Алайда, иондағыш сәулелердің биологиялық әсерлерін терең бағалау мақсатында жануарларға өткізілетін эксперименттік зерттеулердің жоғары орын алатыны еш күмән тудырмайды. Әсіресе, «шағын» дозалы сәулелер жүзінде бұл мәселеге соңғы жылдары айтарлықтай ерекше көңіл бөлініп отыр [5]. Бірқатар ғалымдардың зерттеу мәліметтері бойынша, сәуле әсерінен туындайтын тіндердегі өзгерістер бірнеше секундтан немесе онжылдықтардан кейін дамып, ағзалардағы жасуша қызметінің нашарлауына, генетикалық, ісіктік және т.б. аурулардың пайда болуына алып келуі ықтимал [6].

Тыныс ағзаларына ішкі мен сыртқы иондаушы сәулеленудің зақымдаушы әсерін салыстырмалы түрде бағалау жайында жүйелік мәліметтердің жеткіліксіз болуы, әсіресе нейтронды-белсендірілген марганец диоксиді (⁵⁶Mn) әсері кезіндегі өкпенің респирациялық бөлімдері мен бронх құрылымдарын гистоморфология жүзінде зерттеу бойынша ғылыми деректердің жоқ болуы – өкпенің патологиялық өзгерістерін интерпретациялап, морфофункционалды ерекшеліктерін терең зерттеуді жүзеге асыруға себепші болды [7]. Иондаушы сәулелену мен басқа да физикалық факторлар ықпалынан тыс туындаған пневмония кезіндегі өкпенің патологиялық өзгерістерін аңғарудың қиыншылығына байланысты көптеген ғылыми жарияланымдарда ұсынылған зерттеу нәтижелері бірқатар жағдайларда ғалымдардың карама-қайшы пікірлерін тудырады [8]. Өкпенің гистологиялық құрылымын анықтау мақсатында, ішкі иондаушы сәулелену әсеріне адамның реакциясын имитациялай алатын эксперименттік жануарлардың альтернативті үлгісін құрастырудың маңызы зор екені күмәнсіз.

Тыныс алу жүйесінің морфологиялық бағасы, негізінен радиациялық ықпалдың констатациясы мен болжамы үшін анағұрлым тиімді зертханалық анықтау әдістерінің бірі болып табылады [9].

Жапония, Ресей мен Қазақстан ғалымдарының бірігіп жүргізген эксперименті барысында, егеуқұйрықтардың ағзаларындағы ^{56}Mn белсенділігін анықтау арқылы ішкі иондаушы сәулелелеудің дозалары бағаланған. Бұл халықаралық жоба жүзінде өткізілген эксперименттердің алғашқы нәтижелеріне сай, өкпенің β -сәулелеу әсеріне аса радиосезімтал ағзалардың бірі екені анықталған. Нейтрондармен белсендірілген ^{56}Mn күйіндегі ұнтақты ерікті вентиляциясымен тозандандыру жүзінде сәулелендірілген егеуқұйрықтардың өкпесіндегі сіңірілген доза мөлшері – 0,1 Гр көрсеткішін құраған [10].

Зерттеу мақсаты

Ғылыми әдебиеттердің нәтижелерін пайдаланып, шағын дозалы иондаушы сәулелелеудің әр түрлері ықпал етуі кезіндегі тіндерде жүзеге асатын липидтердің асқын тотығу жағдайын талдау.

Материалдар мен әдістер

Алға қойылған мақсатты орындау үшін ғылыми публикациялар іріктеліп, талқыға салынған. Әдеби шолуды іске жүзеге асыру үшін «шағын дозалы сәулелеу», «өкпе», «пневмонит», «фиброз», «эмфизема», «морфогенез» деген түйінді элементтері қолданылып, «Google Scholar» ғылыми іздеу жүйесі арқылы PubMed, Medline, e-library, Cochrane базасында индекстелген еңбектер ұсынылған. Ғылыми ақпаратты таңдау алдында келесі шарттар ескерілген: 2011-2020 жылдар аралығындағы тышқан мен егеуқұйрықтарға жасалған эксперименттік зерттеулер мен ағылшын, жапон және орыс тілдеріндегі мақалалардың толық мәліметтері қолданылған (ғылыми және тарихи тұрғыдан бағалы публикацияларды зерттеу барысында ескілеу сілтемелер де алынған). Жалпы алғанда, 982 әдеби қайнар көздері табылып, талдауға олардың 60 мақаласы алынған. Автоматты түрде іздеу сатысы тәмамдалған соң берілген шолуға негізделген ғылыми ақпаратты сараптау жұмыстары қарапайым жолмен де жүзеге асырылған.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Талай жылдар бойы жүргізілген клиникалық-эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сай, экологиялық қаупі бар қолайсыз аймақтардағы тұрғындарда аңғарылған сырқаттардың ішінен, әсіресе жапон қалаларындағы атом бомбалауына ұшырағандардың ^{56}Mn элементі бар радийбелсенді тозаңын жұту салдарынан туындаған синдромдардың арасынан өкпе патологиясы жетекші орындардың бірін алып отыр [7]. Заманауи радиобиологтардың бұл мәселеге қызығушылығы түрлі радиациялық апаттар жүзіндегі «шағын» дозалы ішкі мен сыртқы иондаушы сәулелелеудің әсерінен дамиды деп өкпе зақымданулары нәтижесіндегі өлім статистикасының жоғарылағанынан кейін арта бастады [11].

Ғалымдар радиацияның адам организміне биологиялық әсерін зерттеу барысында, өкпенің иондаушы сәулелелеуге айқын доза тәуелді жауап қайтаратынын көрсеткен. Бұған дәлел ретінде сәуле әсерінен өкпе тінде дамиды деп созылмалы қабыну мен диффузды фиброз үдерістері бола алады [12]. Өкпенің радиациялық зақымданулары туралы ғылыми деректердің мол болғанына қарамастан, патогенез бен морфогенез жүзіндегі механизмдерді анықтау – көптеген заманауи ғалымдардың алға қойған міндеттерінің бірі болып саналады [13].

Иондаушы сәулеленуден кейін қалыптасатын тыныс ағзаларындағы өзгерістер олардың сәуле әсеріне төзімділігі мен сезімталдығына байланысты екенін айта кеткен жөн. Мысалы, тыныс жолдарының шеміршек тіні мен өкпеқап радиация әсеріне төзімді болса, өкпенің лимфа тіні мен қантамырлық жүйесі, сондай-ақ бронхиолалық эпителий мен альвеола жасушалары радиацияға анағұрлым сезімтал болып келеді [14].

Ішкі мен сыртқы сәулеленуден кейінгі өкпе зақымдануларының жіті мен жітілеу түрі – радиациялық немесе сәулелік пневмонит екені мәлім. Бұл синдром, негізінен патогенезі жүзінде бронхтардың бұзылыстарымен, ұсақ қантамырлар қабырғалары өткізгіштігінің жоғарылауымен және плазма нәруыздарының босап шығуымен сипатталады [15]. Ал микроскопия жүзінде радиациялық пневмонит ателектаздың дамуымен, дәнекер тіндік организациясымен, серозды-фибринозды альвеолиттің дамуымен, эпителий десквамациясымен, өкпе қылтамырларының эндотелий пролиферациясы мен саңылауының обтурациясымен, интерстиций тіні

қалыңдауымен, сондай-ақ перивазальді және перилимфалық тіндердің альтерациясымен көрінеді. Бұл өзгерістер кейде қайтымсыз үдерістерге де айналуы ықтимал [16].

Өкпе тініндегі қабынулық серпілістердің клиникалық көріністері әдетте жөтел мен ентігудің дамуымен және тыныс жетіспеушілігінің басқа да әйгіленімдерімен сипатталады [12]. Радиация әсері нәтижесінде туындайтын тыныс ағзаларындағы өзгерістер сәулелік патологияның клиникалық пен анатомиялық белгілері бойынша толығымен сәйкес болатыны ғалымдардың еңбектерінде байқалған [17]. Сонымен, клиникалық-морфологиялық зерттеулер барысында, сәулелеу әсерінен туындайтын өкпе тінінің зақымданулары, көбінесе қабынулық-инфльтрациялық пневмониттің нәтижесінде дамитын тыныс жетіспеушілігімен сипатталатыны анықталған [18]. Сөйтіп, пневмониттің қабынулық-инфльтрациялық түрі бірте-бірте өкпе фиброзына (фиброздаушы пневмонитке) айналып, денсаулықтың күрт нашарлауына, тіпті өлімге алып келуі де ғажап емес [19].

Иондаушы радиацияның салдарынан туындайтын өкпе тінінің зақымданулары созылмалы қабыну реакцияларын ынталандыру арқылы ісіктік жасушалардың өсуіне жол беретіні ғалымдардың еңбектерінде дәлелденген [16]. Хиросима мен Нагасаки қалаларындағы атом бомбасы жарылуына душар болған халықтың денсаулығын зерттеу барысында, ең алдымен онкологиялық патологияның басым болғаны анықталған [20]. Әдеби мәліметтерге сай, атом бомбалауынан кейін тірі қалған жандар мен ядролық реактор жұмысшылары арасында анағұрлым кең таралған неоплазмалық аурулардың бірі – өкпе обыры екені көпшілікке мәлім. Бұл патология, онкологтардың айтуынша, радиотерапия салдарынан дамитын екіншілік ісіктердің төрттен-бір бөлігін құрайды [21]. Өкпе обырынан емделу барысында, торакальді сәулелендіруді бейадекватты түрде қолдану нәтижесінде өкпеде кейде қайтымсыз патологиялық үдерістердің дамуы салдарынан кейбір науқастардың келешекте тыныс жетіспеушілігінен жан тапсыруы да ықтимал [22].

Шағын дозалы сәулеленудің әсері кезінде өкпеде қалыптасатын кеш патологиялық үдерістер радиотерапиядан кейін бірнеше ай өткен соң көріне бастайды. Әсіресе, өкпенің құрылымдық элементтерінің фиброзды-склероздық үдерістері анағұрлым жиі кездеседі [23]. Сәулелік емдеуден кейін туындайтын өкпе зақымдануларының даму механизмі қабынулық, фибробласттық және эпителиальді жасушалардың радиациялық бүліністерімен тығыз байланысты екені Патологоанатомдардың еңбектерінде байқалған [19]. Өкпенің пострадиациялық бүліністерін аурудың күшейе түсуі кезінде пайда болатын метастаздық зақымданулардан дифференциациялаудың да маңызы зор екенін айтып өткен жөн [24]. Радиотерапиядан кейінгі өкпеде туындайтын гистологиялық өзгерістер туралы мәліметтердің жеткіліксіздігі, көбінесе науқастардың диагностикалық торакотомияны өткізуге келісім бермеуімен байланысты болып отыр [25].

Соңғы жылдары сәулелік терапияның асқынулары ретінде дамитын өкпенің диффузды паренхималық аурулардың бірі – организацияланушы пневмонияның патогенезі мен морфогенезін терең зерттеу де заманауи ғалымдардың зор қызығушылығын арттырып отыр. Ғылыми деректерге сай, пострадиациялық организацияланушы пневмонияның клиникалық белгілері сүт бездерінің обырына қарсы радиотерапияны қабылдаған әйелдерде тереңірек зерттелген [26]. Сәуле әсеріне ұшыраған өкпедегі қабынулық ошақтар ақырындап өкпеқаптың төменгі бөлімдеріне тарала бастайды. Бұл аурудың морфологиялық көрінісі респираторлық бронхиолалар саңылауындағы пролиферациялаушы фибробласттар мен миофибробласттардан тұратын полип тәріздес грануляциялық тіннің қалыптасуымен, сондай-ақ лимфоцитарлық альвеолиттің дамуымен сипатталады [27]. Организацияланушы пневмонияға қарағанда, радиациялық пневмонит әрқашан да фиброздың қалыптасуымен қабаттаса жүреді және ешқашан да рецидив бермейді [28].

Әдеби мәліметтерге сай, өкпенің пострадиациялық зақымданулары сан алуан типті нысана жасушаларының белсенуімен және қабыну медиаторларының босап шығуымен сипатталады [24]. Радиациялық пневмониттің негізінде жатқан молекулалық механизмдер күрделі де, толығымен ашылмаған болса да, бірқатар ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері бойынша, бұл

синдромның патогенезі жүзінде қабынулық медиаторлардың алатын орны ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн [29]. Ғалымдар төмен дозалы γ -сәуле әсеріне ұшыраған егеуқұйрықтарға тәжірибе жүргізу барысында, өкпе салмағының артуын, өкпе қантамырлары бүліністерін, оң жақ қарыншаның гипертрофиясын, өкпелік қантамырлар қарсыластығының күшеюін, сондай-ақ өкпелік ангиотензин-айналдырушы ферменті белсенділігінің төмендеуін байқаған. Бұл белгілердің бәрі экспозициядан кейінгі бірнеше тәулік пен апталар өткен соң пайда болатын клиникалық көріністерімен сәйкестіріліп, расталған [30].

Созылмалы қабыну жағдайындағы өкпе тінінің тұрақты зақымданулары мен жасуша пролиферациясы оттегінің белсенді түрлерінің әсерімен байланысты екені мәлім. Авторлардың γ -сәуле әсерінен өкпе тінінде белсенді радикалдар мен молекулалық өнімдердің, әсіресе молекулалар құрылымын екіншілік түрде өзгертетін тотықтардың пайда болатынын айқындаған. Сәулелену нәтижесінде молекулалық оттегі тотықсыздандырғыштың белсенді өнімдерімен қарым-қатынасқа түсуі арқылы оттегінің белсенді түрлерінің түзілуін іске қосады. Соңғысы цитокиндер мен басқа да бірқатар медиаторлармен бірлесе, өкпеде бірқатар патологиялық үдерістердің дамуын тудырады [31]. Қанықпаған липидтердің дегидратациясы кезіндегі асқын тотығу нәтижесінде липидтердің асқын тотығуы өнімдері түзіледі. Ғалымдардың пікірінше, олар биомембраналардың құрылымдық модификациясы мен физикалық-химиялық қасиеті өзгеруінің үдерістерінде маңызды рөл атқарады. γ -сәулеленуден кейінгі еркін радикалдардың әсерінен өкпе тіні гомогенатындағы липопероксидация өнімдерінің жиналуы антиоксидантты жүйелердің қалжырауы нәтижесінде жүзеге асатыны авторлардың еңбектерінде байқалған. Липопероксидация үдерісі өкпелік жасушалар мембранасының құрылымына зиянды әсерімен де, мутагендік пен канцерогендік өнімдердің ынталануымен де сипатталады [32]. Бұл өнімдердің тым артық жиналуы биологиялық мембраналарға бүлдіргіш әсер етуімен қатар, тотықтандырғыш ферменттердің, әсіресе липооксигеназалар мен моноаминоксидазалар белсенділігінің жоғарылауын және басқа да маңызды биохимиялық үдерістердің бұзылуын тудырады. Жасуша мембранасындағы липопероксидация серпілісі апоптоз құбылысы арқылы жасушаның өліміне де алып келеді [33].

Жасуша зақымданулары ғалымдардың айтуына қарағанда, сәуле әсеріне тіндер толеранттылығының әлсіреуі салдарынан тіндерден жасушалық факторлардың босап шығуы мен қабынулық типті серпілістердің күшеюі нәтижесінде туындайды [34]. Авторлардың пікірінше, тышқандардың сан алуан тұқымдары пострадиациялық цитокиндік жауап қайтаруымен және әр түрлі бейімделу серпілістерімен ерекшеленеді [35]. Тәжірибе жүзінде егеуқұйрықтардың кеудесін сәулелендіру барысында, нейтрофилдердің, моноциттердің, лимфоциттер мен базофилдердің белсене түсуі анықталған. Бұл жасушалар цитокиндер мен хемокиндердің жергілікті және жүйелі экспрессиясына жауап береді [36]. Ғылыми деректерге сай, радиацияның тікелей әсері салдарынан зақымданған альвеолалық пен интерстициальді жасушалардан босап шығатын қауіпті медиаторлар қабыну үдерісін іске қосады. Осы сәтте альвеолалық кеңістіктің экссудатпен толуы байқалады [37].

Ғалымдардың егеуқұйрықтарға жасаған тәжірибелерінде сәуле әсерінен кейін 3-ші тәулікте өкпенің интерстициальді тінінің қабынулық жасушалармен айқын емес инфильтрациялануын байқаған. Алғашқы тәуліктер ішінде альвеолалар мен интерстицийде қабынулық жасушалардың пайда болуы пневмонит сатысына сәйкес болып келеді [38]. Басқа ғалымдардың жүргізген жұмыстарында экспозициядан кейінгі 14-ші тәулікте альвеолааралық гиалинді материалдардың және гемосидеринге толы макрофагтардың түзілуі, сондай-ақ көпіршікті макрофагтардың агрегациясы және т.б. өкпенің орташа ауырлық деңгейіндегі өзгерістер аңғарылған. Одан арғы уақытта альвеолалық қабыну белгілері айқындалып, альвеолааралық пен интерстициальді аймақтарда коллагеннің синтезі бірте-бірте арта бастағанын көруге болады. Сәулеленуден кейін 2 ай өткен соң қабынулық жасуша инфильтрациясы мен гиалинді материалдардың белгілі бір деңгейде фрагментациялануы ерекше көзге түседі [39]. Бұған қоса, ашық кеңістіктегі фибринді экссудаттың пайда болуын да айтып кетуге болады. Авторлардың айтуына қарағанда, коллаген синтезінің күшеюі фиброздың

кеш сатысымен корреляцияланады. Бұл кезде өкпеде фиброз ошақтарының көбейе бастағаны анықталады [40]. Фиброгенез сатысы фибробласттардың біртектес ошақтары қалыптасуымен қатар, өкпе тініндегі екіншілік айқын лейкоциттік инфильтрациясымен сипатталады. Фиброз ошақтарының бірігуі нәтижесінде өкпенің реструктуризациясы дамуы ықтимал. Бірқатар ғалымдардың зерттеу мәліметтері бойынша, өкпе интерстицийінде коллагеннің көп мөлшерде жиналуымен сипатталатын фиброз үдерісі газ алмасу бұзылымдарына алып келеді [41].

Патологоанатом мамандардың морфологиялық зерттеу нәтижелеріне сай, «шағын» дозалы радиацияның әсері салдарынан 3-ші айда көп ошақты альвеолалық реактивті өзгерістер, яғни аздаған ісінулер, альвеола қабырғаларында жасуша санының бірыңғай жоғарылауы және интерстициальді қабыну ошақтары ерекше орын алады. Бұл белгілер альвеолалық пен қантамырлық қабырғалардың қалындауымен, склероздың дамуымен және некроздалған массалардың дәнекерленуімен жүзеге асады [42]. Сәулеленген егеуқұйрықтардың өкпе тіні гистология жүзінде, артерия қабырғаларының қатпаршақталуы мен деструктуризациясымен, гранулемалық массалардың жиналуымен, альвеолалардың тым үлгіленуімен, сонымен қатар дегенерацияланған эпителий жасушаларының қалдықтары бар керілген және тарамданған бронхиолаларымен, сондай-ақ олардың маңын қоршап жатқан тығыз талшықты қабаттардың жыртылған эпителиймен көрінеді [43].

Бірқатар патологтардың зерттеу мәліметтері бойынша, радиотерапия қабылдаған науқастардың өкпе фиброзы мен эмфиземаның үйлесуі кезіндегі анықталатын эмфиземалық ошақтар мен өкпе паренхимасындағы дәнекер тінінің ұлғаюы, көбінесе идиопатиялық өкпелік фиброзға тән жағымсыз салдарымен аяқталуы мүмкін [44]. Идиопатиялық өкпелік фиброз – демікпенің, созылмалы бронхит пен бронхоэктаздың және басқа да тыныс жолдарының қабынулық ауруларының дамуы мен біртіндеп күшейе түсуінің ажыратылмас бөлігі болып табылады. Бұл патология кезіндегі тыныс жолдарындағы зақымданулар өкпе қызметінің қайтымсыз бұзылыстарына алып келетіні күмәнсіз [45].

Өкпе фибробласттары пролиферациясының механизмдерін одан әрі зерттеу заманауи ғалымдардың қызығушылығын арттырып отыр. Авторлардың пікірінше, фибробласттар – экстрацеллюлалық матриктің негізгі көзі болып табылатын дәнекер тініндегі кең таралған жасушалардың бірі. Фибробласттардың трансформациясы фиброздық фенотиптің жоғарғы сатысы болып саналатын миофибробласттар қалыптасуының классикалық сигналдық жолдары арқылы жүзеге асады [46]. Бұл жасушаларға ынталандырушы және тежеуші цитокиндерді өндіру қабілеті тән. Осыған орай, бірқатар ғалымдар фибробласттардың репарациялық үдерістерді реттеудегі алатын орны ерекше деп бағалаған. Сондықтан фибробласттар әрекетінің нашарлауы матриктің қалпына келуін тежейді. Ал бұл құбылыс өз кезегінде жасуша регуляциясының бұзылыстарына алып келуі ықтимал [47]. Фибробласттардың макрофагтармен тікелей байланысы нәтижесінде олардың жетілуі және пролиферациясының миграциясы мен жылдамдауы, коллаген синтезі мен секрециясы, сонымен бірге белсенді фибриллогенездің белсенуі күшейеді. Коллаген талшықтары фибробласт плазмолеммаларымен әрекеттесуі жүзінде коллаген синтезі мен бөлінуі тежеліп, бірталай жасушалар бүлініске ұшырайды да, ал бүлінбей қалған жасушалар төмен белсенді фиброциттерге айналып кетеді. Алайда, коллаген синтезінің белсенуі оның ыдырауымен де қабаттаса жүретінін айта кеткен жөн. Бұл үдеріс, ғалымдардың айтуынша, нейтрофилдермен, макрофагтармен және фибробласттармен бөлінетін коллагеназа ферменті арқылы жүзеге асады [48]. Ғалымдардың жасаған қорытындыларына сай, өкпе тінінің радиациялық бүліністері негізінде ұсақ қантамырлар зақымдануларының алатын орны ерекше екенін де ұмытпаған жөн. Ғалымдардың жорамалы бойынша, қантамырлық эндотелийдің зақымданулары иондаушы сәулелеуден кейінгі қабынулық пен фиброздық серпілістердің дамуында маңызды рөл атқарады [29]. Өкпенің пострадиациялық микроциркуляция бұзылымдарының қабыну үдерістерімен байланысын зерттеу, әдетте бірнеше минуттан бірнеше жылдарға дейін созылуы ықтимал. Сондықтан радиациялық бүліністерді ерте және кешеуіл деп бөлуге болады. Мұндай жіктелу сәуле әсерінен зақымданған өкпенің гистологиялық құрылымы өзгерістерінің механизмдерін тереңдеу түсінуге мүмкіндік береді [49].

Ғылыми мәліметтерге сай, эксперименттік жануарлар өкпесінің құрылымдық жағдайын анықтайтын гистологиялық зерттеу әдістері кешеуілдеу мерзімі аясында туындаған айқын патологиялық өзгерістердің реактивті және деструкциялық сипатын көрсеткен. ^{56}Mn әсеріне ұшыраған егеуқұйрықтардың зерттеуге алынған өкпеде қалыптасқан ерте және кешеуілдеу мерзімі аясындағы тіндік құрамының өзгеруі, негізінен MnO_2 ұнтағы мен ^{60}Co әсеріне қарағанда, ішкі иондаушы сәулеленудің анағұрлым улы, фиброгенді және сенсбилизациялаушы ықпалын білдіреді. Нейтронды-белсендірілген марганец диоксиді мен сыртқы иондаушы сәулеленудің (^{60}Co), сондай-ақ белсендірілмеген марганец диоксидінің (MnO_2) егеуқұйрықтардың өкпесіне әсерін салыстырмалы түрде бағалау барысында, морфометриялық әдісті қолдану арқылы сәйкес сандық көрсеткіштер көмегімен кешеуілдеу мерзімі аясында тәжірибелік топтардағы жануарлар өкпесінде аңғарылған патологиялық өзгерістермен салыстырғанда, айқын дистрофиялық, қабынулық пен некроздық үдерістердің ^{56}Mn әсерінен кейін жүзеге асатыны дәлелденген [50]. Ішкі мен сыртқы иондаушы сәулеленуден кейінгі егеуқұйрықтардың өкпесінде морфофункционалды бұзылымдар кешеуілдеу мерзімі аясындағы қалыптасқан жасушалық пролиферацияны айқындайтын Ki-67 иммунды гистохимиялық көрсеткішінің өзгеруімен жүзеге асады. Сәулеленген егеуқұйрықтардың өкпесінде p53 иммунды гистохимиялық маркерін анықтау барысында, мүмкін дамитын неоплазиялық трансформацияның қалыптасуы жүзіндегі диагностикалық құндылығы көрсетілген [51].

Әдеби мәліметтерді талдау барысында, «шағын» дозалы иондаушы сәулеленудің өкпеге әсері жасушалық өлім мен бастапқы иммундық серпілістердің дамуы түрінде жүзеге асатын пневмонит пен өкпе фиброзы үдерістерінің іске қосылуымен сипатталатыны анықталған [59]. Радиобиология мен радиациялық медицина саласындағы заманауи ғалымдардың ойынша, әр түрлі иондаушы сәулеленудің өкпе тініне зақымдаушы әсерін бағалау жүзіндегі ортақ пікірлер әлі күнге дейін қалыптаспай жатыр. Сонымен, «шағын» дозалы ішкі мен сыртқы иондаушы сәулеленуден кейін туындайтын өкпедегі жасушалық пен тіндік деңгейдегі патологиялық үдерістерді анықтау мен салыстырмалы баға беру – радиация әсеріне душар болған халықтың тыныс алу жүйесі ағзаларындағы морфологиялық өзгерістердің болашақта диагностикалық критерийлерін жетілдіруге мүмкіндік беретіні еш күмән тудырмайды [52].

Қорытынды

Сонымен, шетелдік пен отандық әдеби шолу барысында шағын дозалы ішкі мен сыртқы сәулеленудің өкпенің тіндік құрылымына зақымдаушы ықпалы, негізінен морфофункционалды өзгеруімен тікелей байланысты екені дәлелденген. Дегенмен, жасуша деңгейінде нейтронды-белсендірілген марганец диоксидінің зиянды әсері жайлы патологоанатом-ғалымдардың ортақ пікірлері күні бүгінге дейін қалыптаспағаны шүбәсіз.

Хиросима мен Нагасаки қалаларындағы атом бомбалауы салдарынан зардап шеккендер үшін негізгі нейтронды белсендірілген радионуклидтердің бірі – ^{56}Mn пен ^{60}Co болғандықтан, тәжірибе жүзінде егеуқұйрықтарды және тышқандарды реакторлық нейтрондармен белсендірілген ^{56}Mn радионуклидімен сәулелендіру және өкпедегі дозасын бағалау нәтижелері нейтронды сәулеленудің биологиялық ықпалын зерттеу мен интерпретациялау мүмкіндігін туғызады. Осыған орай, қазіргі уақытта β - мен γ -сәулеленудің өкпе тініне әсерін жасуша деңгейінде салыстырмалы түрде тәжірибе жүзінде морфология тұрғысынан жан-жақты зерттеу зор қызығушылық тудыратыны күмәнсіз.

Әдебиет

1. *A comparative dose-response relationship between sexes for mortality and morbidity of radiation-induced lung injury in the rhesus macaque/ Karla D., Thrall S., Mahendra M.K. et al. // Health Phys. – 2019. - Vol. 116, N 3. - P. 354–365.*
2. *A Further comparison of pathologies after thoracic irradiation among different mouse strains: finding the best preclinical model for evaluating therapies directed against radiation-induced lung damage/ Jackson I.L., Vujaskovic Z., Down J.D. et al. // Radiat. Res. – 2011. – Vol. 175, N 4. – P. 510-518.*
3. *Farhood B., Aliasgharzadeh A., Amini P. Mitigation of radiation-induced lung pneumonitis and fibrosis using metformin and melatonin. a histopathological study // Medicina. – 2019. – Vol. 417. – 55 p.*
4. *A preclinical rodent model of radiation-induced lung injury for medical countermeasure screening in accordance with the fda animal rule/ Jackson I.L., Xu P., Hadley C. et al. // Health Phys. – 2012. – Vol. 103, N 4. – P. 463-473.*

5. Cellular senescence and radiation-induced pulmonary fibrosis/He Y., Thummuri D., Zheng G. et al. // *Translational Research*. – 2019. – Vol. 209. – P. 14-21.
6. Paiman A., Hana S., Mohammad R.N. Radiation-induced lung pneumonitis and fibrosis in rats // *Int. J. Mol. Cell. Med.* – 2018. – Vol. 7, N 4. – P. 212-219.
7. Park H.R., Jo S.K., Jung U. Ionizing radiation promotes epithelial-to-mesenchymal transition in lung epithelial cells by *tgf- β* -producing macrophages // *In vivo*. – 2019. – Vol. 33. – P. 1773-1784.
8. Late effects of low-dose radiation on the bone marrow, lung, and testis collected from the same exposed BALB/cJ mice witawat/ Jangiam W., Udomtanakunchai C., Reungpatthanaphong P. // *Dose-Response*. – 2018. – Vol. 16, N 4. – P. 256-271.
9. Lung and heart injury in a nonhuman primate model of partial-body irradiation with minimal bone marrow sparing: histopathological evidence of lung and heart injury/Parker G.A., Li N., Takayama K. et al. // *Health Phys.* – 2019. – Vol. 116, N 3. – P. 383–400.
10. Internal exposure to neutron-activated ⁵⁶Mn dioxide powder in Wistar rats: part 1: dosimetry/Stepanenko V., Rakhyzbekov T., Otani K. et al. // *Radiation and Environmental Biophysics*. – 2017. – Vol. 56, N 1. – P. 47–54.
11. Облучение экспериментальных животных активированной нейтронами радиоактивной пылью: разработка и реализация метода – первые результаты международного многоцентрового исследования/Степаненко В.Ф., Рахыпбеков Т.К., Каприн А.Д. и др. // *Радиация и риск*. – 2016. – Т. 25, № 4. – С. 112–125.
12. Morphological features of pulmonary fibrosis in workers occupationally exposed to alpha radiation/Sychugov G., Azizova T., Osovsyts S. et al.// *Int. J. Radiat. Biol.* – 2020. – Vol. 6. – P. 101-113.
13. *Ophiopogon japonicus* inhibits radiation-induced pulmonary inflammation in mice/Yao Q.W., Wang X.Y., Li J.C. et al.// *Annals of Translational Medicine*. – 2019. – Vol. 7, N 22. – 622 p.
14. Recurrent DNA damage is associated with persistent injury in progressive radiation-induced pulmonary fibrosis/ Beach T.A., Groves A.M., Johnston C.J. et al. // *Int. J. Radiat. Biol.* – 2018. – Vol. 94, N 12. – P. 1104-1115.
15. Морфогенез низкодозового радиационно-индуцированного повреждения иммунокомпетентных клеток (Обзор литературы)/ Узбеков Д.Е., Шабдарбаева Д.М., Чайжунусовой Н.Ж. и др. // *Астана медицина журналы*. – 2019. – № 2. – С. 55-64.
16. MacVittie T.J., Farese A.M., Parker G.A. The time course of radiation-induced lung injury in a nonhuman primate model of partial-body irradiation with minimal bone marrow sparing: clinical and radiographic evidence and the effect of neupogen administration // *Health Phys.* – 2019. – Vol. 116, N 3. – P. 366–382.
17. Lung stereotactic arc therapy in mice: development of radiation pneumonopathy and Influence of HIF-1 α endothelial deletion/ Lavigne J., Suissa A., Verger N. et al. // *Int. J. Radiation Oncol. Biol. Phys.* – 2019. – Vol. 29. – P. 101-112.
18. Development and licensure of medical countermeasures to treat lung damage resulting from a radiological or nuclear incident/DiCarlo A.L., Jackson I.L., Shah J.R. et al. // *Radiation Research*. – 2012. – Vol. 177, N 5. – P. 717–721.
19. Internal exposure to neutron-activated ⁵⁶Mn dioxide powder in Wistar rats – Part 2: pathological effects/ Shichijo K., Fujimoto N., Uzbekov D. et al. // *Radiation and Environmental Biophysics*. – 2017. – Vol. 56, N 1. – P. 55–61.
20. Modeling radiation-induced lung injury: lessons learned from whole thorax irradiation/ Beach T.A., Groves A.M., Williams J.P. et al. // *Williams Int. J. Radiat. Biol.* – 2020. – Vol. 96, N 1. – P. 129-144.
21. Dose-volume histogram parameters for predicting radiation pneumonitis using receiver operating characteristic curve/ Wang D., Shi J., Liang S. et al. // *Clinical and Translational Oncology*. – 2013. – Vol. 15, N 5. – P. 364–369.
22. Jenkins P., Welsh A. Computed tomography appearance of early radiation injury to the lung: correlation with clinical and dosimetric factors // *International Journal of Radiation Oncology, Biology, Physics*. – 2011. – Vol. 81, №1. – P. 97–103.
23. Clinical and dosimetric predictors of radiation pneumonitis in a large series of patients treated with stereotactic body radiation therapy to the lung/ Baker R., Han G., Sarangkasiri S. et al. // *International Journal of Radiation Oncology, Biology, Physics*. – 2013. – Vol. 85, N 1. – P. 190–195.
24. Diederich S. Chest CT for suspected pulmonary complications of oncologic therapies: how I review and report // *Cancer Imaging*. – 2016. – Vol. 16. – 7 p.
25. The delayed pulmonary syndrome following acute high-dose irradiation: a rhesus macaque model/ Garofalo M., Bennett A., Farese A.M. et al. // *Health Physics*. – 2014. – Vol. 106, N 1. – P. 56–72.
26. New dose constraint reduces radiation-induced fatal pneumonitis in locally advanced non-small cell lung cancer patients treated with intensity-modulated radiotherapy/ Khalil A.A., Hoffmann L., Moeller D.S. et al. // *Acta Oncologica*. – 2015. – Vol. 54, N 9. – P. 1343–1349.
27. Radiation-induced pulmonary injury accelerated pulmonary metastasis in a mouse model of breast cancer/ Gong H.Y., Hu W.G., Hu Q.Y. et al.// *Oncology Letters*. – 2015. – Vol. 10, N 6. – P. 3613–3618.
28. Maddams J., Parkin D.M., Darby S.C. The cancer burden in the United Kingdom in 2007 due to radiotherapy // *International Journal of Cancer*. – 2011. – Vol. 129, N 12. – P. 2885–2893.
29. A case of small cell lung cancer treated with concurrent chemoradiotherapy with carboplatin plus etoposide in a hemodialysis patient/ Terashima T., Iwami E., Chubachi S. et al. // *Gan To Kagaku Ryoho*. – 2016. – Vol. 43, N 1. – P. 99–101.
30. Evaluation of gamma radiation-induced cytotoxicity of breast cancer cells: Is there a time-dependent dose with high efficiency?/ Fazel M., Mehnati P., Baradaran B., Pirayesh J. // *Indian Journal of Cancer*. – 2016. – Vol. 53, N 1. – P. 25–28.
31. Relationship between radiation pneumonitis and organizing pneumonia after radiotherapy for breast cancer/Oie Y., Saito Y., Kato M. et al. // *Radiation Oncology*. – 2013. – Vol. 8. – 56 p.
32. Radiation-induced organizing pneumonia after stereotactic body radiotherapy for lung tumor /Ochiai S., Nomoto Y., Yamashita Y. et al. // *Journal of Radiation Research*. – 2015. – Vol. 56, N 6. – P. 904–911.

МАҚАЛАЛАРҒА ШОЛҮ

33. *Modulation of radiation-induced alterations in oxidative stress and cytokine expression in lung tissue by Panax ginseng extract/ Jang S.S., Kim H.G., Han J.M. et al. // Phytotherapy Research. – 2015. – Vol. 29, N 2. – P. 201–209.*
34. *Radiation damage to the lung: mitigation by angiotensin-converting enzyme (ACE) inhibitors/ Medhora M., Gao F., Jacobs E.R., Moulder J.E. // Respiriology. – 2012. – Vol. 17, N 1. – P. 66–71.*
35. *Effects of exposure to radioactive ⁵⁶MnO₂ powder on hyaluronan synthase 2 in the lungs of rats/Kairkhanova Y., Saimova A., Uzbekov D. et al. // Georgian Medical News. – 2017. – N 3 (270). – P. 120–124.*
36. *Pietrofesa R.A., Solomides C.C., Christofidou-Solomidou M. Flaxseed mitigates acute oxidative lung damage in a mouse model of repeated radiation and hyperoxia exposure associated with space exploration // Journal of Pulmonary and Respiratory Medicine. – 2014. – Vol. 4, N 6. – P. 215–224.*
37. *ICRP Publication 118: ICRP Statement on tissue reactions, early and late effects of radiation in normal tissues and organs-threshold doses for tissue reactions in a radiation protection context/Stewart F.A., Akleyev A.V., Hauer-Jensen M. et al. // Annals of the ICRP. – 2012. – Vol. 41, N 1/2. – 322 p.*
38. *The inflammasome accelerates radiation-induced lung inflammation and fibrosis in mice/Sohn S.H., Lee J.M., Park S. et al. // Environmental Toxicology and Pharmacology. – 2015. – Vol. 39, N 2. – P. 917–926.*
39. *Radiation pneumonitis changes over time after stereotactic body radiation therapy for lung tumors: post-treatment cavity (Sunny-side-up Egg-like) changes/ Maebayashi T., Ishibashi N., Aizawa T. et al. // Anticancer Research. – 2016. – Vol. 36, N 10. – P. 5563–5570.*
40. *Development of a small animal model to simulate clinical stereotactic body radiotherapy-induced central and peripheral lung injuries/Hong Z., Eun S.H., Park K. et al. // Journal of Radiation Research. – 2014. – Vol. 55, N 4. – P. 648–657.*
41. *Reovirus-associated reduction of microRNA-let-7d is related to the increased apoptotic death of cancer cells in clinical samples/ Nuovo G.J., Garofalo M., Valeri N. et al. // Modern Pathology. – 2012. – Vol. 25, N 10. – P. 1333–1344.*
42. *Paun A., Kunwar A., Haston C.K. Acute adaptive immune response correlates with late radiation-induced pulmonary fibrosis in mice // Radiation Oncology. – 2015. – Vol. 10. – 45 p.*
43. *The role of mouse strain differences in the susceptibility to fibrosis: a systematic review/ Walkin L., Herrick S.E., Summers A. et al. // Fibrogenesis and Tissue Repair. – 2013. – Vol. 6, N 1. – 18 p.*
44. *Кайрханова Ы., Чайжунусова Н., Фуджimoto Н. и др. Влияние нейтронно-активированного порошка ⁵⁶MnO₂ на экспрессию генов в тканях легких лабораторных крыс // Астана медицина журналы. – 2019. – № 1. – С. 332–338.*
45. *Pulmonary injury after combined exposures to low-dose low-LET radiation and fungal spores/Marple B., Downing L., Sawarynski K.E. et al. // Radiation Research. – 2011. – Vol. 175, N 4. – P. 501–509.*
46. *Abuo El Naga I., Abd Rabou M. The possible protective role of bone marrow transplantation on irradiated mothers and their fetuses // Stem Cell. – 2012. – Vol. 3, N 3. – P. 8–30.*
47. *Clinical features and outcomes in combined pulmonary fibrosis and emphysema in idiopathic pulmonary fibrosis/Ryerson C.J., Hartman T., Elicker B.M. et al. // Chest. – 2013. – Vol. 144, N 1. – P. 234–240.*
48. *Effects of IL-4 on pulmonary fibrosis and the accumulation and phenotype of macrophage subpopulations following thoracic irradiation/ Groves A.M., Johnston C.J., Misra R.S. et al. // International Journal of Radiation Biology. – 2016. – Vol. 92, N 12. – P. 754–765.*
49. *New insights into the molecular pathology of radiation-induced pneumopathy/ Cappuccini F., Eldh T., Bruder D. et al. // Radiotherapy and Oncology. – 2011. – Vol. 101, N 1. – P. 86–92.*
50. *Early and late stages ⁵⁶Mn-induced lung injury detected using morphometry: proof-of-concept in a rats model/ Uzbekov D., Chaizhunosova N., Shabdarbaeva D. et al. // Астана медицина журналы. – 2019. – № 4. – С. 206–216.*
51. *Comparison of p53 protein in the pulmonary tissue of rats exposed to internal and external radiation /Uzbekov D.E., Shichijo K., Shabdarbaeva D.M. et al. // Science & Healthcare. – 2018. – N 6. – P. 70–80.*
52. *Radiation-induced lung injury (Literature review)/ Uzbekov D.E., Hoshi M., Chaizhunosova N.Zh. et al. // Science & Healthcare. – 2016. – N 6. – P. 160–178.*

Корреспонденция авторы: Абишев Жаслан Жуматаевич – «Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Патологиялық анатомия және сот медицинасы кафедрасының 1-ші оқу жылы докторанты, e-mail: Zhaslan_love@mail.ru

Редактор алған 24.10.2019

ҒТАМБ 76.29.62+76.03.31

ӘӨЖ 615.099.092+614.876

ШАҒЫН ДОЗАЛЫ ИОНДАУШЫ СӘУЛЕЛЕУДІҢ ЛИПОПЕРОКСИДАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНА БҚПАЛЫ

Д.Е. Узбекиов¹, О.З. Ильдербаев², Н.Ж. Чайжунусова¹, Д.М. Шабдарбаева¹, С.Е. Узбекиова¹, М.М. Толегенов¹, Э.Р. Каримов¹

¹«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Семей қ., Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нур-Султан қ., Қазақстан

Радиациялық биология мен медицина саласындағы анағұрлым терең зерттеулердің ішінен ішкі иондаушы сәулеленудің әсерінен мембранада туындайтын құрылымдық-функциональдық өзгерістер, негізінен өзекті мәселелердің бірі болып қала беретіні шүбәсіз. Жасушалардың функциялық белсенділігінің өзгерістеріне алып келетін мембранадағы құрылымдық реконструкциясының жүзеге асатынын соңғы жылдардағы ғылыми нәтижелер айқын дәлелдейді. Шағын дозалы радиацияның әсерін зерттеу бойынша тәжірибелердің көбі γ -сәулеленудің ықпалына негізделгенін айтып өткен жөн. Липидтердің асқын тотығу өнімдерінің жиналуымен жүзеге асатын тіндік құрылымдарға ішкі сәулеленудің, әсіресе шағын дозалы нейтронды-белсенді марганец диоксидінің ықпалын зерттеу бойынша ғылыми жұмыстардың жеткіліксіздігі еш күмән келтірмейді.

Түйін сөздер: шағын дозалы сәулелеу, тіндік құрылым, иммунды қабілетті жасушалар, липопероксидация, морфогенез.

LOW-DOSE IONIZING RADIATION EFFECT TO THE LIPOPEROXIDATION

D. Uzbekov¹, O. Ilderbayev², N. Chaizhunusova¹, D. Shabdarbaeva¹, S. Uzbekova¹, M. Tolegenov¹, E. Karimov¹

¹Non-profit incorporate institution «State Medical University», Semey city, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan city, Kazakhstan, Department of general biology and genomics;

The nature of structural-functional changes occurring in the membrane under the influence of internal ionizing radiation continues to remain the most studied questions in radiation biology and medicine. The finding obtained in recent years very definitely indicate structural rearrangement in cell membranes leading to a change in the functional activity of cells. It should be noted that experiments on the study of low-dose radiation exposure are still mainly devoted to γ -radiation. There is not enough work to study regarding the internal radiation effect, particularly low doses neutron-activated manganese dioxide to the tissue structures that manifested by a accumulation of lipoperoxidation products levels.

Keywords: low-dose radiation, tissue structure, immunocompetency cells, lipoperoxidation, morphogenesis.

ВЛИЯНИЕ НИЗКОДОЗОВОГО ИОНИЗИРУЮЩЕГО ИЗЛУЧЕНИЯ НА СОСТОЯНИЕ ЛИПОПЕРОКСИДАЦИИ

Узбеков Д.Е.¹, Ильдербаев О.З.², Чайжунусова Н.Ж.¹, Шабдарбаева Д.М.¹, Узбекиова С.Е.¹, Толегенов М.М.¹, Каримов Э.Р.¹

¹НАО «МУС», Семей, Казахстан

²Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Наиболее изучаемыми вопросами в радиационной биологии и медицине продолжает оставаться природа структурно-функциональных изменений, происходящих в мембране под воздействием внутреннего ионизирующего излучения. Результаты исследований, полученные в последние годы, весьма определенно свидетельствуют о структурной перестройке в клеточных мембранах, приводящих к изменению функциональной активности клеток. Следует отметить, что эксперименты по изучению низкодозового радиационного воздействия до сих пор в основном посвящены γ -излучению. Недостаточно работ по изучению влияния внутреннего излучения, в частности нейтронно-активированного диоксида марганца в малых дозах на тканевые структуры, проявляющиеся накоплением продуктов перекисного окисления липидов.

Ключевые слова: низкодозовое излучение, тканевые структуры, иммунокомпетентные клетки, липопероксидация, морфогенез.

Кіріспе

Соңғы жарты ғасыр ішінде өндіріс пен атом энергетикасы саласында, сондай-ақ медицинада қолданатын заманауи технологиялардың халық денсаулығына жағымсыз ықпалы артып бара жатқаны баршамызға мәлім [1]. Радиобиологиядағы классикалық тұжырымдамаларға сәйкес, иондаушы сәулеленудің бірдей түрлерінің тиімділігі экспозицияның сіңірілген дозасы мен әсер ету ұзақтығы кезіндегі сәулеленуді іске асыру режиміне тәуелді екені белгілі [2]. Алайда, «шағын» дозалы иондаушы сәулеленудің әсерінен кейін ағзаларда дамиды үдерістерге салыстырмалы түрде баға берудің әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі ретінде қала беретіні жинақталған ғылыми деректерде анық көрсетілген [3]. Адамзат тарихында

Хиросима мен Нагасаки қалаларының алғашқы атом бомбаларының нысанасы болғаны баршамызға мәлім. Жапон қалаларындағы атом бомбалауын басынан кешірген халық үшін иондаушы сәулеленудің бастапқы түрлерін, авторлардың айтуынша, ішкі және сыртқы сәулелену құраған болатын [4]. Семей ядролық полигонында қару сынақтарын өткізу салдарынан радионуклидтермен ластанған аймақтарда мекендейтін мыңдаған зардап шеккен адамдар денсаулығын зерттеу – бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ [5]. Ядролық жарылыстың салдарына ұшырағандардың қабылдаған дозасын анықтап, нәтижелерін талдаудың да мәні зор екенін есте сақтаған жөн [6].

Зерттеу мақсаты

Ғылыми әдебиеттердің нәтижелерін пайдаланып, шағын дозалы иондаушы сәулеленудің әр түрлері ықпал етуі кезіндегі тіндерде жүзеге асатын липидтердің асқын тотығу жағдайын талдау.

Материалдар мен әдістер

Алға қойылған мақсатты орындау үшін ғылыми публикациялар іріктеліп, талқыға салынған. Әдеби шолуды іске жүзеге асыру үшін «шағын дозалы сәулелену», «тіндік құрылым», «иммунды қабілетті жасушалар», «липопероксидация», «морфогенез» деген түйінді элементтері қолданылып, «Google Scholar» ғылыми іздеу жүйесі арқылы PubMed, Medline, e-library, Cochrane базасында индекстелген еңбектер ұсынылған. Ғылыми ақпаратты таңдау алдында келесі шарттар ескерілген: 2010-2019 жылдар аралығындағы тышқан мен егеуқұйрықтарға жасалған эксперименттік зерттеулер мен ағылшын, жапон және орыс тілдеріндегі мақалалардың толық мәліметтері қолданылған (ғылыми және тарихи тұрғыдан бағалы публикацияларды зерттеу барысында ескілеу сілтемелер де алынған). Жалпы алғанда, 894 әдеби қайнар көздері табылып, талдауға олардың 55 мақаласы алынған. Автоматты түрде іздеу сатысы тәмамдалған соң берілген шолуға негізделген ғылыми ақпаратты сараптау жұмыстары қарапайым жолмен де жүзеге асырылған.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Иондаушы сәулеленудің әсерін бағалауға арналған факторлар, әдеби мәліметтерге сай, ішкі және сыртқы сәулеленудің потенциалды қайнар көздері тарауларында талқыланған [4]. ЧАЭС-тағы апат ликвидаторларының сәулелену кезінде, сондай-ақ радионуклидтермен ластанған Ресейдің басқа да аймақтарында мекендейтін халықтың қабылдаған дозасы, авторлардың зерттеу мәліметтері бойынша, Хиросима мен Нагасаки қалаларындағы «хибакуши» дозасынан анағұрлым төмен екені анықталған. Алайда, кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, Чернобыль апатының экологиялық пен экономикалық салдарының көлемі жапон қалаларындағы ядролық бомбалауынан туындаған залалынан да басым болған [7]. Радиобиологтардың пікірінше, негізгі нейтронды-белсендірілген радионуклидтердің бірі – ^{56}Mn (β -сәулелену) пен ^{60}Co (γ -сәулелену) химиялық элементтері болып саналады [8]. ^{56}Mn элементі атом бомбалауынан кейін алғашқы бірнеше сағат ішіндегі β -сәулеленумен тудырылған нейтрондардың доминантты рөлін құрағаны туралы дәлелдемелерді бірқатар ғалымдардың еңбектерінде байқауға болады [4,6]. Әр радионуклидтің дозалық жүктемесі мөлшерін идентификациялау мен олардың биологиялық организмге теріс ықпалын тигізу мүмкіндігін аңғаруға байланысты зерттеулерді жүргізудің қаншалықты маңызды екенін көрсеткен [9]. Қазіргі уақытта ішкі және сыртқы иондаушы сәулеленудің бір мәрте әсерін зерттеу кезіндегі бірін-бірі өзара алмастыру ретінде дозалық немесе жиілік ауқымын пайдалану қажеттілігі ерекше орын алып отыр [10].

Радиацияның тірі организмге жағымсыз әсеріне арналған ғылыми-зерттеу нәтижелерінің мол болғанына қарамастан, «шағын» дозалы сәулеленудің сан алуан аспектілеріне, әсіресе патологиялық үдерістердің дамуы кезеңіндегі созылмалы аурулардың прогрессиясымен айқындалатын кешеуілдетілген салдарына заманауи патологтардың қызығушылығы жылдан-жылға тек артып бара жатыр [11]. Иондағыш сәулеленің ингаляциялық әсерінен дамиды ішкі ағзалардағы морфофункционалды және биохимиялық өзгерістердің жалпы заңдылықтары мен мүмкін механизмдерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар қол жетімді әдебиет арасында табылған жоқ [12]. Зерттелген жұмыстардың нәтижелері, көбінесе β - мен γ -сәулелердің тірі организмдерге ықпалының тек кейбір ғана аспектілеріне арналған [4]. Осы саладағы зерттеушілердің қарама-қайшы пікірлері мен көзқарастары әр түрлі иондаушы сәулеленудің биологиялық объектілерге әсерін бағалаудың радиобиологиядағы өзекті мәселелердің бірі екенін дәлелдеген. Ғалымдардың

еңбектеріне сай, клиникалық пен эксперименттік зерттеулер нәтижелері арасындағы сәйкессіздіктің байқалуы, көбінесе адамдар популяциясының жоғары гетерогенділігі мен радиация ықпалының сипатына байланысты екенін көрсеткен [13]. Алайда, иондағыш сәулелердің биологиялық әсерлерін терең бағалау мақсатында жануарларға өткізілетін эксперименттік зерттеулердің жоғары орын алатыны еш күмән тудырмайды. Әсіресе, «шағын» дозалы сәулелер жүзінде бұл мәселеге соңғы жылдары айтарлықтай ерекше көңіл бөлініп отыр [14]. Бірқатар ғалымдардың зерттеу мәліметтері бойынша, сәуле әсерінен туындайтын тіндердегі өзгерістер бірнеше секундтан немесе онжылдықтардан кейін дамып, ағзалардағы жасуша қызметінің нашарлауына, генетикалық, ісіктік және т.б. аурулардың пайда болуына алып келуі ықтимал [15].

Сонымен, радиосезімтал ағзалардағы құрылымдық пен функциялық жағдайлардың бір-бірімен өзара байланысын анықтайтын эксперименттік биохимиялық пен морфологиялық зерттеулерді өткізудің клиника жүзінде диагностикалық мәні мен болжамын іске асырудағы рөлі зор [16]. Осыған орай, ішкі (ингаляциялық) және сыртқы иондаушы сәулеленудің биохимиялық пен морфофункционалды аспектілерін зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр [4].

Радиациялық медицина саласындағы жаңалық ретінде радиациялық фактордың бір мәрте қысқа мерзімді әсерінде оның биологиялық ықпалы бірнеше ұрпақтан кейін байқалатыны, ал кейбір жағдайларда оны айқындау үшін канцерогендік әсер сәулеленуге ұшыраған адамдарда көрініп қана қоймай, болашақ жас ұрпаққа таралуына байланысты бірнеше ұрпақтың өміріне әсері болатынына дәлел болды [17]. Ғалымдардың жүргізген зерттеу жұмыстарында иондаушы радиацияның әсеріне шалдыққан ерлер мен әйелдерде қатерлі ісіктердің кездесу жиілігі жоғары деңгейде болғандығы анықталып, шамадан тыс артып кету жағдайы радиацияның ұзақ мерзімінде байқалған [18]. Қабылданған радиобиологиялық гипотезаға сәйкес, сәулеленудің кез-келген шағын деңгейі осы сәуле әсеріне ұшыраған адамдарда және олардың алғашқы екі ұрпағында медициналық тұрғыдан алғандағы зардаптарының пайда болу қаупін келтіреді [19].

Иондаушы радиацияның шағын дозасы биологиялық әсерінің сан алуан теорияларының бар болуына қарамастан, көптеген авторлар иондаушы радиацияның генетикалық әсері көріністерінде ДНҚ бүлінуінің маңызы зор екеніне ерекше мән берген [20]. Семей сынақ ядролық полигоны (ССЯП) әрекетінен иондаушы сәулеленуге ұшыраған адамдар ұрпағы үшін иондаушы радиацияның шағын дозасының зардаптарын бағалауда өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ [17]. Радиацияның тікелей әсеріне душар болған ата-аналарынан туылғандардың денсаулығына радиациялық фактордың жанама әсері өзара қатыстығының ғылыми жетілдірілген критерийлерінің болмауы сан алуан зерттеуді өткізуге себепші болды [21].

Жер шары халқының көпшілігі табиғи радиациядан сәулеленудің төмен деңгейіндегі сәулелік жүктемелерді қабылдайды. Иондаушы радиацияның шағын дозасына ұшыраған адамдар ұрпағында қатерлі ісіктердің, детерминисттік әсердің жиілеуі туралы статистикалық дәлелдемелер жеткіліксіз [22]. Әдебиетті талдау барысында тәжірибе жүзінде иондаушы радиацияның шағын дозасының созылмалы әсері кезіндегі тышқандар ұрпағының иммунологиялық реактивтілік жағдайы зерттелген [17], бірақ шағын дозалы радиацияның әсеріне ұшыраған жануарлар ұрпағында мүмкін дамытын биохимиялық ауытқуларды болжау мен коррекциялау үшін әрі қарай тереңдетіп зерттеуді талап ететін, осы жануарлар ұрпақтары тіндерінде липидтердің асқын тотығу өнімдері деңгейінің өзгеруі туралы мәліметтер жеткіліксіз [21]. Қазіргі кезде шағын дозалар әсерін бағалаудың қателіктік, дискуссиялық сұрақтар мен зерттелмеген құбылыстар деп бірнеше категорияларға бөледі. Бұл осы мәселенің, әсіресе радиациялық бүлініске ұшыраған адамдардың бірінші ұрпағында одан ары қарастыру қажеттілігін анықтайды [22].

Көп жылдық зерттеулерге сай жеке тұлғалар үшін соматикалық бұзылыстарды тудырмайтын, бірақ супероксиддисмутаза белсенділігін, кемік майы мен көкбауыр жасушаларының қозғалмалылығын жоғарлататын, мембрана қызметін ынталандыратын шекті рұқсат етілетін доза жылына бірнеше радий мөлшерін құрайды [23]. Осыған сүйене отырып, радиациялық фактордың бүкіл жиынтығының шағын дозасына ұшыраған жануарлардың әр түрлі жастағы ұрпақтарының иммундық қабілетті ағзаларындағы алмасу үрдістерінің функциялық жағдайына әсерін бағалау өзекті мәселе екені шүбәсіз [17]. Радиацияның шағын дозасына айрықша радиосезімтал болып табылатын және радиацияға шалдыққан адамдардың

бірінші ұрпағындағы иммундық қабілетті ағзаларда алмасу үрдістерінің мүмкін дамитын бұзылуына әкелетін әсері күні бүгінге дейін толығымен зерттелмеген болып саналады [24].

Радиацияға ұшыраған адамдар ұрпағын жасуша деңгейінде зерттеу радиобиологиялық әсердің заңдылықтарын орнатуға мүмкіндік береді [17]. Иммундық патологиялық жағдайлардың дамуы кезінде ішкі иондаушы радиацияға ұшыраған адамдар ұрпағының иммундық қабілетті ағзалар мен жасушаларындағы компенсациялық-бейімделу тетіктерінің биохимиялық аспектілерін, метаболизмдік өзгерістерін терең зерттеу ұрпақтардың иммунды статусы бұзылыстарының патогенезін толық ашуға, диагностиканың, болжамның және емдеудің жаңа әдістерін өндеуге мүмкіндік береді [25]. Шағын дозалы радиацияның әсерінен Семей жерінде тұратын біздің ата-бабаларымыздың өсіп келе жатқан ұрпақтары организміне қалай әсер ететіні және осы ұрпақтың әр түрлі жасында қандай өзгерістер байқалатыны өте қызықты да маңызды мәселе болып табылады. Осыған орай, шағын дозалы γ -сәуле әсер еткен организм ұрпағының ағзаларында пайда болатын биохимиялық өзгерістерді зерттеп, осы ұрпақтардың түрлі жастағы организм жауабының патофизиологиялық аспектілерін бағалау жүргізіледі [17].

Липопероксидация үрдістерінің жағдайы тек қана жасушалардың қалыпты физиологиясы мен биохимиясындағы маңызды үрдістердің бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар бейімделу реакциялары механизмдерінің өзекті әмбебап түйіні ретінде де қарастырылуы мүмкін [26]. Липопероксидация үрдістерінің реакциясы әмбебаптығымен сипаттала отырып, организмдегі айналуының тұрақты режимі төзімділігінің көрсеткіші болып табылады және әр түрлі потенциалдарға әсер етуі арқылы дерттің дамуы мүмкіншілігін анықтайды [27]. Бұл құбылыс липопероксидация үрдістерінің реакциясында түзілетін жоғары биологиялық белсенді қосылыстардың әсерінен, метаболизмнің жүйелі қайта құрылу кешені әсерінен туындайды, сонымен бірге, жасуша аралық пен жүйе аралық сипатының өзгеруі және биомембраналар организмінің тіршілігіндегі рөлін тануымен байланысты [28]. Липопероксидация үрдістері органикалық заттардың сирек сатылық тотығумен ұқсас еркін радикалды механизмдер бойынша жүзеге асатын біртектес тізбекті үрдіс болып табылады [29].

Бейімделу реакциясының, дезадаптация жағдайы қалыптасуының және резистенттіліктің төмендеуі мен нозологиялық дифференциалданған дерттің негізінде жатқан биохимиялық механизмдерді меңгеру барысында бүгінгі кезде зерттеушілердің назарын организмдегі липидтердің асқын (еркін радикалды) тотығу үрдістері қызықтырады, себебі, бұл үрдістің биологиялық мембраналардың құрылымдық-функциялық қасиетінің регуляциясындағы шешуші рөлі мәлім [30-31]. Липопероксидация үрдістері мембрана әрекеттік ферменттердің, өткізгіштіктің және заттардың белсенді тасымалдануының, тыныстық ферменттер тізбегіндегі электрондардың тасымалдануының регуляциясында; рецепцияның, физиологиялық қызметтерінің эндогенді реттеушілерінің синтезі мен метаболизмінде [32]; сондай-ақ хроматиннің функциялық белсенділігін өзгерту арқылы жасуша бөлінуінің жылдамдығында; сонымен бірге тіршілік қарекетінің барлық көріністерін тудыратын көптеген басқа да биохимиялық реакциялардың регуляциясында аса маңызды рөл атқарады [33,34]. Липопероксидация үрдістерінің, негізінен физикалық-химиялық қасиеттер мен биомембраналар жағдайының құрылымдық-функциялық, сондай-ақ жалпы жасуша қызметтерінің регуляциясына қатысуының дәлелденген заңдылықтарын меңгеру патогенезді түсіну үшін өте маңызды. Липопероксидация үрдістері – жасушалар мен жалпы организм қызметінің пластикалық пен энергиялық қамтамасыз етуінің негізінде жатқан адаптациялық реакциялардың жүзеге асуы кезіндегі метаболизм реттеушісінің ең маңыздысы болып саналатынын негіздейді [35].

Липидтердің асқын тотығуының біріншілік өнімдерінің белсенуімен алмаспайтын антиоксиданттар тапшылығы ілесе жүруі мүмкін және оның дәрежесі ЧАЭС апатының ликвидаторларында шағын дозалы радиацияның ұзақ уақыттан кейінгі салдарын зерттеу кезінде қабылдаған дозамен корреляцияланады [7,36]. Сәуле әсеріне липидтер мен фосфолипидтердің жоғары сезімталдығы оның құрамында қанықпаған май қышқылдарының көп болуымен түсіндіріледі [37]. Көптеген ғылыми жұмыстарда липидтердің асқын тотығуы кезіндегі тотықтардың түзілу жылдамдығының жоғарылауы, олардың май қышқылдарының қанықпаушылық дәрежесінің жоғарылауы нәтижесінде жүзеге асатыны дәлелденген [38].

Липопероксидацияның аралық өнімдері радикалды және тұрақсыз күйімен сипатталады [39]. Липидтердің асқын тотығының бастапқы сатыларында еркін радикалдардың қанықпаған май қышқылдарына әсері нәтижесінде түйіндес қос байланыс жүйесі, әсіресе, диендік конъюгаттар түзіліп, сіңірілу спектрінде липидті экстракттарының 232 нм максимумының түзілуіне алып келеді [40]. Түйіндес қос байланысы бар аймақшаларда оттегінің қатысуымен гидрототықтарға трансформациялана алатын немесе тұрақсыз циклдік эндототықтарға ауыса алатын тотықтық радикалдар пайда болады [41]. Қанықпаған май қышқылдарының тотығуы кезіндегі тотықтармен қатар, көп мөлшерде өнімдер, әсіресе, карбонильді қосылыстар, спирттер, эпоксидтер, кетондар, альдегидтер мен тиобарбитуралық қышқылмен реакциясындағы боялған өнімдердің түзілуі бойынша анықталатын – малонды диальдегид (МДА) түзіледі [42]. МДА әрі қарай аминқышқылдар мен нәруыздардың аминды топтарымен әрекеттесіп, шифф негіздерінің түзілуіне алып келетіні әдебиеттерден мәлім [17]. Олар модельді эксперименттерде сәулеленудің және басқа да бүлдіргіш факторлардың әсерін бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар, организмге сәулеленумен және бүлдіргіш факторлармен әсер етуі кезінде дамиды салдарын анықтау үшін кең таралған [43].

Сыртқы иондаушы сәулеленудің әсері липопероксидация үрдістерінің едәуір белсенуімен сипатталады [44]. Радиация, негізінен әр түрлі ағзалар мен тіндер гомогенаттарында еркін радикалдар концентрациясының жоғарылауына алып келеді. Тіндердің гомогенаттарын сәулелендіргенде еркін радикалдардың көп мөлшері фосфолипидтерге бай тіндерде түзіледі [45]. Қанықпаған липидтердің дегидратациясы барысында асқын тотығу нәтижесінде биомембраналардың құрылымдық модификациясы мен олардың физикалық-химиялық қасиетінің өзгеруі үрдістерінде маңызды рөл атқаратын липидтердің асқын тотығының біріншілік, екіншілік және соңғы өнімдері түзіледі [46]. Еркін радикалдардың түзілуі диендердің конъюгациялануын, әрі қарай олардың оттегімен әрекеттесуі арқылы тотықтардың, одан әрі гидрототықтардың түзілуін тудырады [17]. Қанықпаған май қышқылдары молекулаларындағы диендік конъюгация және олардың гидрототықтарының бастапқы сатыларда пайда болуына байланысты, оларды липопероксидация біріншілік өнімдеріне жатқызады [47].

Липопероксидацияның жоғары биологиялық белсенділігі олардың организмде екі бір-біріне қарама-қарсы әсерлі типтерін анықтайды [45]. МДА липидтер мен фосфолипидтердің гидрототықтары деструкциясы кезінде түзіледі және липидтердің асқын тотығының екіншілік өнімдеріне жатады, сонымен бірге, МДА жоғары реакциялық қабілетімен сипаттала отырып, әрі қарай айналу үрдістеріне ұшырайды және липидтердің асқын тотығының аралық карбонильді өнімдері жиынтығында анықталады. Аталған өнімнің жоғары деңгейі липопероксидация үрдістерін ынталандырып, организмнің сәулелік бүліністері кезіндегі липидтердің асқын тотығуы қарқындылығын бағалаудың объективті критерийлері ретінде пайдалы болып саналатыны дәлелденген [47].

Липидтердің асқын тотығының улы өнімдерінің жиналуы организмнің антиоксидантты жүйелерінің қалжырауы кезінде байқалады. Липопероксидация жағдайы белсенділігінің жоғарылау дәрежесі сәулелену дозасына тәуелді және радиациялық бүлінісі ауырлығын көрсетеді. МДА мен ДК-ның бақылау деңгейінен жоғарылауы антиоксидантты қорғаныштың барлық ферменттері белсенділігінің төмендегенін білдіреді [43]. Сонымен, құрамында қанықпаған май қышқылдары көп жасушалық мембрана фосфолипидтеріне радиацияның әсер етуі нәтижесінде липопероксидация үрдістерінің күшеюі және өнімдердің мембраналарда жиналуы байқалады [42]. Организмде түрлі өнімдердің тым артық жиналуы биологиялық мембраналарға бүлдіргіш әсер етуімен қатар, сәулеленген организмде көптеген ферменттер белсенділігін өзгертіп, маңызды биохимиялық үрдістердің бұзылуын тудырады. Липопероксидация белсенуі радиобелсенді сәулелену кезіндегі тотықтандырғыш ферменттер белсенділігінің жоғарылауы мен бұл ферменттердің әрекеті үрдісіндегі оттегінің белсенді түрлерінің (ОБТ) түзілуі нәтижесінде жүзеге асуы ықтимал [40].

Созылмалы қабыну жағдайындағы өкпе тінінің тұрақты зақымданулары мен жасуша пролиферациясы ОБТ әсерімен байланысты екені мәлім. γ -сәуле әсерінен өкпе тінінде белсенді радикалдар мен молекулалық өнімдердің, әсіресе молекулалар құрылымын екіншілік түрде

өзгертетін тотықтардың пайда болатынын айқындаған [48]. Сәулелену нәтижесінде молекулалық оттегі тотықсыздандырғыштың белсенді өнімдерімен қарым-қатынасқа түсуі арқылы ОБТ түзілуін іске қосады. Соңғысы цитокиндер мен басқа да бірқатар медиаторлармен бірлесе өкпеде бірқатар патологиялық үдерістердің дамуын тудырады [40]. Қанықпаған липидтердің дегидратациясы кезіндегі асқын тотығу нәтижесінде липопероксидация өнімдері түзіледі. Ғалымдардың пікірінше, олар биомембраналардың құрылымдық модификациясы мен физикалық-химиялық қасиеті өзгеруінің үдерістерінде маңызды рөл атқарады. γ -сәулеленуден кейінгі еркін радикалдардың әсерінен бірқатар тін гомогенатындағы липопероксидация өнімдерінің жиналуы антиоксидантты жүйелердің қалжырауы нәтижесінде жүзеге асатыны ғалымдардың еңбектерінде байқалған [38]. Липопероксидация үдерісі жасушалар мембранасының құрылымына зиянды әсерімен де, мутагендік пен канцерогендік өнімдердің ынталануымен де сипатталады. Бұл өнімдердің тым артық жиналуы биологиялық мембраналарға бүлдіргіш әсер етуімен қатар, липооксигеназалар мен моноаминоксидазалар белсенділігінің жоғарылауын және басқа да маңызды биохимиялық үдерістердің бұзылуын тудырады. Жасуша мембранасындағы липопероксидация серпілісі апоптоз құбылысы арқылы жасушаның өліміне де алып келеді [49]. Демек, ағзалардың қалыпты түрде тіршілік етуінде липидтер асқын тотығы үрдісі маңызды орын алады. Зиянды фактордың әсерінен патологиялық өзгерістер туындайтын болса, өзгерістің бастапқы кезеңінде липидтердің асқын тотығуына адаптациялық қызметте болатындығы мәлім, бұл адаптация үрдісі мембраналар өткізгіштігін жоғарылата отырып, нәруыздың жұмысын жеңілдетуге әкеледі. Мұндай құбылыстың әсеріне адаптациялық тұрғыда төзімділік толық қанды ықпалын көрсетпесе патологиялық жағдайға әкелетіні анық. Бұл жерде қарсы тұра алатын фактор – тек антиоксидантты жүйе, соның әсерінен липопероксидацияны салыстырмалы түрде жасуша деңгейінде жүргізудің мәні зор [50].

Қорытынды

Сонымен, әдеби шолу барысында γ -сәуленің тіндік құрылымға, генетикалық аппаратқа теріс ықпалы, негізінен липопероксидация үдерісінің өзгеруімен тікелей байланысты екені дәлелденген. Дегенмен, ішкі жасуша құрылымына нейтронды сәулеленудің зиянды әсерлері жайлы ғалымдардың ортақ пікірлері күні бүгінге дейін қалыптаспаған.

Жапон қалаларындағы атом бомбалауы салдарынан зардап шеккендер үшін негізгі нейтронды белсендірілген радионуклидтердің бірі – ^{56}Mn пен ^{60}Co болып табылатыны жұртқа мәлім. Соған байланысып, тәжірибе жүзінде егеуқұйрықтарды реакторлық нейтрондармен белсендірілген ^{56}Mn радионуклидімен сәулелендіру және ішкі ағзалардағы дозасын бағалау нәтижелері нейтронды сәулеленудің биологиялық ықпалын зерттеу мен интерпретациялау мүмкіндігін туғызады. Осыған орай, қазіргі уақытта γ - мен β -сәулеленудің тірі ағзалар мен олардың ұрпақтарына әсерін тін мен жасуша деңгейлерінде салыстырмалы түрде тәжірибе жүзінде зерттеу зор қызығушылық тудырады.

Әдебиет

1. *Effects of ionizing radiation on micronucleus formation and chromosomal aberrations in Chinese radiation workers/ Qian Q.Z., Cao X.K., Shen F.H. et al. // Radiat. Prot. Dosim. – 2016. – Vol. 168, № 2. – P. 197-203.*
2. *Liu S.Z. Biological effects of low level exposures to ionizing radiation: theory and practice // Hum. Exp. Toxicol. – 2010. – Vol. 29. – P. 275-280.*
3. *Baselet B., Rombouts C., Benotmane A.M. et al. Cardiovascular diseases related to ionizing radiation: The risk of low-dose exposure // Int. J. Mol. Med. – 2016. – Vol. 38, № 6. – P. 1623-1641.*
4. *Internal exposure to neutron-activated ^{56}Mn dioxide powder in Wistar rats—Part 2: pathological effects/ Shichijo K., Fujimoto N., Uzbekov D. et al. // Radiat. Environ. Biophys. – 2017. – Vol. 56, № 1. – P. 55-61.*
5. *Shah D.J., Sachs R.K., Wilson D.J. Radiation-induced cancer: a modern view // Br. J. Radiol. – 2012. – Vol. 85. – P. 1166-1173*
6. *Internal exposure to neutron-activated ^{56}Mn dioxide powder in Wistar rats—Part 1: Dosimetry/ Stepanenko V., Rakhypbek T., Otani K. et al. // Radiat. Environ. Biophys. – 2017. – Vol. 56, № 1. – P. 47-54.*
7. *Is exposure to Ionising radiation associated with childhood cardiac arrhythmia in the Russian territories contaminated by the Chernobyl fallout? A crosssectional population-based study/ Jourdain J.R., Landon G., Clero E. et al. // BMJ Open. – 2018. – Vol. 8, № 3. – P. 175-184.*
8. *The micronucleus assay as a biological dosimeter in hospital workers exposed to low doses of ionizing radiation/ Ropolo M., Balia C., Roggeri P. et al. // Mutat. Res. – 2012. – № 747. – P. 7-13.*
9. *Low-dose-rate, low-dose irradiation delays neurodegeneration in a model of retinitis pigmentosa/ Otani A., Kojima H., Guo C. et al. // Am. J. Pathol. – 2012. – Vol. 180. – P. 328-336.*

10. Scott B.R. *Radiation-hormesis phenotypes, the related mechanisms and implications for disease prevention and therapy* // *J. Cell Commun. Signal.* – 2014. – № 8. – P. 341-352.
11. Doss M. *Low dose radiation adaptive protection to control neurodegenerative diseases* // *Dose Response.* – 2013. – Vol. 12. – P. 277-287.
12. *Cytogenic endpoints and Xenobiotic gene polymorphism in lymphocytes of hospital workers chronically exposed to ionizing radiation in cardiology, radiology and orthopedic laboratories/* Villingiri B., Shanmugam S., Subramanian M.D. et al. // *Ecotoxicol. Environ. Saf.* – 2014. – № 100. – P. 266-274.
13. Rong C., Meinert E.F., Hess J. *Estrogen receptor signaling in radiotherapy: from molecular mechanisms to clinical studies* // *Int. J. Mol. Sci.* – 2018. – Vol. 19, № 3. – 713 p.
14. Feinendegen L.E., Brooks A.L., Morgan W.F. *Biological consequences and health risks of low-level exposure to ionizing radiation: commentary on the workshop* // *Health Phys.* – 2011. – № 100. – P. 247-259.
15. *Evaluation of chromosomal aberrations and micronuclei in medical workers chronically exposed to low dose ionizing radiation/* Lusiyaniti Y., Kurnia I., Suvifan V.A. et al // *J. Biol. Edu.* – 2017. – Vol. 9, № 3. – P. 585-591.
16. *Risk of cancer from occupational exposure to ionizing radiation: retrospective cohort study of workers in France, the United Kingdom, and the United States (INWORKS)/* Richardson D.B., Cardis E., Daniels R.D. et al. // *BMJ.* – 2015. – № 351. – 5359 p.
17. *Comparative characteristics of lipid peroxidation in small intestine at progeny irradiated rats/* Uzbekov D.E., Ilderbayev O.Z., Shabdarbaeva D.M. et al. // *Вестник КазНМУ.* – 2016. – № 3. – P. 148-152.
18. *Risk of developing cancers due to low-dose radiation exposure among medical X-ray workers in China—results of a prospective study/* Wang F., Sun Q., Wang J. et al. // *Int. J. Clin. Exp. Pathol.* – 2016. – Vol. 9, No 11. – P. 11897-11903.
19. *Low levels of ionizing radiation exposure and cytogenetics effects in radiopharmacy/* Gharibdousty T.S., Zakeri F., Changizi V. et al. // *Biosc. Biotech. Res. Comm.* – 2017. – Vol. 10, No 1. – P. 56-62.
20. *Complex DNA Damage: A Route to radiation-induced genomic instability and carcinogenesis /* Mavragani I.V., Nikitaki Z., Souli M.P. et al. // *Cancers.* – 2017. – Vol. 9, No 7. – 91 p.
21. *Radiation-induced lung injury/* Uzbekov D.E., Hoshi M., Chaizhunusova N.Zh. et al. // *Наука u Здравоохранение [Science & Healthcare].* – 2016. – № 6. – С. 160-178.
22. *Assessment of chromosomal aberrations and micronuclei in peripheral lymphocytes from Tunisian hospital workers exposed to ionizing radiation/* Sakly A., Ayed Y., Chaari N. et al. // *Genet. Test. Mol. Biomarkers.* – 2013. – Vol. 17, No 9. – P. 650-655.
23. *Activation of de novo GSH synthesis pathway in mouse spleen after long term low-dose-ray irradiation/* Lee E.K., Kim J.A., Kim J.S. et al. // *Free Radic. Res.* – 2013. – Vol. 47. – P. 89-94.
24. *Radiation triggering immune response and inflammation/* Hekim N., Cetin Z., Nikitaki Z. et al. // *Cancer Lett.* – 2015. – No 368. – P. 156-163. .
25. Feinendegen L.E., Brooks A.L., Morgan W.F. *Biological consequences and health risks of low-level exposure to ionizing radiation: commentary on the workshop* // *Health Phys.* – 2011. – No 100. – P. 247-259.
26. Szumiel I. *Radiation hormesis: Autophagy and other cellular mechanisms* // *Int. J. Radiat. Biol.* – 2012. – Vol. 88. – P. 619-628.
27. *A concept of radiation hormesis: stimulation of antioxidant machinery in rats by low dose ionizing radiation/* Sharma S., Singla N., Chadha V.D. et al. // *Hell. J. Nucl. Med.* – 2019. – Vol. 22, No 1. – P. 43-48.
28. *Chronic low dose exposure of hospital workers to ionizing radiation leads to increased micronuclei frequency and reduced antioxidants in their peripheral blood lymphocytes/* Siama Z., Zosang-Zuali M., Vanlalruati A. et al. // *Int. J. Radiat. Biol.* – 2019. – Vol. 95, No 6. – P. 697-709.
29. *Simulated microgravity and low-dose/low-dose-rate radiation induces oxidative damage in the mouse brain/* Mao X.W., Nishiyama N.C., Pecaut M.J. et al. // *Radiat. Res.* – 2016. – Vol. 185, No 6. – P. 647-657.
30. *Cellular adaptive response to chronic radiation exposure in interventional cardiologists /* Russo G.L., Tedesco I., Russo M. et al. // *Eur. Heart. J.* – 2012. – Vol. 33, No 3. – P. 408-414.
31. Gaschler M.M., Stockwell B.R. *Lipid peroxidation in cell death* // *Biochem. Biophys. Res. Comm.* – 2017. – Vol. 482, No 3. – P. 419-425.
32. *Low-dose irradiation promotes persistent oxidative stress and decreases self-renewal in hematopoietic stem cells/* Rodrigues-Moreira S., Moreno S.G., Ghinatti G. et al. // *Cell. Rep.* – 2017. – Vol. 20, No 13. – P. 3199-3211.
33. *Effects of ionizing radiation on micronucleus formation and chromosomal aberrations in Chinese radiation workers /* Qian Q.Z., Cao X.K., Shen F.H. et al. // *Radiat. Prot. Dosim.* – 2016. – Vol. 168, No 2. – P. 197-203.
34. Rong C., Meinert E.F., Hess J. *Estrogen receptor signaling in radiotherapy: from molecular mechanisms to clinical studies* // *Int. J. Mol. Sci.* – 2018. – Vol. 19, No 3. – 713 p.
35. *Low-dose irradiation promotes persistent oxidative stress and decreases self-renewal in hematopoietic stem cells/* Rodrigues-Moreira S., Moreno S.G., Ghinatti G. et al. // *Cell Rep.* – 2017. – Vol. 20, No 13. – P. 3199-3211.
36. Jagetia G.C., Rajanikant G.K. *Curcumin stimulates the antioxidant mechanisms in mouse skin exposed to fractionated γ -irradiation* // *Antioxidants.* – 2015. – No 4. – P. 25-41.
37. Jagetia G.C., Shetty P.C. *Augmentation of antioxidant status in the liver of Swiss albino mice treated with jamun Syzygium cumini, Skeels extract before whole body exposure to different doses of γ -radiation* // *J. Adv. Res. Biotechnol.* – 2016. – Vol. 1, No 1. – 13 p.

38. Kohanoff J., Artacho E. Water radiolysis by low-energy carbon projectiles from first principles molecular dynamics // *PloS One*. – 2017. – Vol. 12, No 3. – P. 171-182.
39. Effect of low-dose X-ray irradiation on micronucleus formation in human embryo, newborn and child cells/ Koyama S., Narita E., Shinohara N. et al. // *Int. J. Radiat. Biol.* – 2016. – Vol. 92, No 12. – P. 790-795.
40. Le Caer S. Water radiolysis: influence of oxide surfaces on H₂ production under ionizing radiation // *Water*. – 2011. – Vol. 3, No 1. – P. 235-253.
41. Cancer risk in diagnostic radiation workers in Korea from 1996–2002/ Choi K.H., Ha M., Lee W.J. et al. // *Int. J. Environ. Res. Public Hlth*. – 2013. – Vol. 10, No 1. – P. 314-327.
42. Exposure to heavy ion radiation induces persistent oxidative stress in mouse intestine/ Datta K., Suman S., Kallakury B.V. et al. // *PloS One*. – 2012. – Vol. 7, No 8. – P. 422-424.
43. Low levels of ionizing radiation exposure and cytogenetics effects in radiopharmacy/ Gharibdousty T.S., Zakeri F., Changizi V. et al. // *Biosc. Biotech. Res. Comm.* – 2017. – Vol. 10, No 1. – P. 56-62.
44. Jagetia G.C., Rajanikant G.K. Curcumin stimulates the antioxidant mechanisms in mouse skin exposed to fractionated γ -irradiation // *Antioxidants*. – 2015. – Vol. 4. – P. 25-41.
45. Jagetia G.C., Shetty P.C. Augmentation of antioxidant status in the liver of Swiss albino mice treated with jamun *Syzygium cumini*, Skeels extract before whole body exposure to different doses of γ -radiation // *J. Adv. Res. Biotechnol.* – 2016. – Vol. 1, No 1. – 13 p.
46. Kura B., Bagchi A.K., Singal P.K. Molecular hydrogen: potential in mitigating oxidative-stress-induced radiation injury // *Can. J. Physiol. Pharmacol.* – 2019. – Vol. 97, No 4. – P. 287-292.
47. Koul A., Abraham S.K. Intake of saffron reduces γ -radiation-induced genotoxicity and oxidative stress in mice // *Toxicol. Mech. Methods*. – 2017. – Vol. 27, No 6. – P. 428-434.
48. Comparison of p53 protein in the pulmonary tissue of rats exposed to internal and external radiation/Uzbekov D.E., Shichijo K., Shabdarbaeva D.M. et al. // *Science & Healthcare*. – 2018. – No 6. – P. 70-80.
49. Radiation-induced apoptosis in the small intestine of rats /Uzbekov D.E., Shichijo K., Fujimoto N. et al. // *Science & Healthcare*. – 2017. – No 3. – P. 32-44.
50. Radiation-induced hepatic injury/Uzbekov D., Chaizhunusova N., Shabdarbaeva D. et al. // *Астана медицина журналы*. – 2018. – № 2. – С. 76-84.

Received by the Editor 12.03.2020

IRSTI 76.29.62

UDC 614.876+616.45

RADIATION-INDUCED ADRENAL GLAND INJURY

D. Shabdarbaeva, N. Chaizhunusova, D. Uzbekov, S. Auleisova, B. Ruslanova, S. Uzbekova, M. Apbasova

Non-profit incorporate institution «State Medical University», Semey city, Kazakhstan

According to literary sources, the adrenal glands are vital organs involved with their hormones in a variety of metabolic processes. It is worth noting that the structural-functional changes of the adrenal glands dramatically cast a shadow over the whole body. Hence the interest of researchers in elucidating the reaction of the adrenal glands when exposed to ionizing radiation and their role in the development of radiation sickness is clear. In addition, the similarity between many terminal manifestations owing to irradiation and after experimentally induced adrenal failure continues to attract attention. The data of most published works in which pathomorphologists cited the results of microscopic studies of the adrenal glands of animals exposed to generic irradiation are contradictory.

Keywords: ionizing radiation, adrenal gland, hormones, pathogenesis, morphogenesis.

РАДИАЦИОННО-ИНДУЦИРОВАННОЕ ПОРАЖЕНИЕ НАДПОЧЕЧНИКА

Шабдарбаева Д.М., Чайжунусова Н.Ж., Узбекиов Д.Е., Аулейсова С.К., Русланова Б., Узбекиова С.Е., Апбасова М.М.

¹НАО «МУС», Семей, Казахстан

Как свидетельствуют литературные источники, надпочечники являются жизненно важными органами, участвующими своими гормонами в разнообразных обменных процессах. Следует отметить, что структурно-функциональное изменение железы резко сказывается на состоянии всего организма. Отсюда понятен интерес исследователей к выяснению реакции надпочечников при воздействии на организм ионизирующей радиации и их роли в развитии лучевой болезни. Кроме того, до сих пор продолжает обращать на себя внимание сходство между многими пострадиационными терминальными симптомами и экспериментально-индуцированной недостаточности

надпочечников. Данные большинства опубликованных работ, в которых патоморфологи приводили результаты микроскопических исследований надпочечников животных, подвергнутых общему облучению, противоречивы.

Ключевые слова: ионизирующее излучение, надпочечник, гормоны, патогенез, морфогенез.

РАДИАЦИЯ ӘСЕРІНЕН БҮЙРЕК ҮСТІ БЕЗ ЗАҚЫМДАНУЛАРЫ

Шабдарбаева Д.М., Чайжунусова Н.Ж., Узбекиев Д.Е., Әулейсова С.К., Русланова Б., Узбекиева С.Е., Апбасова М.М.

«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Семей қ., Қазақстан

Бүйрек үсті безі өзінің гормондары арқылы сан алуан метаболиттік реакцияларды жүзеге асыратын өмірлік маңызды ағзалардың бірі болып табылатыны әдеби деректерден мәлім. Бүйрек үсті безінің құрылымдық-функциялық өзгерістері бүкіл организм деңгейінде айтарлықтай теріс ықпалымен сипатталатынын айтып өткеніміз жөн. Осыған орай, иондаушы радиация әсеріне бездің реакциясы мен оның сәулелік ауру дамуындағы рөлін түсіндіруге деген зерттеушілердің қызығушылығы айқын екенін де айта кеткеніміз абзал. Сондай-ақ, көптеген пострадиациялық терминальды белгілер мен эксперименттен кейінгі бүйрек үсті безі жеткіліксіздігі арасындағы ұқсастығы күні бүгінге дейін ғалымдардың назарын тұлғады. Демек, патоморфологтардың ұсынған көптеген еңбектеріндегі сәулеленуге ұшыраған жануарлар бездерінің микроскопия жүзіндегі зерттеу нәтижелері бір-біріне қайшы екені шүбәсіз.

Түйінді сөздер: иондаушы сәулелеу, бүйрек үсті безі, гормондар, патогенез, морфогенез.

Introduction

It is generally known that adrenal gland is vital organ involved with their hormones in a diversity of metabolic reactions; a change in their function in one direction or another dramatically affects the whole body [1]. Hence the concernment of researchers in elucidating the suprarenal respond owing to radiation exposure and their pivotal role in the development of radiation sickness is explicitly. Furthermore, the similarity between manifold terminal manifestation after irradiation and after experimentally induced adrenal failure has long attracted attentiveness [2].

Ionizing radiation is commonly known, leading detrimental factors affecting to the suprarenal gland. It has always been believed that high doses of radiation trigger excessive injury to the body, while low doses practically hitherto little-known. However, provided that the former is irrefutable, then the latter is not everything is so simple [3]. Nowadays a universal approach has been developed that allows calculations of absorbed doses during internal irradiation of micro- and macrobiostructures with electrons, β -particles and quantum radiation in a wide range of energies that almost completely covers the range of radionuclide radiation energies used in experimental and clinical nuclear medicine. Unultimately, in this regard, contemporary radiobiologists actively continue to study individualized accumulated doses of radiation in the adrenal glands [4].

Unhesitatingly, that adrenal gland was chosen as the facility of our research, because stress such as radiation exposure is able to activate the hypothalamus-pituitary-adrenal system. On the one hand, the neuroendocrine system plays a leading role in coordinating the body's adaptive responses to adverse environmental factors, and on the other hand, its components themselves are exposed to adverse consequent [5]. Morphological study of the adrenal glands under the low dose radiation exposure will allow us to link structural reactive changes, to assess the functional reserves of this immunocompetency organ. In turn, this will allow us to justify the pathogenetically directed prevention of radiation-induced shifts in the body as a whole and in the adrenal glands in particular [6].

Objective of the study

Making distinctions between the nature of structural and biochemical changes in the adrenal glands at different types and doses of radiation exposure, as well as logical justification of the significance of the sophisticated issue concerning ionizing radiation exposure to the suprarenal glands.

Materials and methods

To achieve this goal, primarily, we have conducted a search and analysis of scientific publications. All accepted papers were indexed in the databases PubMed, Medline, cyberleninka, e-library, and Cochrane using the scientific search engine "Google Scholar". Before starting the search, the following search filters were displayed: experimental studies performed on mice and rats over the

past 20 years (from 2000 to 2020), published in English, Japanese and Russian, as well as full versions of articles with clearly formulated and statistically proven conclusions. The following elements were included in the key points of search queries for forming a literature review: «ionizing radiation», «adrenal gland», «hormones», «pathogenesis», «morphogenesis».

The criteria for excluding publications in the review were report summaries, newspaper publications, and personal messages. A total of 547 literary sources were found, from which 50 papers were selected for further analysis. After the end of the automatic search stage, we have performed a manual search for publications allowing to further identify the scientific sources included in our presented review.

Results and discussion

It is commonly known that in the first hours or days after irradiation in a wide range of doses, namely from 0,25 to 50 Gy, increased secretion of the adrenal glands is observed. It is no exaggeration to mention that the cortical hypersecretion is one of the mechanisms of mediated vascular changes and blood-forming organs [2]. Numerous pathologists maintain that mass of the adrenal glands, the size of both cortical and medullar zones change, the content of lipid substances decreases. In irradiated adrenal glands, an increase of acid phosphatase activity, proteolytic enzymes and the development of destructive changes are noted [7]. Apparently, the consequential effect of radiation, in particular, from the nervous system, pituitary gland plays the predominant role in the adrenal cortex due to irradiation. Thus, in early period of radiation injury, functional activity of the adrenal glands increases, and in the subsequent periods depletion of the cortical and medullar substances and the development of atrophic processes occur [8].

From scientific experiment known that adrenalectomized mice and rats have been shown to be more sensitive to ionizing radiation effects that, eventually, prompted researchers to focus on elucidating the nature of changes in the cortical activity when exposed to ionizing radiation [9]. A decrease in the adrenal gland of rat cholesterol and ascorbic acid was observed several hours after irradiation. In scientists opinion this above mentioned indicated an increase in adrenal cortex activity [10]. The authors determined the content of some cortical hormones in the blood of the adrenal vein of rabbits at various times after irradiation and concluded that inhibition of adrenal cortex activity was not observed even later after irradiation. Based on the change in the ratio of the studied hormones, they firmly believe that there is a restructuring of the pattern of secretion by the adrenal cortex in the first 3 days after irradiation. Published data indicate an acceleration of the cortical activity due to irradiation [11].

As a result of the conducted researches by pathologists, it was found that irradiation of animals caused noticeable structural changes of the glomerular, fascicular and reticular zones. It is worth noting that the glandular cortical substantiation owing to irradiation is not undoubtedly delineated; within the zone, the cell strands lost their characteristic location [9,12]. At present a tremendous deterioration in the organ vascularization drew attention to itself. It is necessary to emphasize that microvessels were narrowed, the vascular lumen in the glomerular and fascicular zones was almost not visualized, and in such usually hyperemic zones as the reticular were much narrower [13]. Other results of morphological analysis of the adrenal cortex and alteration in hormone levels demonstrated that low-intensity ionizing radiation results in stimulation of glucocorticoid activity in different rodent species. Since the scientific work, numerous studies have shown that one of crucial regulators involved in the implementation of the general adaptation syndrome in various forms of stress are glucocorticoid hormones [14]. There is a perception that ionizing radiation induces a stress effect in a wide range of doses. With regard to low dose ionizing radiation, it is firmly believed that the stressful nature of the reaction is mainly due to the duration of exposure and the lack of full adaptation to it [15]. The unidirectional nature of changes in the adrenal glands, revealed in animals in natural conditions and in the experiment in response to low-intensity ionizing radiation, convincingly shows that adrenal cortical hyperactivity as a universal non-specific reaction, is the general mechanism of the system response to chronic low dose radiation. Since glucocorticoids have a powerful antioxidant activity, such the adrenal gland reaction can be aimed at preventing excessive processes of intracellular oxidation that develop under long-term low-intensity irradiation [8,16]. Along with the phenomena of high activity, the adrenal cortex had morphological signs of damage to tissue structures. Considerable importance should be given to presence of diffuse foci of the inflammatory response, namely leukocyte infiltrates and local necrotic process in the fascicular zone blurring of boundaries between zones, cortical

disorganization with the appearance of local destruction and parenchymal atrophy. The most pronounced signs of microadenoma were observed against the background of increased functional activity of the organ, and there were various morphological disorders of the adrenal cortex [17].

According to scientists point of view, we would like to emphasize that alteration was almost found on other layers of the adrenal glands. For instance, the glomerular zone is not clearly separated from the fascicular zone. Moreover, cells with signs of hydropic degeneration: the cytoplasm is transparent, vacuolated [18]. Additionally, the nuclei are darker, the chromatin pattern is smoothed, and some nuclei demonstrate signs of pyknosis. Simultaneously, manifold cells contain functionally active nuclei are transparent with dispersed chromatin, pronounced marginal layer and nucleoli. It is necessary to point out that karyometric differences were found in the size of the nuclei [19].

The reticular zone cytoarchitectonics is impaired likewise, and microcirculatory vessels bed are very poorly developed as compared to intact ones. Noteworthy is the noticeable infiltration of the reticular zone by cells of lymphocytic, histiocytic, and fibroblastic origin. On the background of enhanced stromal pattern cortically be larger with oxyphilic, vacuolated cytoplasm. The range of fluctuations in their sizes is also much wider [20]. The nuclei are well structured: euchromatin, nucleolus, marginal chromatin layer. Some studies illustrates that lipofuscin influx was detected in the reticular zone. These above mentioned changes, such as an increase in the relative mass and volume of the adrenal glands, the fascicular zone hypertrophy, and an enlargement in the size of cells and nuclei of this above mentioned zone, are also discussed in other studies [21]. A tremendous increase in the thickness of the adrenal cortex bundle zone was found owing to epithelial cells hypertrophy. Scientists demonstrate similar results: glomerular zone cells were spherical contained lipid droplets in the cytoplasm, whereas the fascicular zone cells were arranged in bundles. Numerous mitochondria in spherical shape and few lipid droplets were filled in the cytoplasm [22]. The reticular zone cells were polygonal. Fewer mitochondria and lipid droplets were observed in the cytoplasm than those in the other two area cells. Some of the secretory cells in the glomerular layer were degranulated or were atypical in the size, additionally mild connective tissues existed [23]. Manifold necrotic cells existing in the interstitium showed cytoplasmic vacuolation. Some cells in the glomerular zone arranged irregularly and protruded into the fascicular layer. Numerous lipid drops existed inside the cells. The necrotic cells and severe interstitial fibrosis were found in this above mentioned area. Other abnormal cells of a different type were arranged irregularly and loosely in the glomerular zone. These cells exhibited pale cytoplasm in comparing to the surrounding normal tissues. Most of these above mentioned cells are characterized by pyknotic nuclei [24,25]. Some hyperplastic cells were diminished as compared to the surrounding normal cells. Cytoplasmic vacuolation and interstitial fibrosis were observed. It is worth noting that unexpressed morphological changes in the hyperplasia free area of anterior lobe of the adrenal gland were observed at late period after irradiation. The vacuolation and degranulation in the cytoplasm were frequently observed in the adrenal medulla under the radiation effect by 20 Gy [26].

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері бойынша, мияның екі түрінің биореттегіш гетероауксинмен өңделген түрлерінде тұқым өнгіштігі мен өсу қуаттылығы жоғары болды. Бұл варианттар бойынша өңделген түрлер өскіндерінде де алғашқы тамыр бастамалары жақсы жетілді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және бүгінгі таңдағы мияға деген ел іші сыртындағы сұранысқа негізделе отырып, бағалы дәрілік және техникалық өсімдік мия түрлері қорының азайып, биоалуантүрліліктің бүлінуінен сақтану және қалпына келтіру жолы ретінде оны тұқымынан көбейтудің жана жолдарын қарастыру керек. Зертханалық жағдайда аталған түрлердің тұқым өнгіштігі мен өсу қуаттылығын биореттегіш гетероауксинмен әсер ету арқылы арттыруға болады, бұл мия тұқымдарының табиғи жағдайда тұқымынан өсіп-өнуін көбейтуге мүмкіндік береді. Деседе бұл жұмыс әліде көп зерттеуді, ізденуді талап етеді, себебі, зертханалық жағдайдағы тұқым өнгіштігі табиғатта басқаша көрсеткіште көрінуі әбден мүмкін. Болашақта аталған түрлерден басқада табиғи жағдайдағы тұқымынан өсіп-өнуі төмен дәрілік, пайдалы, тағамдық және техникалық өсімдіктерді табиғи жағдайдағы тұқымдарынан өсіріп, көбейтіп, тереңдете зерттеуге, дәрілік өсімдіктердің қолданылу аясын кеңейтуге, медицинадағы емдік қасиеттерінің толықтай ашылуына, сондай-ақ отандық фармацевтика саласындағы сұранысты толықтауға, биоалуантүрлілікті сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов О.К., Кузьмин Э.В., Дюскалиева Г.У. Солодка и ее практическое использование//Материалы междунар. науч. конф. «Растительный мир и его охрана», посвящ. 75-летию Института ботаники и фитопроизводства. - Алматы: Изд-во РА «Print +», 2007. — С. 340–342.
2. Бекетаев Б.Б. Қазақстандағы *Glucyrrhiza* L. — мияның түрлерін зерттеу тарихы//Материалы междунар. науч. конф. «Актуальные проблемы ботанического ресурсосведения», посвящ. памяти выдающегося казахстанского ботаника ресурсоведа, чл.-корр. НАН РК, д-ра биол. наук М.К. Кукенова в связи с 70-летием со дня рождения. — Алматы: Изд-во «РПК Интеллект», 2010. — С. 51–55.
3. Исамбаев А.И. Ресурсная характеристика некоторых сырьевых растений Казахстана (чий, тростник, солодка) и их рациональное использование: Автореф. дис. ... д-ра биол. наук. — Алматы, 1994. — 46 с.
4. Кузьмин Э.В., Гемеджиева Н.Г., Грудзинская Л.М. Солодки Казахстана: современное состояние, сырьевая база и интродукция// Лекарственные растения: фундаментальные и прикладные проблемы: Материалы междунар. науч. конф. (21–22 мая). — Новосибирск: Изд-во НГАУ, 2013. — С. 269–299.
5. Қызыл мияның табиғи жағдайдағы тұқымынан көбеюі / Б.Н. Саурамбаев, А.И. Исамбаев, Э.В. Кузьмин, М.К. Кукенов // Известия НАН РК. — Сер. биол. — 1994. — № 1. — С. 9–16.
6. Худайбергенов Э.Б. Солодка голая и уральская на юго-востоке Казахстана: Автореф. дис. ... канд. биол. наук. — Алма-Ата, 1970. — 24 с.
7. Вайнагий И.В. К методике изучения семенной продуктивности растений// Ботанический журнал. — 1974. - № 1.
8. Флора, растительность и растительные ресурсы Казахстана. 1998-2002: Библиографический указатель / Сост.: В.К. Кузембаева. - Алматы, 2003. - С. 28-34.
9. Мухитдинов Н. М., Мамурова А.Т. «Дәрілік өсімдіктер» Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындар қауымдастығы, 2013. - 400 с.
10. Шишкина Б.К. Флора юго-востока европейской части СССР. — Ленинград: Изд. Академии наук СССР. - 1963. - С. 24-26.
11. Павлов Н.В. Флора Казахстана. — Алматы: Академия наук казахской ССР. — 1960. - Т. 8. — С. 26-33.
12. Фенольные соединения сырья *Verbascum thapsus* и *songaricum*/ Махатова Б.Г., Датхаев У.М., Бурда Н.Е. и др. // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. — 2016. — Т. 1, № 359. — С. 80-84.
(e-mail:kozhakova18@mail.ru)

Редактор алған 1.04.2020 ж.

ҒТАМР 582.5/9+34.29.35+76.31.31

КӨКБАСТАУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫНЫҢ ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ ЕРТТЕУ, ДӘРІЛІК, МАЛАЗЫҚТЫҚ, УЛЫ ӨСІМДІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Г.С. Биеш¹, А.Т. Мамурова¹, Н.К. Байсейтов², Қ. Қожақ¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Агрохимия, топырақтану зерттеу және кешенді іздестіру жұмысы департаменті, Алматы қ., Қазақстан

Мақалада Көкбастау ауылдық округінің геоботаникалық жағдайы, өсімдік жамылғысы, улы, дәрілік, малазықтық өсімдіктеріне сипаттама берілді. дәрілік өсімдігінің таралуы, өсу ортасының экотиптері, өсімдіктермен қауымдастығы, ботаникалық сипаттамасы берілген. Көкбастау ауылдық округінің дәрілік өсімдіктерінің флоралық қауымдастық құрамымен таралу аймағы мен тіршілік ету ортасы көрсетілген. Көкбастау ауылдық округінің дәрілік өсімдіктерінің флоралық және химиялық құрамы туралы мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: климат, дәрілік өсімдік, популяция, морфологиясы, тіршілік формасы, экотип.

RESEARCH THE GEOBOTANICAL CONDITION OF THE VILLAGE IN THE KOKBASTAU DISTRICT, DETERMINE MEDICINAL, FODDER AND POISONOUS PLANTS

G. Biesh¹, A. Mamurova¹, N. Bayseytova², K. Kozhak¹

¹Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty city, Kazakhstan

²Department of Agrochemical, Soil Inspection and Integrated Survey, Almaty city, Kazakhstan,

The article describes the vegetation cover, distribution, ecotypes of the plant environment, geobotanical characteristics, poisonous, medicinal and forage lands, as well as association with plants of the Kokbastau district. The point of the population of medicinal plants of the Kokbastau district is described. The area and habitat of the floristic association of medicinal, poisonous and fodder plants are indicated. The information on the flora and chemical composition of medicinal plants of the Kokbastau district is presented.

Keywords: climate, medicinal plant, population, morphology, life form, ecotype.

ИССЛЕДОВАТЬ ГЕОБОТАНИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ КОКБАСТАУСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА, ОПРЕДЕЛИТЬ ЛЕКАРСТВЕННЫЕ, КОРМОВЫЕ И ЯДОВИТЫЕ РАСТЕНИЯ

Биеш Г.С.¹, Мамурова А.Т.¹, Байсейтов Н.К.², Қожақ Қ.¹

¹Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Департамен агрохимических, почвенных обследований и комплексно-изыскательской работы, Алматы, Казахстан

В статье представлены описание растительного покрова, распространение, экотипы среды растения, геоботанические характеристики, ядовитые, лекарственные и кормовые угодий, а также ассоциация с растениями Кокбастауского сельского округа. Описывается точка популяции лекарственных растений Кокбастауского сельского округа. Указаны ареал и среда обитания в составе флористической ассоциации лекарственных, ядовитых и кормовых растений. Представлены сведения о флоре и химическом составе лекарственных растений Кокбастауского сельского округа.

Ключевые слова: климат, лекарственное растение, популяция, морфология, форма жизни, экотип.

Кіріспе

Өсімдік әлемін зерттеу және осы негізде пайдалы өсімдіктердің биоәртүрлілігін тиімді пайдалану, қорғау және сақтау жүйесін әзірлеу қазіргі кезеңдегі ботаника ғылымының міндеттерінің бірі болып табылады.

Медицинада емдеу істерін жүргізу, [аурудың](#) алдын алуда қолданылатын шикізаттар дәрілік [өсімдіктер](#). Дәрілік өсімдіктердің басты емдік қасиеті олардың құрамында стероид,

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир [майлары](#) мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін 6000 астам өсімдік түрінің 500 жуығы дәрілік өсімдіктер [1,2].

Дәрілік препараттарды дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Өсімдік шикізатынан жасалған дәрілік препараттар синтетикалық препараттармен қатар жоғары тыныс алу жолдарының ауруларын емдеуде медицинада кеңінен қолданылады. Бұл олардың аз уыттылығымен және жоғары биологиялық қол жетімділігімен байланысты. Дәрілік өсімдіктердің құрамын толықтыру өзекті мәселе болып табылады, өйткені оларға деген сұраныс үнемі артып келеді. Шикізат ресурстарын ұтымды және кешенді пайдаланудың өсіп келе жатқан қажеттілігін ескере отырып, медицинада ішінара пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер ғана ерекше назар аударуға тұрарлық. Көптеген жоғары сатыдағы өсімдіктердің әртүрлі дәрілік пайдалы қасиеттері бар, сондай дәрілік қасиетке ие перспективті ақмия, Бунге киикоты, шілтер жапырақты шәйқурай, жантақ, бакбақ т. б өсімдіктер сипатталған [3,4].

Зерттеу жұмысының мақсаты

Жамбыл облысы, Көкбастау ауылдық округінің антропогендік әсер ету жағдайында, өсімдік жамылғысының геоботаникалық сипаттамасы, өсімдіктер динамикасы, қазіргі жағдайын және дәрілік, улы, малазықтық өсімдіктерін анықтау және зерттеу.

Зерттеу жұмысына қойылған міндеттер мынадай:

1. Көкбастау ауылдық округінің табиғи жағдайларын сипаттау, осы өңірді қорғау, рационалдық қолданысты және де табиғи- климаттық жағдайын қайта қалпына келтіру
2. Көкбастау ауылдық округінің табиғи жем-шөптік, улы және дәрілік өсімдік жамылғысын зерттеу.
3. Көкбастау ауылдық округінің перспективті дәрілік өсімдіктердің экологиялық ерекшелігі мен таралу ареалын анықтау

Көкбастау ауылдық округінің жерінің геоботаникалық сипаттамасы 2019 жылдың шілде айынан бастап зерттеле бастады. Геоботаникалық зерттеу 32054 гектар 1:50000 масштабында жасалған. Зерттеу жұмыстары Көкбастау ауылдық округінің өсімдік жамылғысын зерттеу мақсатында жасалды. Соның ішінде осы өңірді қорғау, рационалдық қолданысты және де табиғи- климаттық жағдайын қайта қалпына келтіру мақсатында табиғи жем-шөптік өсімдік жамылғысы зерттелді. Зерттеу барысында өсімдік жамылғысының құрылымы, типологиялық құрамы, өсімдік түрлерінің шекаралық орналасуы, аумағы, өсімі, жем- шөп сапасы, мәдени жағдайы, жем- шөптің заманауи қолданылуы және де өсімдіктердің рационалды қолданылуы көрсетілді. Егістік зерттеуде барысында 160 кескін қолданылды [4].

Көкбастау ауылдық округі аудан орталығынан 8 шақырым жерге орналасқан. Ол округ 1961 жылы Большевик ауылдық кеңесі болып құрылған. 1993 жылы Көкбастау ауылдық округі болып өзгертілген. 2 орта, бастауыш мектеп, 3 фельдшерлік пункт, 2 мешіт, 4 клуб, 3 кітапхана орналасқан. Округтің жер көлемі 406,6 шаршы шақырым. Ауыл шаруашылық жер көлемі 31 510 га, оның ішінде тәлімдік жер 9079, суармалы 1 342, жайылымдық 2 2388. Көкбастау бұлағы орта ағасырда осы маңда жасаған Баркубас шаһарын сумен қамтамасыз етсе керек. Ал, бүгінде ел табынатын Әулие бастаудың біріне айналған Көкбастау ауылдың оңтүстік қыр жақ бетіндегі жыра қолтығында қайнап жатыр. Аумағы шағын ғана, бұлақ сырттан қарап тұрған жанға адам көзі секілді көрінеді, тура адамның көз қарашығы тәрізді. Ортасы - қайнар, айналасы - ақ кірпіш, жағасы - кірпік тәрізді, суы таза мөлдір, бал татиды, "суы шипалы - асқазан, өт, бауыр, жалпы іш ағзаларына дауа, құрсақ көтермеген әйелдер мен жолы болмай жүргендерге септігі тиеді" - дейді айтушылар. Әулие бастау - жер асты сулары арқылы Түркістан қаласына байланысы бар деген болжамдар да бар [4-6].

Таулы үстірттің климаты қоңыржай континенттік, қаңтардың орташа температурасы -2°C , шілдеде 18°C . Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 400 мм шамасында.

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Климат жағдайлары дәнді дақылдар мен кейбір техникалық (күнбағыс) дақылдарды егуге қолайлы. Ауданның солтүстігінде климат тым континенттік және құрғақ. Қаңтарда -8°C , шілдеде 24°C . Жылдық жауын-шашынның орташа мөлшері 200 мм. Тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде Тянь-Шань, батысында Қаратау, Талас Алатау түзіле бастаған. Көкбастау ауылдық округінің жер бедері таулары 900-1486 м биіктікте орналасқан. Жалпы таулар елді мекеннің солтүстігінде орналасқан. Елді мекеннің орталық бөлігінен Терис өзені ағып жатыр. Көксай 1 және Көксай 2 аумақтары оңтүстік-шығыс жағынан Жуалы ауданымен шекаралас болып келеді. Ауданның таулы үстіртінің сұр топырағында жусан, астық тұқымдас өсімдіктер, боз, селеу, қызғылт қоңыр топырағында түрлі шөптер, бидайық аралас өсімдіктер өседі. Өзен бойларында бұталы тоғайлар (тобылғы, итмұрын, долана, сарыағаш) кездеседі. Тау аңғарларында жабайы алма, алмұрт, үйеңкі, шетен өседі. Ауданның оңтүстік бөлігіндегі Талас Алатауының беткейлері – альпілік және субальпілік шалғын. Бұл өңір Ақсу-Жабағылы қорығының солтүстік бөлігі саналады. Солтүстігіндегі Билікөл қазаншұңқырының сұр топырағында жусан, сораң өсімдіктер, Асы өзенінің аңғарында ши өседі. Көкбастау ауылдық округі гидрогеографиялық жағдайының сипаттамасы [7-12].

Аумақта өте керемет сапалы ауыз суы бар. Үлкен Боқаты және Теріс сияқты ауқымды өзендері бар. Үлкенді-кішілі: Арғыбетсай, Жандарбұлақ, Ергібек, Қашқансай, Құйық сияқты өзендер бар.



Сурет - Көкбастау ауылдық округінің табиғат жағдайы (Борис Златанов, 2019).

Топырақ жағдайы

Жамбыл облысы Көктастау ауылдық округінің топырағы алуан түрлі. Топырақ жамылғысының дамуы ендік бағытындағы зональды және вертикальды белдеулік заңдылықтарға сәйкес дамыған.

Биіктік белдеулік бағытында дамыған топырақ-өсімдік жамылғысының типтері: шөлді, шөлейтті, құрғақ дала, таулы шалғынды-дала, таулы-шалғынды, субальпілік шалғынды-дала, таулы шалғынды және альпілік шалғынды-дала. Бұл топырақ-өсімдік жамылғысының типтері облыс жеріндегі тауларға тән [12-14].

Облыс территориясындағы негізгі топырақ типтерінің таралуы: Шу, Талас өзендерінің төменгі ағысында сондай-ақ Бетпақдала мен Мойынқұмның ойыстарында тақырлар дамыған. Көктемде тақырлар еріген қар суларына толады, оларда лай жиналып балдырлардың өсуіне жағдай туады. Құрғаған соң, тақырларға айналады. Тақырдың қалыңдықтары 20-40 см., оның астында аналық тау жынысы басталады. Қара шірігі аз 0,3-0,8%, тұздылық 20-40 см. тереңдікте 2-2,5%. Тұзды емес тақырларда кездеседі, тұздылығы 1,5 м тереңдіктен басталатын.

Сұр-қоңыр топырақ Бетпақдалада кең тараған. Ерекшелігі – гипс қабатының қалың болуы, 5-50 см. тереңдікте гипс горизонты орныққан, гипстың мөлшері 30-60% шамасында.

Сор тоңды сұр-қоңыр топырақ бор мен палеогеннің конгломерат, сланец, тақтатас, гранит, әктас сияқты тығыз тау жыныстарында дамиды. Алдыңғы топырақтан ерекшелігі карбонатты, саздақты болады. Топырақтың жоғарғы 0-4 см қабатында қара шірік мөлшері 1,2%, 10-12 см. төменгі горизонтында 0-76%.

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өсімдік жамылғысын зерттеліп отырған территорияның орографиясына қарай: шөлді жазық, аласа таулы, тау алды, биік таулы деп қарастыруға болады. Себебі, зональды өсімдік зонасы шөлді болғанмен, шөлдің грунтты территорияның жер бедерінің абсолюттік биіктігі әр түрлі. Ылғалдану режиміне қарай да өсімдік жамылғысы әртүрлі болады.

Шөлді жазықтар мен аласа таулар облыс территориясының басым көпшілігін алады. Шөлдің гидротермикалық режимі, жазғы температурасының өте жоғары болуы, құрғақшылық жағдайы өсімдік жамылғысының эфемерлі және ксероморфоз ерекшеліктерін анықтайды.

Эфемерлі өсімдіктердің вегетациялық периоды қысқа, жылы, ылғалды мерзімде өте шығады. Бір жылдық өсімдіктер эфемерлер мен көп жылдық эфемероидтер күзде жаңбыр жауғанда өне бастайды. Күзде ылғал түскенде өніп-өседі. Өсімдік жамылғысының екінші бір ерекшелігі – ксероморфоз, жазғы ыстық аптапқа төтеп бере алу қабілеті, әрине ол бейімделуден пайда болады. Бейімделудің бірнеше белгілері бар: өсімдік сабақты жіңішке, булануды азайтады, жапырағын да, сабағында түгі бар. Тұзды, сортаңды топырақта галофиттер – сабағы мен жапырағы қалың етті, баяу өседі. Геоботаник З.В. Кубанскаяның (1956 ж.) зерттеулері Бетпақдалада өсімдіктердің алты типін ажыратады: шөлді, шөлді-сараңды, дала, шалғынды, бұталы, сүректі. Шөлді өсімдік типі жусан мен сорандардан тұрады. Солтүстік бөлігінде жусанға астық тұқымдастар (боз, селеу) араласса, ал оңтүстігінде эфемерлер мен эфемероидтер қосылады. Шалғынды өсімдіктер Шу аңғарында – қамыс, түлкіқұйрық, ши қалың өседі. Бетпақдаланың солтүстік-шығысындағы шоқыларда, оның беткейлерінде тобылғы, қараған, жыңғыл, спиреантус, жүзген өскен. Сүректілерден қара сексеуілді атауға болады. Сексеуіл далада жиі өседі. Таулардың аңғарларында жеміс-жидектілерден: алма, алмұрт, үйеңкі, көктерек өседі. Орманды-шалғынды белдеу Қырғыз Алатауының 1500-1700 м. мен 2000-2100 м. биіктіктерінің аралығында қамтиды. Шал және Аспара өзендерінің аралығындағы алқапта астық тұқымдас әртүрлі шөптесінді-шалғынды дала өсімдіктері өседі. Олардың арасында даланың бұталы өсімдігі «розарий» жиі өседі. Тасты беткейлерде ағаш тәрізді және бұталы арша да өседі [15-17].

Өзен аңғарларында, беткейдің етегінде долана, үйеңкі, тобылғы, шиповник, боярник.

Малазықтық өсімдіктер

Аумақта шөлді, жартылай бұталы және дәнді- дақылдар кең таралған. Далалық зерттеу нәтежесінде флоралық зерттеу тізімінде 105 түрлі өсімдіктер анықталды. Соның ішінде 84 туыс, 29 тұқымдас анықталды. Әсіресе, дәнді- дақылдар - 25 түр, күрделігүлділер - 19 түр, раушангүлділер мен бұршақтұқымдастар - 8 түрден, ерінгүлділер - 7 түр, крестгүлділер - 3 түрі кездеседі [17,18].

Өсімдік жамылғысында 24 түр доминатты болып келеді. Көптеген өсімдіктер малазықтық, 27 түр жеуге жарамсыз, 9 түр улы болып келеді. Дәрілік өсімдіктер- 14 түр. Өсімдіктердің басым бөлігінің тіршілік циклі- көпжылдық өсімдіктер, 89 түр. Сонымен қатар, көпжылдық шөптер- 74 түрі және бұталар - 8 түр, ағаштың- 2 түрі бар. Көпжылдық шөптесін өсімдіктерге- дәнді- дақылдар және де күрделігүлділер жатады. Негізгі малазықтық, улы және дәрілік өсімдіктерге қысқаша сипаттама

Малазықтық өсімдіктер: Тянь-Шань шиесі, қамыс (лат. Phragmites) т.б. түрі бар. Ожолжелкен (Psylliostachys) – қорғасыншөптер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Қазақстанда шөлді, таулы аймақтардың сор, сортаңды, құмды, тақырлы жерлері мен сексеуіл өскен алқаптарда кездесетін 2 түрі (жіңішке масақты жолжелкен, Суворов жолжелкені) бар. Олардың биіктігі 5 – 50 (80) см. Жапырақтары тамыр түбінен шығады, қанат тәрізді тілімденген. Тостағанша жапырақшалары түтікті, бес қалақты, түкті. Күлтесі шұңқырлау. Гүлдері ұсақ, қызғылт, ақ немесе қызғылт күлгін түсті. 2 – 4-тен масақ гүлшоғырына топталған. Сәуір – маусым айларында гүлдеп, мамыр – маусымда жемістенеді. Тұқымы жұмыртқа тәрізді, ашық қоңыр түсті, жылтыр [18-21].

Улы өсімдіктер: қырықбуын (лат. Equisetum), жатаған бидайық (лат. Elytrigia repens), жағалық қияқөлең (лат. Carex riparia), майқара (лат. Artemisia pauciflora) т.б. түрлері бар

Гүлкекіре немесе кекіре (лат. Centaurea) – астралылар тұқымдасына жататын бір, екі және көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Сабақтары тік, жатаған, қысқа сабақты

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

түрлері де кездеседі. Жапырақ тақталарының шеттері қауырсын тәрізді терең ойықталған, ұзын сағақты. Майда гүлдері себетгүлге шоғырланады.

Дәрілік өсімдіктер: кәдімгі ақмия немесе софора (*G. alopescuroides*), бунге киікоты, шілтер жапырақты шәйқурай, жантақ (*Alhagi*) т.б. түрлері бар.

Бақбақ (лат. *Taraxacum*) – астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанда 59 түрі бар, оның 23-і сирек кездесетін эндемик өсімдіктер болып саналады. Ең көп тарағандары: дәрілік бақбағы (*T. officinale*), көксағыз бақбағы (*T. kok-saghyz*). Олар шалғынды, көгалды жерлерде, жол жиегінде, тау бөктерлерінде өседі. Биіктігі 4 — 30 см-дей, сабағы қуыс, жапырақсыз, тықыр, сүтті шырынды болады. Жапырақтары қауырсын пішіндес, жиегі тегіс, тамыр мойнына айнала шоғырланады. Гүлдері қос жынысты, сары түсті, тостағанша дөңгеленіп сабақ ұшында орналасады. Сәуір — мамыр айларында гүлдейді, мамыр — маусымда жеміс береді.

Қорытынды: Зерттеу жұмысының көрсетілген бағыттары бойынша Көкбастау ауылдық округінің геоботаникалық сипаттама беріліп, перспективті дәрілік өсімдіктердің таралу аймағы, таксономиясы, экологиясы, қауымдастық және химиялық құрамы берілді. Сонымен қатар малазықтық, улы өсімдіктер анықталды.

Жамбыл облысының Көкбастау ауылдық округінің дәрілік және улы, малазықтық, дәрілік өсімдіктерін анықталып және зерттелді.

Көкбастау ауылдық округінің табиғи жағдайлары сипатталып, осы өңірді қорғау, рационалдық қолданысты және де табиғи- климаттық жағдайын қайта қалпына келтіру мақсатында табиғи жем-шөптік, улы және дәрілік өсімдік жамылғысын зерттеліп, өсімдіктер анықталды [20-22].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Агроклиматические ресурсы Джамбулской области Казахской ССР.* - Алматы: Гидрометеоиздат, 1978.
2. *Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Растения Казахстана. Народные и научные названия.* - Алматы: «Наука», 1997.
3. *Быков Б.А. Геоботанический словарь.* - Алматы: «Наука» КазССР, 1973.
4. *Быков Б.А. Экологический словарь.* - Алматы: «Наука» КазССР, 1988.
5. *Вильнер А.М. Кормовые отравления.* – Ленинград: «Колос», 1974.
6. *Гвоздецкий Н.А., Михайлов Н.И. Физическая география СССР. Азиатская часть.* – М.:«Мысль», 1978.
7. *Кормовые растения сенокосов и пастбищ Казахстана/ Иванов А.И., Ляшенко И.И., Оспанов Б.С., Подольский Л.И.* – Алматы: «Кайнар», 1996.
8. *Иллюстрированный определитель растений Казахстана/ Т.1,2.* - Алматы, 1972.
9. *Инструкция по проведению крупномасштабных почвенных изысканий земель Республики Казахстан.* - Алматы, 1995.
10. *Инструкция по проведению крупномасштабных (1:1000 -1:100000) геоботанических изысканий природных кормовых угодий Республики Казахстан.* - Алматы, 1995.
11. *Карта растительности Казахстана и Средней Азии.* М : 2500000/Под ред. Рачковской Е.И. - Санкт-Петербург: Бот. ин-т им. Комарова, 1995.
12. *Ларин И.В. Кормовые растения лугов и пастбищ СССР.* – М., 1950. - Т. 1-3.
13. *Научно-прикладной справочник по климату СССР/ Серия 3/Выпуск 18.* - Л.: Гидрометеоиздат, 1989.
14. *Основные диагностические показатели почв горных и предгорных территорий Казахской ССР.* – Том II. - Ч. I и II. - Алматы, 1989.
15. *Отчеты по геоботаническим изысканиям территории Жуалынского района Жамбылской области.* - Алматы: Фонд КИО, 2008.
16. *Почвы Казахской ССР. Джамбульская область (выпуск 7.* - Алматы: АН КазССР, 1967.
17. *Рабинович М.И. Лекарственные растения в ветеринарной практике. Справочник.* – Москва: «Агропромиздат», 1987
18. *Растительный покров Казахстана.* - Т. I. - Алматы: «Наука» КазССР, 1996.
19. *Рельеф Казахстана (пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1: 1500000).* - Алматы: «Галым», 1991.
20. *Семенова М.И. Джамбульская область (природа, население и хозяйство).* - Алматы: АН КазССР, 1961.
21. *Вайнагий И.В. К методике изучения семенной продуктивности растений // Ботанический журнал.* — 1974. - № 1. 22. *Мухитдинов Н. М.,*

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

22. Мамурова А.Т. «Дәрілік өсімдіктер» Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындар қауымдастығы, 2013. - 400 б.

Аты-жөні (толығымен): Биеш Гүлнұр Сейсенбайқызы Оқу немес. Қызметі (студенттер үшін - курс), ғылыми дәрежесі, атағы: Геоботаника мамандығы 2-курс магистранты; Электронды пошта (e-mail): biesh_gulnur@mail.ru

Редактор алған 22.05.2020 г.

ҒТАМБ 34.29.35+76.31.31

«РОДНИКОВОЕ» КЕН ОРНЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕР ЖАБЫНЫНДАҒЫ ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

К. Даулет¹, Н.З. Ахтаева¹, К. Усен², А.Т. Мамурова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет, Алматы қ., Қазақстан

²Ботаника және фитоинтродукция институты, Алматы қ., Қазақстан

Мақалада «Родниковое» кен орнының аймағындағы таралған өсімдіктер қауымдастығына сипатама берілді. Топырақ құрылымына байланысты бірнеше қауымдастықтар анықталды. Дала астық тұқымдастары мен әртүрлі шөптер кеңінен таралған. «Родниковое» кен орнының экологиялық жағдайы дала өсімдіктер жамылғысының өсуіне қолайлы. Далалық өсімдіктер жамылғысы көбінесе бұталардың болуымен сипатталады. Далалық эдификаторлардың көпшілігі шалғынды өсімдіктермен араласып өседі. Зерттеу аймағында кездесетін түрлер ішінде үш басым түрі бар туыстар: Poaceae – 16 (14%); Asteraceae – 15 (13%); Rosaceae – 10 (9%). Сондай-ақ, орташа саны бар 10 туыс бар, ал 1-2 түрден тұратын туыстар 27, оның ішінде тек бір ғана түрден тұратын 12 туыс бар. Дәрілік өсімдіктердің көбісі мынадай тұқымдастарға тиесілі: Rosaceae (5), Asteraceae (2), Polygonaceae (4), Lamiaceae (5), Ranunculaceae (2), Fabaceae (4), Liliaceae (3).

Кілттік сөздер: дәрілік өсімдіктер, қауымдастықтар, доминанттар.

STUDY OF MEDICINAL PLANTS IN THE VEGETATION COVER OF THE RODNIKOVOE DEPOSIT

K. Daulet¹, N. Akhtaeva¹, K. Usen², A. Mamurova¹

¹Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty city, Kazakhstan

²Institute of Botany and Phytointroduction, Almaty city, Kazakhstan

The article describes the plant community in the territory of the "Rodnikovoe" site. There were several communities associated with the structure of the soil. The steppe is rich in biodiversity of plants. The ecological condition of the Rodnikov site is favorable for the growth of steppe vegetation. The cover of steppe vegetation is often characterized by the presence of shrubs. Most field edificators grow on meadow vegetation. Among the plants found in the study area, the most common medicinal plants of the three main genera were identified: Poaceae - 16 (14%); Complex flowers - 15 (13%); Pink - 10 (9%). In addition, the most common are 10 genera, 1-2 species are 27 genera and 12 genera are single species. The majority of native plants belong to the following families: Rosaceae (5), Asteraceae (2), Polygonaceae (4), Lamiaceae (5), Ranunculaceae (2), Fabaceae (4), Liliaceae (3).

Keywords: medicinal plants, associations, dominants.

ИЗУЧЕНИЕ ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ В РАСТИТЕЛЬНОМ ПОКРОВЕ МЕСТОРОЖДЕНИЯ РОДНИКОВОЕ

К. Даулет¹, Н.З. Ахтаева¹, К. Усен², А.Т. Мамурова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Институт ботаники и фитоинтродукции, Алматы, Казахстан

В статье описаны растительные сообщества на территории месторождения «Родниковое». Было выявлено несколько сообществ, связанных со структурой почвы. Степь богата биоразнообразием растений. Экологическое состояние Родникового месторождения благоприятно для роста степной растительности. Покрывание степной растительности часто характеризуется наличием кустарников. Большинство полевых эдификаторов растут на луговой растительности. Среди растений, найденных в районе исследования, определены более распространенные лекарственные растения трех основных родов: Poaceae - 16 (14%); Сложноцветные - 15 (13%); Розовые - 10 (9%). Кроме того, среднее распространенные составляет 10 родов, по 1-2 вида составляет 27 родов и единичными видами 12 родов. Большинство местных растений

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

принадлежат к следующим семействам: Rosaceae (5), Asteraceae (2), Polygonaceae (4), Lamiaceae (5), Ranunculaceae (2), Fabaceae (4), Liliaceae (3).

Ключевые слова: лекарственные растения, ассоциации, доминанты.

Кіріспе

Қазақстан - өсімдіктер әлеміне бай. Қазақстанда пайдалы, сонымен қатар зиянды да өсімдіктер кездеседі. Пайдалы өсімдіктердің ішінде маңыздысы дәрілік өсімдіктер болып табылады. Қазақстанда 6000 - нан астам өсімдіктер кездессе, оның 700 - дей түрі дәрілік өсімдіктер болып табылады.

Алтай таулар жүйесі мен Қазақстанның ұсақ төбелері тоғысқан жерде Қалба жотасының аралық орналасуынан, бұл жерде таулы және дала табиғат зоналарының флорасы араласып кездесетіндігі белгілі [1].

Қалба жотасының аумағында өсімдіктер жамылғысының төрт түрі кездеседі: дала өсімдіктері, бұталы тоғай, қылқан жапырақты ормандар, тау шалғындары.

«Родниковое» кен орнының экологиялық жағдайы дала өсімдіктер жамылғысының өсуіне қолайлы. Далалық өсімдіктер жамылғысы көбінесе бұталардың болуымен сипатталады. Далалық эдификаторлардың көпшілігі шалғынды өсімдіктермен араласып өседі.

Далалық өсімдіктер жамылғысы далалық-ксерофильді астық түрлері басым өсімдіктер қауымдастығымен, мезоксерофильді және ксеромезофильді астық өсімдіктермен, мезоксерофильді далалық бұталармен араласқан далалық ксеромезофильді аралас шөптесін өсімдіктермен сипатталады. Далалық өсімдіктер тек тау етегінде ғана емес, сонымен қатар аласа таулардың баурайында да орналасқан.

Зерттеудің мақсаты

«Родниковое» кен орнын фитоценозындағы дәрілік өсімдіктерді зерттеу.

Зерттеу әдістері

Зерттеу процесінде классикалық ботаникалық (бағыт-бағдарлық; эколого-систематикалық; эколого-географиялық) әдістер пайдаланылды. Жұмыс процесінде Ботаника және фитоинтродукция институтының коллекционды қорының (АА) гербарий материалдары зерттелді. Гербарий жинау А.К. Скворцов (1977) әдісі бойынша жүргізілді. Жиналған материалдарды сәйкестендіру үшін фундаменталды еңбектер пайдаланылды: «Флора Казахстана» (1956-1966), «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» (1969; 1972), «Определитель Средней Азии и Казахстана» (1968-1993) [2-4]. Өсімдіктер түрлерін атау С.К. Черепанов (1995) мәліметімен жүргізілді [5]. Өсімдіктер қауымдастықтары дәстүрлі геоботаникалық зерттеулер әдістерін пайдалану арқылы зерттелді [6,7].

Зерттеу нәтижелері

Экспедициялық сапар барысында 2019 жылдың маусым айының басында Родниковое кен орны аумағына геоботаникалық зерттеу жүргізілді. Аумаққа таралған өсімдіктер қауымдастығы сипатталып, түтікті өсімдіктердің флористикалық құрамы анықталды, топырақ микроорганизмдерінің құрамын анықтау үшін топырақ үлгілері алынды.

«Родниковое» кен орнындағы аймағында анықталған өсімдіктердің таксономиялық талдауы көрсеткендей, түрлердің ең көп саны *Asteraceae* (31%), *Rosaceae* (13%), *Fabaceae* (13%), *Ranunculaceae* (13%) тұқымдасына жатады.

Әдебиеттер мен экспедициялық жұмыстар барысында алынған мәліметтерді талдау арқылы тау-кен және тау-кен өндірісі бұзылған жерлерді биологиялық қалпына келтіруге арналған бұталы және шөпті өсімдіктердің перспективті түрлері анықталды.

Зерттеу аймағы Орталық Қазақстанның кіші шоқыларымен (Сарыарқа) біріктірілетін Қалбы жотасының шыңында орналасқан.

Кен орнының жанындағы зерттеу аумағы шөлейт, құрғақ, шалғынды дала, шалғындар мен бұталардың кіші түрлерімен дала өсімдіктерімен сипатталады.

Дала астық тұқымдастары мен әртүрлі шөптер кеңінен таралған (бетеге, қау, сұлы бас шөптері, келлерия, астрагалдың түрлері, қызылбояу, таран, пион және т.б.). Құрғақ дала өсімдіктері каштанды қара топырақтарымен жабылған 600-900 м биіктіктегі төмен таулардың жұмсақ баурайында кең таралған. Өсімдік жабыны бұталармен араласқан бетегелі-қаулы

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

және түпті астық тұқымдастардан - бетеге (*Festuca valesiaca*), қау (*Stipa capillata*) Лессинга қауы (*Stipa lessingiana*) тұратын әртүрлі шөпті қауымдастықтардан құралады (5-сурет). Кей жерлерінде олармен бірге дала астық тұқымдастары мен әртүрлі шөптер араласады – қара тоған (*Coeleria cristata*), шалғындық сұлыбас (*Helictotrichon altaicum*), зизифора (*Ziziphora clinopodioides*), таушымылдық теңіз түбірі (*Paeonia anomala*), тобылғы (*Potentilla*), қызыл пияз (*Galantium*), ирис (*Iris scariosa*), мыңжапырақ (*Achillea millefolium*), қалампыр (*Dianthus rigidus*), салвия (*Salvia stepposa*) және басқалары.

Құрғақ даланың фондық өсімдіктері ретінде түпті астық тұқымдастардан басқа бұталар - қарағана бұтасы (*Caragana frutex*) және тобылғы (*Spirea hypericifolia*) кеңінен таралған.

Шөл далалар қиылысты алқаптардың биік элементтері бойымен және кішігірім төбешіктердің оңтүстік-шығыс беткейлерінде дамыған, олар дамымаған қара каштан топырақтарында өсетін түпті астық тұқымдастар және жусанды –бетегелі-қаулы өсімдіктер қауымдастықтарынан тұрады.

Қауымдастықтың доминаттары бетеге, қау, тарғақ шөп және кей жерлерінде жусандар таралған (*Artemisia rigida*, *A. gracilescens*). Қауымдастықтың құрамында едәуір көп кездесетіндер – шалғындық сұлыбас (*Helictotrichon altaicum*), тарлау (*Pstahyrostachys juncea*) және алуантүрлі шөптер - жұпар иісті қызылбояу (*Galium odoratum*), жоңышқа (*Medicago*), мыңжапырақ (*Achillea*), шалвен (*Salvia*), эспарцет (*Onobrychis sativa*) және басқалардан тұрады (5 сурет). Сондай-ақ сирек түрде қарағана (*Caragana frutex*) және тобылғы (*Spirea hypericifolia*) бұталары кездеседі.



Түпті - астықтұқымдасты қауымдастық



Тобылғылы-бұталы қауымдастық



Бетегелі қауымдастық



Жуан сабақты астықтұқымдастар қауымдастығы



Шалғындық баймана – Сердечник луговой (*Cardamine pratensis*) микроценозы



Микроптоптар

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зерттеу аймағы бойынша әдеби деректер, гербарилік жинақтар пайдалана отырып кездесетін және кездесуі мүмкін түрлердің талдау жасалды. Зерттеу аймағында кездесетін түрлер ішінде үш басым түрі бар туыстар: Rosaceae – 16 (14%); Asteraceae – 15 (13%); Rosaceae – 10 (9%). Сондай-ақ, орташа саны бар 10 туыс бар, ал 1-2 түрден тұратын туыстар 27, оның ішінде тек бір ғана түрден тұратын 12 туыс бар.

Барлық түрлерді тіршілік формаларына қарай жіктегенде экспедиция нәтижесі бойынша тізім: біржылдық – 29; көпжылдық – 10; бұташық – 5; жартылай бұта – 4; бұта – 2; ағаш 2.

Қалба жотасының соқпақтарында сәндік өсімдіктердің 18 түрі анықталған. Ағаштардың арасында арша, долана, бұталар арасында тобылғы және ит мұрындар бар. Сәндік шөптесін өсімдіктер: *Trollius altaicus*, *Paeonia anomala*, *P. hybrida*, *Iris rutenica*, *Iris ludwigi*, *Clematis integrifolia*, *Lilium martagon*, *Erythronium sibiricum*, *Primula pallasii*, *Delphinium datum* және т.б.

Құрамында илік заттары бар өсімдіктердің 10 түрі анықталды: *Rumex crispus*, *Rheum altaicum*, *Potentilla anserine*, *Potentilla chrisantha*, *Geum rivale*, *Sanguisorba officinalis* және т.б.

Дәрілік өсімдіктердің көбісі мынадай тұқымдастарға тиесілі: *Rosaceae* (5), *Asteraceae* (2), *Polygonaceae* (4), *Lamiaceae* (5), *Ranunculaceae* (2), *Fabaceae* (4), *Liliaceae* (3).

Кен орнының жанындағы дәрілік өсімдіктердің құрамы мен таралуы салыстырмалы түрде нашар болып келеді.

Дәрілік өсімдіктер олардың пайда болу деңгейіне және қорларға байланысты 3 топқа бөлінді.

Өнеркәсіптік тұрғыдан қолданылатын өсімдіктер: *Tanacetum vulgare* L., *Achillea millefolium* L., *Urtica dioica* L., *Leonurus turcestanicus* V. Krecz. et Kuprian, *Delphinium elatum* L.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзағалиева А. Б. Дәрілік өсімдіктердің ресурстары. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. - 316 б.

2. Флора Казахстана. – Алма-Ата, 1956-1966. - Т. 1-9.

3. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. - Алма-Ата, 1969, 1972. – Т. 1-2.

4. Определитель растений Средней Азии. - Ташкент, 1968-1993. – Т. 1-10.

5. Черепанов С.К. Сосудистые растения России и сопредельных государств (в пределах бывшего СССР). - СПб, 1995. – 992 с.

6. Карамышева З.В., Рачковская Е.И. Опыт крупномасштабного геоботанического картографирования (на примере растительности юго-западной части Центрально-Казахстанского мелкосопочника) //Принципы и методы геоботанического картографирования. – М. – Л., 1962. - 6 с.

7. Сочава В.Б. Геоботаническое картографирование //Классификация растительности как иерархия динамических систем. - Ленинград, 1972. - С. 3–38.

Корреспонденция үшін автор: Ахтаева Нұрсұлу Зияханқызы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биологтар факультетінің және биоресурстар кафедрасының доценті; akhtaeva74@gmail.com

Редактор алған 23.05.2020 ж.

FTAMP 582.5/8

ONOSMA GMELINII LDB. ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНЫҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

З. Дузелова¹, Н.З. Ахтаева¹, А.Т. Мамурова¹, Л.Н. Киекбаева², С. Шилов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет, Алматы қ., Қазақстан

²Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы қ., Қазақстан

Мақалада Қазақстан Республикасының Батыс Тянь-Шаньда, Алматы облысының биік тауларында аймағында *Onosma gmelinii* өсімдігінің анатомиялық және морфологиялық ерекшеліктері зерттелді. Дәрілік шикізат ретінде диагностикалық белгілері анықталды. Жапырақ сыртында түктерінің түрлері анықталды.

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Негізгі сандық және сапалық ерекшеліктеріне толық сипаттамалар берілген. Жапырақтардың пішіні, сабақтарының пішіні, тостағанша көлемі, сондай-ақ гүл шоғырының түсі сәйкестендіру үшін пайдалы сипаттамалар болды.

Onosma gmelinii жер үсті бөлігінің морфологиялық, анатомиялық белгілерін зерттеу нәтижелері кептірілген шикізатты стандарттауда пайдаланылады. Алынған деректер негізінде *Onosma gmelinii* жерүсті бөлігі туралы монография жобасы қалыптасады, бұл фармакогнозиялық бөлімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясына қосу үшін керек.

Кілттік сөздер: *Onosma gmelinii*, анатомия, морфология, диагностикалық белгілер.

BIOLOGICAL FEATURES OF MEDICAL DISEASE ONOSMA GMELINII LDB. AND DIAGNOSIS PIPIZNAKI LEKAPSTVENNOGO PASTITELNOGO SYPYA

Z. Duzelova¹, N. Akhtaeva¹, A. Mamurova¹, L. Kiekbaeva², S. Shilov²

¹Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty city, Kazakhstan

²Kazakh National Medical University named after A. Asfendiyarova, Almaty city, Kazakhstan

The article is devoted to the study of diagnostic signs of medicinal raw materials *Onosma gmelinii*. Morphological and anatomical study of plant raw materials of the above-ground organs *Onosma gmelinii*, growing in the deltas of the river Ili in the phenological phase of flowering. The first described diagnostic macroscopic and microscopic signs of dried raw material of the plant *Onosma gmelinii*.

Keywords: *Onosma gmelinii*, anatomy, morphology, diagnostic signs.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТЕНИЯ ONOSMA GMELINII LDB. И ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

Дузелова З.¹, Ахтаева Н.З.¹, Мамурова А.Т.¹, Кiekбаева Л.Н.², Шilов С.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный медицинский университет имени А. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

Статья посвящена исследованию диагностических признаков лекарственного сырья *Onosma gmelinii*. Проведено морфологическое и анатомическое исследование растительного сырья надземных органов *Onosma gmelinii*, произрастающей в дельтах реки Или в фенологическую фазу цветения. Впервые описаны диагностически значимые макроскопические и микроскопические признаки высушенного сырья растения *Onosma gmelinii*.

Ключевые слова: *Onosma gmelinii*, анатомия, морфология, диагностические признаки.

Кіріспе

Өсімдік ресурстарын ұтымды пайдалану және сақтау мемлекетаралық деңгейдегі жаһандық проблема болып табылады. Дәрілік препараттарды алу кезінде өсімдік шикізатын пайдалану және пайдалы түрлерді енгізу тұрақты шикізат базасын құру кезіндегі маңызды кезең болып табылады. Қазақстанда отандық фармацевтикалық өнеркәсіп әлсіз және Республиканың қажеттілігін 5%-дан аспайтын көлемде қанағаттандыруға қабілетті. Қазіргі таңда фармацевтік өнеркәсіпті дамыту, сонымен қатар шикізат пен субстанциядан дайын дәрілік түрлерге дейін өндірістің толық циклін құру мәселесі ауқымды болып тұр.

Өсімдік тектес дәрілік заттар препараттар арасында маңызды орын алады. Әсіресе синтетикалық заттармен емдеуге болатын токсикоаллергиялық аурулардың өсуіне байланысты. Соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйенсек, дәрілік өсімдіктер өздерінің емдік қасиеттерімен синтетикалық заттарға қарағанда адам ағзасындағы биологиялық белсенді заттар кешенімен эволюциялық және генетикалық жағынан ұқсас екендігін көрсетті. Терапиялық және реттеушілік әсер ететін өсімдік тектес дәрілік заттар ағзадағы алмасу процестеріне әсер етеді, оның қорғаныш қасиеттерін және лейкоциттердің фагоциттарлық қызметін арттырады [1-3].

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанның дәрілік препараттарды алу үшін пайдаланылатын, құрамында алколоидтары бар дәрілік өсімдіктері, биологиялық белсенді қосылыстарға бай, әлемдік нарықта сұранысқа ие бағалы шикізат болып табылады.

Құрамында алкалоид бар өсімдіктердің түрлік әртүрлілігі және фитохимиялық зерттеулер өсімдіктердің перспективалық түрлерін пайдалану мен сақтау және өсімдік шикізатының негізі бойынша жаңа фитопрепараттарды алудың алғышарттарын жасайды.

Перспективті емдік өсімдіктердің арасында *Onosmagemelinii* түрлерінің биологиялық белсенді заттарының әртүрлілігімен және көп мөлшерде кездесуімен практикалық қызығушылық тудырып отыр. *Onosmagemelinii* химиялық құрамын зерттеу, биологиялық белсенді заттарды бөлу әдістерін әзірлеу, биологиялық қызметті зерттеу және жаңа дәрілік заттар мен фитопрепараттарды әзірлеу өзекті мәселе болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысының жаңашылдығы мен бәсекеге қабілеттілігі жоғары. Жаңа отандық препараттарды жасау перспективасы ұсынылып отырған ғылыми зерттеулердің жоғары ғылыми-техникалық деңгейін көрсетіп отыр.

Зерттеу мақсаты

Onosma gmelinii дәрілік өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- *Onosma gmelinii* дәрілік өсімдігінің биологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- диагностикалық белгілерін анықтау үшін морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін талдау.

Зерттеу объектісі мен әдістері

Зерттеу нысаны - 2019 жылы Батыс Тянь-Шаньда, Алматы облысының биік тауларында гүлдеу кезеңінде жиналған *Onosma gmelinii* өсімдігінің жер үсті бөлігі.

Тұқымдас: *Boraginaceae* - Айлауықтар.

Туыс: *Onosma* — Айлауық.

Түр: *Onosma gmelinii* Ldb. – Гмелин айлауығы.

Зерттеу жүргізген кезде бастапқы шикізат материалын жинау далалық геоботаникалық зерттеулердің жалпы қабылданған және классикалық әдістемелеріне сәйкес жүргізілді [1]. Алғашында өсімдіктерде вегетативтік және репродуктивті ағзалардың сыртқы морфологиялық сипаттамаларының толық сипаттамасы бинокулярды пайдалана отырып орындалды. Анатомиялық зерттеулер Р.Р. Барыкинаның жалпы қабылданған әдістемелеріне сәйкес жүргізілді. Анатомиялық препараттар қолмен және ТОС-2 мұздатқыш құрылғысы бар микротомның көмегімен дайындалды. Бояу флороглюцин ерітіндісімен және күкірт қышқылымен жасалды. Микрофотография МС-300 микроскопында фотокамерамен түсірілді (ұлғайтылу x180, 720). Алынған нәтижелерді математикалық өңдеу компьютерлік бағдарлама көмегімен жүргізілді [2].

Жұмыс нәтижелері

Макроскопия Onosma gmelinii Ldb. – Гмелин айлауығы

Гмелин айлауығы биіктігі 20-50 см болатын көпжылдық өсімдік. Тамыр жүйесінің құрылымы кіндік тамыр болып табылады, негізгі тамырдың жоғарғы бөлігінде жапырақтардың қалдықтарымен жабылған бұтақты каудекс қалыптасқан, ол шөптесін өсімдіктердің өсу тәртібінен ауытқыған төменгі көпжылдық бөліктерінің жиынтығын көрсетеді (1,3-сурет).

Жіңішке тамырдан бірнеше бұтақтанбаған сабақтар шығады. Сабақтары жұқа ұзын түктермен тығыз жабылған (1,4-сурет).

Тамыр маңы жапырақтары ұзартылған, қалақшалы-ланцетникті, ұзындығы 15 см-ге дейін, ені 1,5 см-ге дейін, біртіндеп ұзын түкті қысқа сағаққапен аяқталады (2,6-сурет).

Сабағындағы жапырақтары жоғары бағытталған, ұзындығы 3-4 см, ені 0,4-0,6 см. Жапырақтары сағақсыз, үшкір. Сыртынан ұзын және қысқа жартылай үшкір түктермен

ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

жабылған. Жоғарғы түктері қысқа, сарғыш түсті жиі орналасқан, түктердің арасында-әлсіз қатты түкшелер байқалады (1,5,7-сурет).

Гүл шоғыры шокпарбас, 1-2 бұйрадан тұрады. Гүл сағағының ұзындығы 2-3 мм, ұзын түкті. Гүл серіктері ланцетникті, түкті, тостағаншадан қысқа болып келеді. Тостағанша ұзындығы 12-17 мм, таспалы өткір болады. Гүл күлтесі кең түтікті, қоңыр түсті, ұзындығы 25 мм (1-сурет).



1 сурет - Гербарий *Onosma gmelinii*.



2 сурет—Тамыр алқымындағы жапырағы *Onosma gmelinii*.




3 сурет—Жерасты бөлігі *Onosma gmelinii*.


Жаңғақшалары ұзын, ұзындығы 5 мм., тегіс, жылтыр. Гүлдейтін кезеңі - мамыр – шілде айлары. Тасты беткейлермен, таулы аймақ жартастарында өседі.



4 сурет—Сабақтың сыртындағы түктерінің құрылымы.





Жапырақтың үстіңгі бөлігі




Жапырақтың астыңғы бөлігі

5 сурет- Ортаңғы ярус жапырақ түктерінің морфологиясы.



6 сурет – Төменгі ярус жапырағының түктерінің морфологиясы.



7 сурет – Жапырақтың түгі.


ТӘЖІРИБЕЛІК МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Анатомиялық зерттеу жүргізу кезінде келесі нәтижелер алынды.


Жапырақ микроскопиясы.

Көлденең кесіндіде жапырақ дорзовентральды типті. Жабынды ұлпасы эпидерма көп санды көп клеткалы жәй түктермен қапталған. Жоғарғы эпидерманың қалыңдығы $0,07 \pm 0,01$ мкм. Төменгі эпидерманың қалыңдығы $0,06 \pm 0,01$ мкм. Эпидерма сыртынан кутикуламен қапталған (7, 8, 9-сурет).

Мезофилл палисадты және борпылдақты деп ажыратылады. Палисадты мезофилл екі қатар жоғарғы эпидерманың астында орналасқан. Жасушалар бір-біріне тығыз, құрамында хлоропластары бар. Борпылдақ мезофилл ассимиляциялық борпылдақ паренхимадан құралған, жасушалары тірі, жұқа қабырғалы, дөңгелек пішінді. Мезофильдің басты жасуша талшықтары колленхиматозды қалыңдатылған. Орталық талшықтары аумағында бір коллатералды өткізгіші шоқ орналасқан. Өткізгіш шоқ тек флоэмадан және ксилемадан тұрады. Ксилема жоғарғы жағына, ал флоэма жапырақ пластинасының төменгі жағына бағытталған. Өткізгіш шоқтың айналасында механикалық ұлпа - склеренхима орналасқан. Склеренхиманың қалыңдығы $0,24 \pm 0,02$ мкм.



1-астыңғы эпидермис, 2- жоғарғы эпидермис, 3- флоэма, 4- ксилема, 5- склеренхима.
7 сурет – *Oposta gmelinii* жапырағының анатомиялық құрылысы (x180).



1-флоэма, 2 ксилема, 3- склеренхима.

8 сурет – Жапырақ орталығының анатомиялық құрылысы (x720).



9 сурет – Жапырақ түктерінің типтері (x720).

Кесте – *Onosma gmelinii* жапырағының морфометриялық ерекшеліктері.

Склеренхима қалыңдығы, мкм	Жоғарғы эпидерма қалыңдығы, мкм	Астыңғы эпидерма қалыңдығы, мкм
0,24±0,02	0,07±0,01	0,06±0,01

Қорытынды

Біздің зерттеулеріміз *Onosma gmelinii* және оның түрлерін ажырату үшін сапаны бақылау ретінде пайдаланылуы мүмкін құнды базалық ақпаратты ұсынады. Өсімдіктердің аутентикалық дарақтарын морфологиялық зерттеу және далалық бақылау негізінде.

Негізгі сандық және сапалық ерекшеліктеріне толық сипаттамалар берілген. Жапырақтардың пішіні, сабақтарының пішіні, тостағанша көлемі, сондай-ақ гүл шоғырының түсі сәйкестендіру үшін пайдалы сипаттамалар болды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде *Onosma gmelinii* жер үсті мүшелерінің негізгі диагностикалық белгілері анықталды. Оларға бір клеткалы басы және көп клеткалы аяқтары бар қарапайым бір клеткалы түктермен және безді түтіктер жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Блажей А., Шутый Л. Фенольные соединения растительного происхождения: Пер. словацк. – М.: Мир, 1977. - 236 с.
2. Каухова И.Е. Новая методика получения растительных препаратов// Фармация. - 2006. - № 1. - С. 37.
3. Мошкова Л.В., Садоян В.А. Ассортимент биологически активных добавок к пище // Новая Аптека. Приложение. - 2005. - № 5. - С. 33.

Корреспондент автор: Ахтаева Нұрсұлу Зияханқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биоранообразование және биоресурстар кафедрасының доценті, akhtaeva74@gmail.com

ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАҒДАЙ

Поступила в редакцию 05.02.2020 г.

МРНТИ 76.29.35

УДК 616.23-085

ПРИМЕНЕНИЕ ПРЕПАРАТА ТИОТРОПИЯ БРОМИДА В ТЕРАПИИ БОЛЬНОГО ХОБЛ СРЕДНЕТЯЖЕЛОГО ТЕЧЕНИЯ

В.А. Ткачев, Г.С. Хусаинова, Ш.Б. Сулейменова, Г.Б. Курманова, Г.К. Нуркенова, Г.К. Рахимбекова

НАО «Медицинский университет», Нур-Султан, Казахстан

В статье представлен клинический случай больного с ХОБЛ в сочетании с сердечной недостаточностью. Доказана эффективность препарата тиотропия бромид в лечении больного со среднетяжелым течением ХОБЛ.

Ключевые слова: хроническая обструктивная болезнь легких (ХОБЛ), бронхорасширяющие препараты, ингаляционные препараты, фармакодинамика.

THE USE OF THE DRUG TIOTROPIUM BROMIDE IN THE TREATMENT OF A PATIENT WITH MODERATE SEVERITY COPD

V. Tkachev, G. Husainova, Sh. Suleymenova, G. Kurmanova, G. Nurkenova, G. Rakhimbecova

NcJSC «Astana medical university», Nur-Sultan city, Kazakhstan

The article presents clinical case of patient with COPD and combined heart failure. Have proven efficiency of the medicine tiotropium bromide in treatment of patient with moderate severity COPD.

Keywords: chronic obstructive pulmonary disease (COPD), bronchodilator preparations, inhalation medicine, pharmacodynamics.

СӨОА ОРТАША ДӘРЕЖЕДЕГІ АУЫРЛЫҚТАҒЫ НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУ ТЕРАПИЯСЫНДА ТЕОТРОПИЯ БРОМИД ДӘРІСІН ҚОЛДАНУ

В.А. Ткачев, Г.С. Хусаинова, Ш.Б. Сүлейменова, Г. Курманова, Г.К. Нуркенова, Г.К. Рахимбекова

«Астана медицина университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Бұл мақалада өкпенің созылмалы обструктивті ауруымен жүрек жетіспеушілігі бар науқастың клиникалық жағдай көрсетілген. СӨОА орташа дәрежедегі ағымындағы науқасты емдеудегі тиотропия бромид дәрісінің нәтижелігі дәлелденген.

Түйінді сөздер: созылмалы обструктивті өкпе ауруы (СӨОА), бронходилатикалық препараттар, ингаляциялық дәрілер, глюкокортикостероидтар, фармакодинамикасы.

Хроническая обструктивная болезнь легких (ХОБЛ) - широко распространенное заболевание, являющееся одной из основных причин заболеваемости и смертности населения, также является причиной ранней инвалидизации и значительных медицинских расходов. Первым проявлением заболевания обычно бывает хронический кашель (с мокротой или без нее), который вначале может быть непостоянным, но с течением времени становится постоянным на протяжении суток [1,2].

Современные подходы к лечению больных ХОБЛ определяются степенью тяжести заболевания и ответом на предложенную терапию. Главным в терапии ХОБЛ являются бронходилататоры. В подтверждение вышеизложенного представляем демонстрацию наблюдения пациента с ХОБЛ в сочетании с сердечной недостаточностью [3-5].

Ниже представлен клинический случай пациента с ХОБЛ в сочетании с сердечной недостаточностью.

Пациент Б., 57 лет доставлен каретой скорой помощи в приемный покой ЦДБ г. Нур-Султан в октябре 2019 г. с жалобами на кашель с кровохарканьем, одышку, усиливающуюся при физической нагрузке, чувство нехватки воздуха, общую слабость.

ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАҒДАЙ

Из анамнеза известно, что пациент страдает ХОБЛ в течение 10 лет, регулярно принимает базисную терапию: симбикорт 320/9мкг. по 1 вд. х 2 раза в день (или серетид мультидиск 500/50мкг. по 1 вд. х 2 раза в день), беродуал ситуационно. Данное обострение отмечает в течение 7 дней, когда усилились одышка, кашель с трудно отделяемой гнойной мокротой. К врачам не обращался, дома принимал ингаляции беродуала. Однако ингаляционная терапия оказалась безуспешной в связи с чем была вызвана карета скорой помощи. Был госпитализирован в пульмонологическое отделение ЦДБ.

На момент поступления состояние средней тяжести, обусловленное бронхообструктивным синдромом. Сознание ясное. Удовлетворительного питания. Дыхание через нос затруднено. Грудная клетка эмфизематозной формы. Перкуторно: коробочный звук. Аускультативно: жесткое дыхание, единичные сухие хрипы. ЧДД 25 в мин. Тоны сердца приглушенные, ритм правильный. АД 110/87 мм. рт. ст. ЧСС 85 уд в мин. Язык влажный, чистый. Зев гиперемирован. Живот мягкий, безболезненный. Печень не увеличена. Селезенка не увеличена. Стул в норме. Симптом поколачивания отрицательный. Мочеиспускание свободное, безболезненное. Диурез в норме. Отеков нет.

